

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Т.Н.Ермекова, К.Ә.Бертилеуова, Р.Н.Мұнасаева

ҚАЗАК ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының
жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық

11



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Е 69

Ермекова Т.Н. ж.б.
Е 69 Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық. / Т.Н.Ермекова, К.Ә.Бертилеуова, Р.Н.Мұнасаева. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2020. – 144 бет.

ISBN 978-601-318-295-7

Оқулықта оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге машиқтандыратын, сонымен бірге қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тапсырмалар қамтылды.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-318-295-7

© Ермекова Т.Н.,
Бертилеуова К.Ә.,
Мұнасаева Р.Н., 2020
© «Арман-ПВ» баспасы, 2020

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатының көшіріп басуға болмайды

Оқулықта қолданылған шартты белгілер:



Грамматикалық материалдар. Анықтамалар, ережелер



Шешендік сөздер. Шешендік сөздер туралы ұғым-түсінік



Грамматикалық материалдарға, шешендік сөздерге қатысты тапсырмалар



Ойтұрткі. Тақырыпқа бағдар беретін сұрақтар



Оқылым. Оқулықта ұсынылған тақырыптар бойынша танымдық мәтіндер



Тыңдалым және айтылым. Аудиомәтіндер бойынша берілген тапсырмалар



Жазылым. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде езіндік түжірым жасауга бағытталған жаттығулар



Әдеби тіл нормалары. Тілдік сауаттылықты арттыруға арналған жаттығулар



Сұхбат. Сұрақ-жаяуп түрінде тілдік қарым-қатынасқа түсуге арналған тапсырмалар



Гибратты сөз. Тағылымы молданалық сөздер



Артық болмас білгенің. Тақырып бойынша тың деректер, қызық мөліметтер



Ізденімдік тапсырма. Ақпараттық деректерді іздең тауып, зерттеу жүргізуге бағытталған тапсырмалар



Жағдаяттық тапсырма. Турлі жағдаяттарда шешім қабылдауға дағдыландыратын тапсырмалар



Топтық тапсырма. Топқа бөлініп орындалатын тапсырмалар



Үй тапсырмасы. Тақырып бойынша алған білім негізінде үйде орындалатын тапсырмалар

Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны artman-rv.kz сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады



Алғы сөз

Қымбатты оқушылар!

Қазақстан Республикасының азаматы ретінде мақтан ететін мына мәлімет естерінде жүрсін: еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішінде тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдылығы жағынан алдыңғы қатардан орын алатын тіл. Сондай-ақ ол дүниежүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жұз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жұз тілдің қатарында тұр. Осындай тілдің мұрагері болу, оның грамматикалық құрылымы мен тіл байлығын игеру үлкен мәртебе және жауапты іс екенін түсінген боларсындар?!

«Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешені оқулықтан, электронды қосымшадан (СД дискі), Мұғалім кітабы мен Дидактикалық материалдардан тұрады. Қолдарындағы оқулық ана тілінің құдретін сезіндірумен бірге, сендердің тұлға ретінде, қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасуларыңа көмегін тигізеді, мәтіндердегі ақпараттар сендердің танымдарында кеңейтеді. Қазіргі заман оқушыдан көп ізденуді, жалықпай үйренуді талап етеді. Сол себепті оқулықта қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тапсырмалар да берілді. Оқулықтан алған білімдерінді құнделікті өмірде қолдана білуге тырысындар.

Халқымыздың өмірінде шешендік сөздер ерекше орын алады. Шешендік сөздің сүйенер дәлелі мықты, эстетикалық қасиеті, тәрбиелік мәні басым сөз екенін белгілі ғалым, академик Р.Сыздық баса айтқан. Оқулықты меңгеру барысында халықтың тіршілігі мен түрмисындағы, тарихы мен тағдырындағы түрлі мәселелер жөнінде ойталқы, ойкөкпар, пікір алмасу, пікірсайыс және әңгіме үйімдастыру арқылы сынни пікір айта білуге дағыланасындар. Ендеше, еркін ойлап, дербес пікір айту үшін шешендерден үйрене жүріп, сөз мәнерлілігін сақтай отырып, үздіксіз сөйлеп жаттығу арқылы шешен бола аласындар. Нәтижесінде ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе алатын, ой-өрісі дамыған, туындаған мәселелерді еркін шеше біletін, шынайы өмірге бейім, жаңашыл жеткіншек болатындарыңа сенеміз.

Тіл әлеміне қош келдің, саналы үрпақ!

I

БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАН БҮГІНГІ ӘЛЕМДЕ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сендер:

- қазақ халқының басынан кешкен қылыштарынан көзендер, еліміздің ұлы тұлғалары жайында білесіндер;
- Қазақстанның бүгінгі таңда жеткен жетістіктерімен танысасындар;
- 9–10-сыныптарда әтілген материалдарды еске түсіріп, мәтінге тезис пен аннотация жазасындар;
- ғылыми стильдің зерттеу нысаны, қолданылатын орны, мақсаты, тілдік амал-тәсілдерімен таныс боласындар;
- шешендік өнер тарихы, оның негізін қалаушылар, шешендік өнер негіздері жөнінде ақпаратты менгересіндер.

Уақыт қарқыны – зымыран. Құні кеше өткен уақыттар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді... Ең қызын белестерден аса білдік. Ең қызын жылдар артымызда қалды, сондықтан мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.

Нұрсұлтан Назарбаев

§1.

Қазақ хандығының негізін қалаушылар



Ғылыми стиль

Ғылыми стиль ғылымның әр саласында жазылған еңбектерде қолданылады. Бұл стильге нақтылық, логикалық, мазмұн дәлдігі тән. Ғылыми стиЛЬДІК лексикасындағы ерекшеліктер: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жүмсалады, көпмағыналы, образды сөздер аз кездеседі. Сөйлемдегі сөздердің қалыпты орын тәртібі, тіл нормасы қатаң сақталады және ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделеді.

Монография, оқулық, мақала, ғылыми есеп, диссертация, реферат, баяндама, тезис, патент т.б. ғылыми стиЛЬДЕ жазылады.

Мақсаты	Заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін ашып, мәлімет беру.
Қолданылу аясы	Ғылыми еңбектерде, зерттеулерде – жазбаша түрі; ал ғылыми мәжіліс, кеңес т.б. – ауызша түрі.
СтиЛЬДІК сипаты	Ресми, анық, дәл, нақты, дәлелді.



1. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларынды ортаға салындар.
 1. Қазақ халқының тарихы қай кезеңнен басталды?
 2. Қазақ хандығын құрган тарихи тұлғалар, олардың үлтывымыздың қалыптасуындағы рөлі жайлыш не білесіндер?
2. Мәтіндерді оқып, ғылыми стиЛЬГЕ тән өзіндік ерекшеліктерді анықтаңдар.



Керей хан

Керей хан – Қазақ хандығының негізін қалаушы екі тарихи тұлғаның бірі, алғашқы қазақ ханы. XV ғасырдың 50-жылдары Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде Керей ханның есімі туысы Жәнібек ханмен бірге Қазақ хандығының құрылуына қатысты оқиғаларда алғаш рет атала бастайды. Онда Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанның батысындағы Шу бойы мен Қозыбасы өңірі аралығына келіп қоныстанғаны баяндалады.

Фылыми мәліметтер бойынша, Керей хан мен Жәнібек хан қол астындағы ру-тайпалармен 1457 жылдың күздінде Шу өңіріне көшіп келген. Ал 1458 жылдың көктемінде Керейді хан етіп көтерді. Аз уақыт ішінде Қазақ хандығындағы халықтың саны 200 мыңдан асады.

«Тауарих-и гузида-йи нусратнаме» дерегінде қазақ хандары ретінде Керей хан мен Жәнібектің есімдері аталса, «Фатхнама», «Шайбанинаме» деректерінде тек қана Жәнібек ханның есімі кездеседі. Дегенмен Керей хан есімі тарихи деректерде соңғы рет 1472–1473 жылдары Жұніс хан ордасына Бұрыш оғлан деген сұлтанның шабуыл жасауына байланысты аталады. Соған қарағанда Керей хан 1470 жылдың басында қайтыс болған. Аңыз бойынша, Керей хан Қазақ хандығын 10 жылдай билеген және Хан тауы етегінде жерленген.

Жәнібек хан

Жәнібек (Әбусаид) – Қазақ хандығы мен қазақ хандары өuletінің негізін қалаушы, Барақ ханның ұлы, Орыс ханның шөбересі. XV ғасырда өмір сүрген. 1450 жылға дейінгі өмірі мен қызыметі туралы нақты деректер жоқ. Әбілқайыр хан өлімінен кейін хан тағы үшін болған өзара қырқысулар Дешті Қыпшақта өрши түседі. Оған Жәнібек хан мен Керей хан да араласып, Әбілқайыр мұрагері Шейх-Хайдар ханмен кескілескен шайқасқа түседі. Өз өміршілері тарапынан ешқандай көмек ала алмаған Шейх-Хайдар билік үшін күресте жеңіліске үшырады. Бұдан кейін Дешті Қыпшақтағы билік Жәнібек хан мен Керей ханның қолына өтеді. Билік үшін болған күрес нәтижесінде Қазақ хандығы құрылды. XV ғасырдың орта шенінде ежелден Жетісу өңірін мекендеген түркі тайпалары бір этникалық топқа біріге келе, қазақ халқын құрады. Жәнібек хан мен Керей хан Жетісу өңірі, Шу мен Талас өзендерінің бойын мекендеген қазақтардың басын қосуда көп еңбек сіңірді. Бұл мақсатпен олар өзара қырқысуларды басып, ірі феодалдарды маңайына топтастырды.

Жәнібек ханның өмірінің соңғы жылдары мен өлімі туралы деректер жоқ. Оның есімі тарихи деректерде соңғы рет 1473 жылы кездеседі. Жәнібек хан жиі болатын шайқастардың бірінде қаза тапқан деп болжауға болады. Халық аңыздарында Жәнібек ханды «Әз Жәнібек» деп атаған.

(«Қазақ елінің ұлы тұлғалары» энциклопедиясынан)



Ойталқы (диспут)

Ойталқы (лат. *disput* – «таласамын») – ғылыми немесе қоғамдық мәселені көпшілік алдында талқылайтын пікірталастың түрі. Ойталқы ғылыми диссертациялар қорғау көнестерінде, белгілі бір салаға байланысты даулы мәселені немесе өнер туындысын талқылау жиындарында жүзеге асырылады. Ойталқыға жиналған қауым өз көніліндеңі күмәнді, екіұшты ойларын нақтылау, ортақ шешімін қарастыру, мәселенің шынайы мүмкіндіктерін іздестіру мақсатында бас қосады. Ортақ шешімге келмеген күнде де шындыққа жанасар мүмкіндіктер туралы пікірлерін ортаға салуға еркіндік беріледі. Тақырып аясында баяндама жасалады.

Ойталқы адамның дүниетанымын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Мақсаты	Бағдар берер ой-пікірді ортаға сала отырып, мәселеңің ортақ шешімін табу жолдарын қарастыру.
Ерекшелігі	Ойталқыға қатысадындар саны үш адамнан кем болмауы керек. Алдын ала белгіленген күн тәртібіндегі тақырып, яғни баяндама тыңдалады. Пікір айтушылар өз еркімен сөйлейді. Сөйлеуші өзіндік көзқарасын білдіруге құқылы. Талас диалог түрінде жүреді. Баяндамашы туындаған сұрақтарға жауап береді. Сұрақ тоқтаған соң тेरаға қорытындылайды.
Мәдениеті	Тақырыптан ауытқымау. Ойын айту барысында уақыт мөлшерін сақтау. Баяндамашының ойын анықтап сұрап, күмәнді тұстарын айқынданап алу. Баяндама туралы өз пікірін дәлел, дәйектермен жеткізу. Мәселеңеге көзқарасын жеке мұдде тұрғысынан емес, қоғам, ғылым-білім, адамдық қажеттіліктер тұрғысынан қарастыру. Әділеттілікке, дұрыс пікірге қолдау көрсету.



Әлихан Бекейхановтың нақыл сөздері

- Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын.
- Халық ісін жүргізуге көп ақыл, көп қызмет, көп жылғы шебер істеген әдіс керек.
- Біздің жұрт бостандық, теңдік, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады.
- Адам қызметіне кіріспей, қазына тумайды.
- Жер десе – дірілдемей болмайды: жер мәселесі – өмір сұру мәселесінің зоры.

(Дайындаған Нұржігіт Айдархан)



3. Оқылым материалдары мен Әлихан Бекейхановтың нақыл сөздерін негізге алып, «Елімнің өркендеуіне қандай үлес қоса аламын?» тақырыбында ойталқы ұйымдастырындар.

Ойталқы өткізу тәртібі	Уақыты
Ойталқыға қатысушылар: 1) төраға; 2) ой-пікірге бағдар беретін баяндамашы; 3) баяндамашының ойын жақтайтындар не жоққа шыгаратындар болып бөлінеді.	1 минут
Баяндама жасалады.	3 минут
Сұрақ-жауап түрінде пікір таластырады.	4 минут
Қорытынды жасалады.	3 минут



4. Сендерге ойталқыда кімнің сөз саптау мәнері ұнады? Өздерің білетін адамдардың ішінде шешен сөйлейтіндер бар ма? Шешендік шеберлікке қалай қол жеткізуге болады? Өзара сұхбат құрып, ойларынды ортаға салындар.



5. Қате берілген тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазып, мәтін құрастырындар. Құрделі сөздерді анықтаңдар.

Жәнібекхан, Қерейхан, үзөңгілестер, Дешті-қыпщақ, 1465-жылы, Ақ орданың ханы, 1472, 1473 жылдары, Есенбұғы хан, Шайбанилік, 200-мыңнан асып, моголстан ханы, әз-Жәнібек, Жетісу-өңірін, Өзбек-ұлысы, «Көшпелі Өзбектер Мемлекеті», шейх Хайдар.



6. Фылыми стильге сай тілдік құралдарды (тариҳи терминдер мен сөз оралымдарын) орынды қолданып, оқылым мәтіндерінің тезисін жазындар.



7. «Қазақтың ұлы хандары» тақырыбында шыгармашылық жұмыстың бір түрін (өлең, әңгіме, шығарма) орындаңдар. Емлесі қызын сөздерді анықтап, түсініктеме беріңдер.

Емлесі қызын сөздер	Білдіретін мағынасы



Ғылыми стильдің тілдік амал-тәсілдері

1. Эр ғылым саласының өзіне тән терминдері мен атаулары қолданылады. Мысалы, химия ғылымында: *элементтер, минералдар*; физика ғылымында: *атом, күш*; лингвистика ғылымында: *морфология, фонетика*; биология ғылымында: *ағза, жасуша* т.б.
2. Ғылыми стильдің өзіне тән синтаксистік құрылымы болады. Тұрақты үлгідегі сөйлемдер, сөз тіркестері молынан пайдаланылады.
3. Өткен шақ, осы шақтағы хабарлы сөйлемдер жиі қолданылады.
4. Ұрықсыз етістіктен жасалған баяндауыштар көп жүмсалады.
5. Ойдың ағынын білдіретін үстеулер мен шылаулар кездеседі. Мысалы: *сондықтан, содан кейін, әрі қарай, бойыниша* т.б.
6. Сөйлемдердегі ойдың бір-бірімен өзара қатынасын білдіретін қыстырма сөздер де ұшырасады. Мысалы: *біріншіден, екіншіден, қорыта келгенде, зерттеу нәтижесінде* т.б.



1. Ойтұрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Қазақ елінің тарихында қандай ірі тарихи оқиғалар орын алды?
2. «Қаратаудың басынан көш келеді» өнінің шығу тарихын білесіңдер ме?



2. Мәтінді оқындар. Халықты атақонысынан айырған тағы қандай тарихи оқиғаларды білесіңдер? Ойларынды ортаға салыңдар.

Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» – қазақ халықының жонғар шапқыншылығы (1723–1725) салдарынан басынан кешкен ауыр қасіретін, босқыншылыққа ұшыраған кезеңін бейнелейтін ұғым. Осы жаугершілік басталардың алдында қазақ даласында ұзақ уақытқа созылған алапат жұттың салдары өте ауыр болды: үш жүздің саяси-әлеуметтік байланысы өлсіреді, халықтың әл-ауқаты төмендеді.

Ішкі алауыздық, билікке деген талас-тартыс қауіпті жаудың бар екендігін ұмыттырды. Жұттан жұтап шыққан жүрт ес жинай алмай жатқан кезде, жоңғар өскерінің жеті түмен ауыр қолының анталаған басқыншылығына тап болды. Жер аздырған жұт пен жұрт тоздырған шапқыншылық қазақ елінің хал-ахуалын мулде ойсыратып жіберді.

Жоңғар ханы Цеван Рабтан қазақ жеріне наиза, садақ-пен емес, отты қарулар – зеңбірек, мылтықпен қаруланған қолымен басып кірді. Бұл зобалаңның тұсында қазақтардың жұз мындаі қолы шығынға ұшырап, ел ұл-қыздарынан айырылып, мал-мұлкі талан-таражта тұсті. Атажұрт, атақонысынан ауып, жаппай босқыншылыққа ұшырады. Қазақ тарихындағы бұл ұлы басқыншылық әтностиң санасында өшпестей сақталып, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген тарихи фразеологизм қалыптасты.

Ұлы жұз, Орта жұз қазақтарының Қаратая асып, Сырдан өтіп, Алқакөлде қырғынға ұшыраған жері – «Алқакөл сұлама»; Кіші жұз қазақтарының Қаратаяудан Түркістанга келіп, одан Сауранды айналып, Бұхарага бет түзеген шұбырынды көші – «Сауран айналған», ал Орта жүздің бір бөлігінің Қаратаяудан солтүстікке қарай ауган шұбырынды жолы «қайыңың сауғанда, ел ауғанда» деп келетін фразеологизмдерде көрініс тапты. Негізгі асы ет пен сүт болған босқын қазақтар қайыңың қабығын тіліп, шырынын ішуге, алғыр (ащы өсімдіктің тамыры), қозықүйрық (саңырауқұлақтың түрі) сияқты жеуге жарамды шөптесін өсімдіктерді талғажжау етуге мәжбүр болды. Жоңғарлардың шапқыншылығына көршілес қырғыз халқы да ұшырап, атақонысынан Фиссанға ауа көшеді. Осы жайтқа байланысты қалыптасқан «Қазақ қайың сауғанда, қырғыз Фиссан ауғанда» деген тарихи фразеологизм аталмыш оқиғаның екі халықтың тағдырына үлкен ауыртпалық өкелгендігін айғақтайды.

(«Қазақтың этнографиялық категориялар, үгымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясы, 1-том)



3. Оқылым мәтінінің ғылыми стильде жазылғанын дәлелдендер.

Мәтіннің мақсаты	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері



4. 10-сыныпта өткен пунктуация ережелерін еске түсіріндер. Оқылым мәтінінен бірнеше мысал алып, тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріндер.


Үлгі:

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі
Қазақ жерінің, қазақ елінің ең сұрапыл қасіреті – «Ақтабан шұбырының, Алқақөл сұлама» оқиғасы.	Үтір, сызықша, тырнақша	



Шешендік өнер

Шешендік өнер қай қоғамда болса да, халықта, қалың көпшілікке әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, жігерін тасытатын қуатты құрал болып келген және күні бүгінге дейін сол күшін, қасиетін жойған жоқ. Демек, әрбір білімді, мәдениетті адам үшін шешендік өнердің тарихымен танысып, теориясымен қарулану әсте артық емес. Шешендік сөздерді зерттеу, талдау, оқып-үйрену ана тіліміздің байлығын, дұрыс сөйлеу заңын жетік білуімізге, ой-өрісімізді кеңейтуге себепші болады.





5. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Оқылым мәтіні бойынша ғылыми стильде аннотация жазындар.

2-топ. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы туралы мәтін жазындар. Жазба жұмыстарынды жүптарыңмен ауыстырып, логикалық және стильтік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

3-топ. Төле бидің: «Уа, көсіле шабар жерің бар, Ту көтерер ерің бар», – деп, қызын кезеңде елді жауға қарсы жұмылдырғаны туралы шешенендік сөзді тауып оқып, талдандар.

Шешенендік сөз қандай жағдайда туған?	Шешенендік сөздің көтерген тақырыбы	Шешенендік сөз бізге қалай жеткен?



6. Қазақ шешенендік өнерінің көрнекті өкілдерінің нақыл сөздерін сәйкестендіріңдер. Тақырыппен байланысын анықтаңдар.

Бөлтірік шешен		Еділ бол да, Жайық бол, Ешкімменен ұрыспа! Жолдасыңа жау тисе, Жаныңды аяп тұрыспа!
Асанқайғы		Атанаң ұлы ерлерге Малыңды бер де, басың қос, Басыңды қос та, бек сыйлас! Күндердің құні болғанда Басың жауда қалар ма?!
Шалқиіз жырау		Білектің қүшінде кеткеніңді Біліктің қүшімен қайтардым. Найзаның ұшында кеткеніңді Тілдің ұшымен қайтардым.
Әйтеке би		Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт берекең – атаң қымбат. Аймалайтын анаң қымбат, Мейірімді апаң қымбат.
Қазыбек би		Біз үш жүз керіспейік, келісейік! Егер керісе қойсақ, бізге Хандық түгіл ондық та жоқ.



7. Энциклопедиялар мен анықтамалықтардан ізденіп, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тақырыбына жазылған ғылыми еңбектің тезистік жоспарын құрастырыңдар.



1. Сұрақтарға жауап беріп, осы оқига жайлы өз ойларыңды айтындар.

1. Қазақ даласын түгел қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің шығу себептерін білесіндер ме?
2. Ұлт-азаттық көтерілісті өз шығармаларына арқау еткен қандай ақын-жазушыларды білесіндер?



2. Мәтінді оқып, тезисін немесе аннотациясын жазу мақсатында негізгі ақпаратты іріктендер.

Жамбыл және 1916 жылғы көтеріліс

Қазақстанның түкпір-түкпірін қамтыған ұлт-азаттық көтерілісіне патша өкіметінің 1916 жылғы маусым жарлығы түрткі болып қана қойған жоқ. Патша өкіметінің отарлық саясаты, шұрайлы жерлерді тартып алуы да көтеріліс отын үрлейді. Бұл – қазақ халқы үшін өте ауыр кезең еді. Торғайда Амангелді Имановтың, Жетісуда Бекболат Әшекеевтің ел бастап шыққан ерліктері сол күннің өзінде халық арасында жыр болып, аңызға айналды.

1916 жылғы көтерілістің ішкі-сыртқы сипатын Жамбыл жырларынан айқын көруге болады. Ақын тарихи шындықты шынайы көрсететін «Патша әмірі тарылды», «Зілді бүй-рық» т.б. жалынды жырларын шығарды. «Қазақ жастарын окоп жұмысына алады» деген хабарды естігенде, ел басына төнген қатерді ақын былай жырлайды:

Верныйдан жандаралдар бүйрық қылды,
Құйрығы бүйрығының тіпті зілді.
«Отыз бір – он тоғызды алад» деген
Суық хабар халықты бұлқындырды...

Ол бұқара халықтың осындай ауыр жағдайға ұшырау себептерінің түп-тамырын ашып, елді патшага бас имеуге, бағынбауға, оның озбырлығына қарсы күресуге шақырады. Жетісудағы, соның ішінде Қарғалы, Самсы, Қастек көтерілістеріне кеңінен тоқталады. Мысалы, жырда Қарғалы көтерілісі туралы былай делінеді:

Жиылды бозбалалар бір кезеңге,
«Қарғалы» деген тасқын бір өзенге.

Пристав кетті «еріксіз аламын» деп,
«Көресің бұл істі, – деп, – кезегінде».
Бәрін де ол пристав жатташ алды,
Басшыларын қағазға қатташ алды.
Аттандырып бұл елге солдаттарын,
Басты-басты кісіні саптап алды.
Келді де, алыш кетті жақсыны айдал,
Барады боздақтардың көзі жайнап...

Жалпы, Жамбыл жырларында көтерілістің тууы, өрбүі, халықтың сана-сезімінің оянуы жан-жақты жырланады. Ел Жәкенің өлеңдерін жатқа айтқан. Кейін көтеріліс саябырласа да, Жамбылдың өлеңдері ел аузында сақталып қала берді. Қартакын кейінгі үрпаққа Амангелдінің батырлық істерін өнеге етеді:

Батыр бол, балаларым, бәрің дағы,
Тап берген дүшпан иттің сынсын сагы.
Семсерін Амангелді тот баспасын,
Ел қорға, ұлы құннің туса шағы!

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс – Жамбыл шығармашылығындағы ең негізгі тақырыптардың бірі. Ол осы көтеріліске қатынасқан, тарихи оқиғаның күесі болған. Қолындағы домбырасын қару етіп, елді рухтандырып, патша өкіметінің қанауына қарсы көтеріліске шақырған. Жамбылдың шығармалары – біз үшін қымбат қазына. Өйткені ол 1916 жыл оқиғасына арналған жырларында тарихи шындықты нақты түрде баяндап бере алған.

(Сабырхан Смагловтың «Жамбыл және 1916 жылғы көтеріліс» мақаласынан)



3. Берілген үзіндіге тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар. Тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

1916 жылғы көтеріліс туралы сөз болғанда Торғайдағы Амангелді Жетісудағы Ұзақ Жәменеке Бекболат бастаған қозғалыстар еске түседі. Әр жерде бүрк ете түскен халық наразылықтары қарулы әскердің көмегімен басылды жансылды. Семей Өскемен Қекпекті Зайсан Аяғөз Үржар сияқты патша бекіністері қазақ даласын тор тәрізді шырмап алған еді. Әрбір 20–25 шақырым сайын қойылған бекеттер шапшаң байланысты қамтамасыз етіп қазақтардың тыптыр етуге шамасын келтірмеді.

(Мұхаметбек Асылбековтің «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс – бүкілқазақтық қозғалыс» мақаласынан)



- 4.** Фылыми стильге сай тілдік құралдарды қолданып, оқылым мәтіні бойынша тезис немесе аннотация жазындар.



Шешендік өнер тарихы

Шешендік өнер туралы ғылымды халықаралық тілде **риторика** (көне грек сөзі) дейді. Риторика ғылымының негізін салған софист Протагор (б.з.б. 444 жылы туған) болып есептеледі. Протагор шешендік өнерге байланысты «Айтыс өнері», «Тартыс туралы», «Ғылымдар туралы», «Өктем сөз», «Жарыссыз» атты еңбектер жазған.

Шешендік өнер көне Римде басты орында болды, онда сөз құдіре-тіне ие адамға тәніріндей табынған. Сенатта, сотта және тағы басқа жыныштарда әрбір ерікті азаматтың сөйлеу құқығы болған. Сондықтан шешен сөйлеудің қыр-сырын менгеру мемлекет істеріне араласу талабынан туындағы.

Көне Рим шешендік өнерінің алдыбы деп Цицеронды танимыз. Марк Тулий Цицерон – шешендік өнердің теоретигі. Ол өзінің шешендік өнер туралы ұлғы ойларын «Шешендік өнердің үш трактаты» еңбегінде жазып қалдырыды.

Демосфен риторикадан сабак беріп, пән ретінде негізін қалаған. Оның 170 қолжазбасы мен 60 шешендік сөзі сақталған.

Сондай-ақ Соқрат, Платон, Аристотель, Квинтилиандардың есімдерін атап өтүге болады.

Қазақтың ұлттық шешендік өнерінің тарихы

Қазақтың шешендік өнерінің дәл қай уақыттан басталатынын дәп басып айту қыын. Себебі қазақ шешендік сөздері қағазға түспей, ауызша айтылып, халық жадында сақталып келді. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дейтін де сөз бар. «Майқы – Шыңғысты хан көтерген он екі бидің бірі», – дейді Абай. Бірақ шешендік сөз өнерінің шығу тарихы әлдеқайда әріден басталса керек.

Біз білетін қазақ шешендерінің атасы – Жиренше шешен және ел аузында сақталған шешендік сөздердің ең көнесі де Жиренше атымен байланысты сөздер. Бізге жеткен ақыз-әңгімелерге қарағанда, Жиренше – Әз Жәнібек хан мен Асанқайғы (XIV–XV ғғ.) заманында өмір сүрген адам.

XVI–XVIII ғасырларда шешендік өнерді Шалқиіз, Бұқар, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтекелер жалғастырды. Шешендік өнердің кең қанат жайып, биіктеген кезеңі – XVIII ғасыр. Бұл – қазақ халқының жонғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, ез тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.



Өзінің сөзімен тыңдаушысына әрі білім берсе, әрі көңілін көтерсе, ең мықты шешен – сол. Білім беру – шешенниң міндеті, көңілін көтеру – тыңдарманға көрсеткен құрмет, құшті әсер ету – қажеттілік.

(Марк Тулий Цицерон)



Данышпан Сократ жас ойшыл Ксенофонттан:

- Үндү қайдан сатып алуға болады? – деп сұрайды.
 - Базардан, – депті Ксенофонт.
 - Ал майды ше?
 - Оны да базардан.
 - Ал даналық пен ізгілікті қайдан алуға болады?
 - Жас жігіт ойланып қалыпты.
 - Маған еріп жүр, мен көрсетейін, – депті Сократ.
- Осыдан бастап Ксенофонт Сократтың әрі шекірті, әрі шешендік жолындағы сапарлас серігі болған екен...

(«Гуламалар гибраттары» кітабынан)



5. «Даналық пен ізгілікті қайдан алуға болады?» деген сұраққа жауап беріп, шығармашылық жұмыстың бір түрін (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) жазындар.



6. Дүние жүзі тарихында шешендігімен танылған озық ойлы, шебер тілді тұлғалар мен олардың нақыл сөздерін сәйкестендіріндер.

Платон	Шешенниң ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айтуда емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау.
Аристотель	Шешен сөзінің дәлелділігін оның әділдікті жан-тәнімен қолдап, қорғаудың айқын көруге болады.
Цицерон	Айқындық – сөздің басты артықшылығы.
Квинтилиан	Шешендік – ақылмен билеу өнері.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Шешендік сөз – терең ойға, үтқыр логикаға құрылған құнды мұра, асыл қазына» тақырыбында аргументті эссе жазындар.
2. Риторика ғылымының негізін қалаған шешендер туралы ізденіп, салыстырмалы не хабарламалық эссе жазындар.

§4.

Ел іші – өнер кеніші



1. Суреттермен танысып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Ел іші – өнер кеніші» мақалының мағынасын қалай түсіндірсіңдер?
2. Суреттердегі қазақтың әйгілі күйшілерін білесіңдер ме?



2. Мәтінді мұқият оқып, ғылыми стильде жазылғанын дәлелдендер.

Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінің ішіндегі ең шоқтығы биігі – музыка саласы. Оның «Музыканың ұлы кітабы» атты трактаты – құрғақ музыкалық шығарма емес, бүкіл ортағасырлық ғылымдардың сындарлы ескерткіші. Мұнда ғылымның философиялық мәселелері мол қамтылған, музыканың тәжірибелік және теориялық негізін қалап, музыкалық аспаптарда қалай жүзеге асыру жолдарын көрсетіп береді. Нақтылап айтқанда, Фараби теориялық ғылым жасаудың үш шарты негізінде музыка теориясын өз бетінше жаңадан жасап шығады. «Музыканың ұлы кітабы» бірнеше тараудан тұрады: «Музыка ғылымына кіріспе», «Музыка ғылымының негіздері», «Музыкалық аспаптар», «Музыкалық композиция». Бұл еңбек XV ғасырда латын тіліне аударылып, Еуропада музыка ғылымының дамуына үлкен өсер етті. Мәселен, бұл еңбекте музыканың теориясы мен практикасында қазір қолданып жүрген он екі жарты тондық музикалық жүйенің бастамасы бар.

«Музыканың ұлы кітабының» 1-тарауында мелодия, музыкаға бейімділік, практикалық және теориялық музика, музыканың шығуы, музикалық білім беру, музикалық өнердің басты принциптері; 2-тарауында музика ғылымының негіздері; 3-тарауында музикалық аспаптар жайлар; ал 4-тарауында ырғақ, фонема және фраза, тондар жайлар айтылады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің әлем өнеріндегі басты жаңалығы – музыканың теориясын жасауды. Себебі осы уақытқа дейін музика зерттеушілерінің сөздеріне сүйенер болсақ, «әл-Фараби жасаған музикалық теория нақты өрі айқын».

(Мұхит Салқынбаевтың «Әл-Фарабидің музикалық мұрасы» еңбегінен)



3. Оқылым мәтінінің мақсатын, стильдік және тілдік ерекшеліктерін талданадар.

Мәтіннің мақсаты	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері



Шешендік өнер негіздері

Шешендік өнер үш нәрсеге негізделеді:

- 1) табиғи дарын, тума талант;
- 2) жан-жақты білім;
- 3) тынымсыз еңбек, жүйелі жаттығу.

Қазақтың ғұлама ғалымы А.Байтұрсынұлы: «Шешендік сөз деңгеміз – белгілі бір мәселені баяндау, сипаттау, белгілі бір ойдың ақиқаттығын түсіндіру, сөйтіп, ақылға ақыл қосу жағын көздеу. Одан әрі адамның жүргегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру», – дейді.

Орыс шешендік өнерінің салушы М.Ломоносов шешен болу үшін бес қасиет қажет екендігін айтады: 1) табиғи дарын; 2) білім; 3) шешендерден үйрену; 4) сөйлеп жаттығу; 5) басқа ғылымдардан хабардар болу. М.Ломоносов табиғи дарындылықты жан дарыны және тән дарыны деп екіге бөледі, жан дарынына – ақыл мен ес, тән дарынына күшті әрі сүйкімді дауыс пен үн жататынын айтады.

Сонымен, шешендіктің екі басты мәселесі – ақылға ақыл қосу мен жүректі тербеу. Сонда шешендік өнер үш мақсатты көздейді: 1) ояту; 2) түсіндіру; 3) толқытып, тебіренту.



- 4.** Мәтінді оқындар. Байдалы бидің бойында А.Байтұрсынұлы мен М.Ломоносов айтқан шешенге тән қасиеттердің қайсысы бар?

Байдалы бидің жүмбағы

Байдалы би қартайып, үйден шықпай, күндіз-түні төсекте жататын болды дегенді естіп, Мұса мырза іздең қеліпті... Мұса қонып, қонақасын жеп, ертесіне жүрмек болады.

– Шырағым, үш ауыз сөз сұрайын, соны шешіп беріп кетші! – дейді қарт. – Алыста не алыс? Жақында не жақын? Тәттіде не тәтті?

Мұса ойланып отырып:

– Жер мен көктің арасы алыс, кісіге туыс жақын, бала тәтті, – дейді.

Сонда Байдалы қарт басын көтеріп:

– Балам, ақылың әлі алқымыңнан асқан жоқ екен. Білімді мен білімсіздің арасынан алыс жоқ. Жаннан тәтті жоқ. Бала қанша жақсы болса да, жан шығарда адамның өз жанынан тәттісі жоқ. Жақында ажал жақын, – депті.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



- 5.** Олең мазмұнын өз сөздеріңмен жазындар. Жұптарыңның жазба жұмысына түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

Саусақтар ойнап, оргып, қаздаң қағып,
Суырып ішек тілін, мұңын шағып,
Жүйріктің шыны қүйі келгенінде,
Шығаннан шыға шаптай тұрсың неғып?
Асқақтап, кейде күйді көкке өрлетіп,
Алыштап, шырқап, сілтеп, әрі кетіп.
Қайырып, қалықтатып, қайта оралтып,
Бірден-бір, ақырын-ақырын төмендетіп.
Ыңғытып, өлке өрлетіп, баяулатып,
Соқтырып кейде боран, дауылдатып.
Көңілдің асқарынан тұманды айдал,
Артынан нөсерлетіп, жауындарып.
Ұшырып жер бетімен жазыққа айдал,
Бұрқылдап бірде әлсіреп, бірде қайнап.
Құмайдай тұлкі қуған құлдырандап,
Қырандай тұлкі алатын көзі жайнап...

(Илияс Жансүгіровтің «Күйши» поэмасынан)



- 6.** Мәтіндегі емле және тыныс белгісі қателерін тауып, түзетіңдер. Жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдерді ажыратыңдар.

Балбырауын күйүнүң шығу тарихына келсек Браун деген неміс бал үйүмдастырып соған түрмеде жатқан Құрманғазыны алдырады. Құрманғазы осы күйдү сол жерде бірден, шығарып орындаған екен. Бұл күй ауыл жастарының ойын сауығына арналған. Балбырауын күйүнде, бидің негізі бар көңілді шабытты ырғағы жеңіл болып келеді.



- 7.** Фылыми стильге сай тілдік құралдарды қолданып, берілген мәтіннің аннотациясын жазыңдар.

Аңыз бойынша, «Башпай» Қорқыттың өмірінің соңында шығарған ақырғы күйі екен. Қорқыт кілемін төсеп, дарияның бетінде отырганда, қарындасы Ақтамақ ағасына тамақ өкеліп тұрыпты.

Күндіз-түні күй тартып, өліммен алысып, өбден шаршаган күйші бірде қарындасының өкелген тамағын ішкеннен кейін бойы маужырап, көзі ілініп кетеді. Қобыздың үні шықпай тұрған кезде, тамақ салынған дорбамен қайрақ жылан болып ілесіп келген ажал күйшіні шағып алады. Жыланнның уы бойына жайылыш, өлсіреп бара жатқан Қорқыттан Әзірейіл: «Қандай тілегің бар?» – деп сұрайды. Сонда Қорқыт: «Менің екі күнәм бар. Бірінші – өлімнен қырық бір жыл бойы қашқаным. Бірде Сырдың бетінде кілем жайып отырганда, алай-түлей дауыл тұрған еді. Сол кезде қарындасыма башпайым тиіп кеткен болатын, екінші күнәм – сол. Сол себепті мені көмгенде осы екі башпайымды ашық қалдырыңдар!» – деп, қобызын қолына алып, ең соңғы «Башпай» күйін тартқан екен.

(Болат Сарыбаевтың «Қазақтың халық аспаптары» еңбегінен)



- 8.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» тақырыбында презентация дайындаңдар.
 2. «Шешендіктің басты мақсаты – ақылға ақыл қосу, жүректі тербеу» тақырыбында өлең шығарып көріндер немесе шығарма жазыңдар.

§5.

Тәуелсіз Қазақстанның спорт тарландары



1. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазақ елін дүниежүзіне мәшіур етуде қазақ спортшыларының қандай үлесі бар деп ойлайсыңдар?
2. Ел мерейін арттырған қандай қазақстандық спортшыларды білесіндер?



2. Аудиожазбадан (01. mp3) «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбындағы мәтіннен үзінді тыңдалап, қалай аяқталатынына болжам жасандар.



3. Мәтінді оқып, стилін ажыратындар. Тілдік құралдарын (ұғымдар, суреттер, синтаксистік құрылымы) талдаңдар.

Қазақ спортының әлемдік толағай табыстары



2015 жыл қазақ футболы тарихындағы ең сәтті кезең болды. «Астана» футбол клубы түңғыш рет Еуропаның басты бәсекесі – Чемпиондар лигасының топтық кезеңіне шықты. Осылайша «Астана-Арена» стадионында өткен барлық ойындарда қарсыластарына есе жіберген жоқ. Іріктеу кезеңінде «Марибор», «ХИК», «АПОЭЛ» клубтарын жеңді. Ал топтық кезеңде «Атлетико» (Мадрид), «Галатасарай» (Стамбул), «Бенфика» (Лиссабон) клубтарымен бір топта өнер көрсетті.

2015 жылы футзалдан Алматының «Қайрат» клубы УЕФА кубогін екінші рет жеңіп алып, жаңқуйерлеріне үлкен қуаныш сыйлады. Қазақстандық клуб финалда Испанияның «Барселона» клубын 3:2 есебімен үттү.

2015 жылы Қазақстан дзюдодан өлем чемпионатын өткізді. Командамыз үшін табысты болмасада, бір спортшымыз көк тудың желбіреуіне себепкер болды. 60 кг салмақта өнер көрсеткен Елдос Сметов өлем чемпионы атанды.



2016 жылы Голландияның Эйндховен қаласында өткен дәстүрлі «Swim Cup EINDHOVEN» жарысында жүзу спортынан қазақстандық параолимпиадалық спортшы Зұлфия Фабидуллина өлем рекордын қатарынан үш рет жаңартып, жеңіс тұғырына көтерілді. Сондай-ақ Зұлфия – Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өткен XV Параолимпиада ойындарының чемпионы.



2015 жылы қазан айында Нью-Йорктің Madison Square Garden шаршы алаңында WBA (Super), IBO және WBC (Interim) тұжырымдары бойынша орта салмақтағы өлем чемпионы Геннадий Головкин Давид Лемьемен жекпе-жек өткізіп, қарсыласын 8-раундта құлатып, 34-жеңісіне қол жеткізді. 2016 жылдың қыркүйегінде орта салмақтағы Геннадий Головкин жартылай орта салмақтағы IBF белбеуінің иесі британдық Келл Брукпен кездесіп, жекпе-жек мерзімінен бұрын аяқталды. Лондонда 20 мың адам сыйытын аренада өткен айқастың 5-раундында британдықтың секунданты ақ орамал тастауға мәжбүр болды. Осылайша Головкин 36-жеңісіне қол жеткізді.



(Дайындаған Алтынбек Құмырзақұлы)



Қазақтан шыққан тұнғыш олимпиада чемпионы

1972 жылы Мюнхен олимпиадасында КСРО баскетболшылары жеңімпаз атанған. Олар финалда жеңіліп көрмеген АҚШ құрамасын 51:50 есебімен жеңген. Олимпиада чемпионы атанған КСРО құрамасында жалғыз қазақ болғанын бірі білсе, бірі білмейді. Әлжан Жармухамедов – қазақтан шыққан тұнғыш олимпиада чемпионы.



(*oninfo.kz* ақпарат агенттігі материалдарынан)



Шешендік шиырлары

Байлауы жоқ шешеннен
Үндемей отырған есті артық.
Бәйге алмаған жүйріктен
Белі берік бесті артық.
Мұнарланған күндізден
Жұлдызды жарық тұн артық.
Парадан алған түйеден
Адалдан жиған ешкі артық.

(*Байсеркеabyz*)

Шешендіктің сәні жоқ,
Сөзіне сүттей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса.

(*Дулат Бабатайұлы*)

Қол бастау қыын емес,
Көк найзалы ерің болса.
Жол бастау қыын емес,
Соңыңдан ерген елің болса.
Бәрінен сөз бастау қыын,
Тауып айтсаң, мереке қылады,
Таппай айтсаң, келеке қылады.

(*Досбол би*)



- 4.** Орфографиялық норманы негізге алып, спорт терминдеріне жалғаулар жалғап, түрлендіріңдер.

Кубок, олимпиада, раунд, футбол, рекорд, ринг, чемпион, клуб, команда, стадион, лига, спорт, турнир.



- 5.** Спорт терминдерін ұтымды қолданып, Қазақстанның олимпиада чемпиондары туралы шолу мәтінін құрастырындар. Дереккөздеріне сілтеме жасаңдар.



- 6.** Мәтін авторының пікірімен келісесіңдер ме? «Фибратты сөз» айдарында берілген би-шешендер дәстүрін жалғастырып, «Спорт комментаторы білімді өрі шешен болуы керек» деген тақырыпта ойталқы өткізіңдер. Қорытындысын кестеге жазындар.

Спорт комментаторының білім деңгейі	Спорт комментаторының шешендейк деңгейі

«Qazsport» арнасында футболдан Қазақстан құрамасы Румыния құрамасынан 2:0 есебімен ұтылып жатыр. Сонда да комментатордың «тамаша» сөзі толастар емес. Айналдырыған 12 минутта оны біздің комментатордың аузынан 17 рет естіп, дымымыз құрығаннан теледидарды өшіріп тастауға тұра келген. Таңертен тұра сала ойын нәтижесін білсек –3:1. Одан өрі омақаса оңбай ұтылыппыз. Осынша жеңіліп жатқанда, қайдағы «тамаша»!? Футбол репортаждарындағы таусылмайтын осы бір «тамашалар» біздің қазіргі ойынымызға сай еместігін үлкен түгілі бала да біледі ғой.

(*Қайыrbай Төрекожаның «Спорт комментаторларының таусылмайтын «тамашасы» хақында» мақаласынан үзінді*)



- 7.** Фаламтордан өздерің қалаған спорт ойынының 3 минуттық үзіндісін алып, комментарий жасап, бейнематериал немесе жазбаша мәтін дайындаңдар. Ойталқыда спорт комментаторына қойылған талаптарды сактауға тырысындар.



1. Ойтурткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. 2017 жылы Қазақстанда қандай айтулы оқиғалар болды?
2. Еліміздің мәртебесін арттырудагы «ЭКСПО» халықаралық көрмесінің рөлі қандай?



2. Мәтінді оқып, синтаксистік құрылымы, тілдік ерекшелігі арқылы стилін ажыратыңдар.

«ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі туралы деректер

Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі өз аумағында кең ауқымды көрме өткізу құқығына ие болған бірінші ел болды. Жалпы, Ұлыбритания, Франция, АҚШ, Австралия, Австрия, Бельгия, Италия, Канада, Испания, Бразилия, Оңтүстік Корея, Португалия, Германия, Қытай және Түркия сияқты елдер өз кезінде бүкіләлемдік көрме өткізген. Ал сол тізімнің ішінде болу – айтартылғандағы, мәртебе.

«ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі 2017 жылдың 10 маусымынан 10 қыркүйегіне дейін Қазақстан астанасында өтті. «Болашақ энергиясы» тақырыбында өткен «ЭКСПО-2017» көрмесінің бойтұмары «Сөүле», «Қуат», «Мөлдір» болды.

Көрме орналасқан алаңның аумағы 174 гектарды құрайды. Оның ішінде көрме алаңы 25 гектарды құраса, ал қалған 149 гектарда тұрғын үй ғимараттары мен инфрақұрылым нысандары тұрғызылған.

Үлкен аумақтағы бірнеше павильон сөулет өнерінің ерекше пішінімен салынған. Ғимараттардың барлық кешені шеңбер ретінде жасалды. Ал дәл ортасында шар тәрізді Қазақстанның «Нұр әлемі» павильоны орналастырылды. Бұл – әлемдегі шар тәрізді ең ірі және толық шар түріндегі алғашқы ғимарат. Диаметрі 80 метрді, биіктігі 100 метрді құрайды. Ғимаратты салу үшін 13 мың тонна металл қажет болды. Шардың беті 2800 шыны панельмен қапталған. Ғимараттың жалпы ауданы – 22 мың шаршы метр. Бұл көрсеткіш төрт футбол алаңының аумағына тең.

«Нұр өлемі» павильонының айналасында жарты дәңгелек пішінді ғимараттар бой көтерген. Онда «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысушы елдердің, яғни 115 ел мен 22 халықаралық үйымның көрмелері орналастырылды.

Көрменің барлық нысандарын салу үшін 56 мың тонна металл және 500 мың тонна бетон қажет болды. Бұл өлемдегі екі бірдей ең биік зәулім құрылышты салуға жетеді.

«ЭКСПО-2017» көрмесін 3 айдың ішінде 178 елден (өлемдегі мемлекеттердің 90%-і) келген 4 млн адам тамашалаған.

Барлық павильондарды аралауға жалпы 96 сағат кетеді. Ал көрме барысында 3500 мәдени іс-шара үйымдастырылды. Сондай-ақ онда бүкіл өлемнен 33 мың өртіс өнер көрсетті.

Өлемнің 53 елінің үкімет басшылары мен жетекшілері келіп, халықаралық көрменің құрметті қонағы болды. Көрмede 4500 ерікті жұмыс істеді.

(stan.kz)



«ЭКСПО» халықаралық көрмесі қай кезде де маңызды шара болған. Қез келген мемлекет осы көрмеге барынша дайындалып, абыраймен өткізуді ойлаған. 1925 жылы осы шараны өткізуді Франция астанасы мойнына алады. Дүниежүзілік көрмеге қатысуға ықылас танытқандардың ішінде Кеңес Одағы да бар еді... ЭКСПО көрмесіне қатысуға шақырту алғандардың ішінде Қазақстаннан жалғыз Әміре Қашаубаев болған. Қазақтың біртуар әншісі Парижде өткен дүниежүзілік көрменің этнографиялық концертінде «Балқадиша», «Ағашаяқ», «Бесқаррагер», «Дудар-ай», «Жалғыз арша», «Үш дос», «Қараторғай» әндерін орындалап, күллі өлемді тамсандырды. Әйгілі француз жазушысы Ромен Роллан Әміренің құдіретті дауысын тыңдағаннан кейін: «Мен Шығыста әншіні үлбұлға неге теңегенін енді түсіндім!» – деп таңдай қақты.

(Кымбат Нұргали)



3. Қате берілген тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай түзетіп, «Болашақтың энергиясы» тақырыбында мәтін жазындар. Жай сөйлем түрлерін ажыратындар.

Баламалы энергия көздері, онтайландыру, кеңауқымды жоба, табиғи қайнаркөзі, адам ден-саулығына пайдалы орта, шикі зат көзі, Еуропа елдері, заманауи технология, табиғи ресурстерді сақтау.



Ойталқы – көпшіліктің пікір таластыруына жол ашатын мүмкіндік. Ойталқыда ғылыми не қоғамдық тақырып төңірегінде пікірталастыру жүреді. Бір мәселе жөнінде ой, идея алмасатын адамдар тобының арасындағы таласты мәселе проблемалық сипатқа ие болады.

Ойталқыға қатысушылар пропоненттер мен оппоненттер болып бөлінеді.

Пропоненттің міндеті – өзі ұсынған пікірді не мәселені оппоненттерге түсіндіре және сендіре білу. Ал оппоненттердің міндеті – тезис пен оның негіздемесін жақтау не жоққа шығару. Нәтижесінде пропонентпен келісуге не келіспеуге болады.



- 4.** Оқылым мәтінін негізге алып, «ЭКСПО-2017» көрмесінің ел тарихындағы ірі оқиға екенін дәлелдей, ойталқы ұйымдастырындар. (Оппоненттер пропоненттің пікірін талқылайды).



- 5.** Оқылым мәтінінен бірнеше мысал алып, тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

Үлгі:

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі
Ал сол тізімнің ішінде болу – айтарлықтай абырой, мәртебе.	Сызықша, үтір	



- 6.** Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-топ.** «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәтінді редакциялад, азатжолдарға бөліп, қайта жазындар. Түйық етістіктерді табындар.

2-топ. Оқылым мәтінінің ғылыми стильде жазылғанын дәлелдейдер.

Мәтіннің мақсаты	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері

3-топ. Ғылыми стильге тән тілдік құралдарды қолданып, оқылым мәтініне аннотация жазындар.



7. Шешендік сөзді оқып, талдандар. Тақырыппен байланысын анықтаңдар.

Шешендік сөз қандай жағдайда туған?	Шешендік сөздің көтерген тақырыбы	Шешендік сөздің тәрбиелік мәні

Ғылым артық па, әлде мал артық па?

Бір топ адам бірде Әзірет Әлі шешеннен: «Ғылым артық па, әлде мал артық па?» – деп сұрапты. Сонда шешен:

– Біріншіден, ғылым артық. Ғылым – өулие-әнбиelerдің мирасы, ал мал – перғауын мен қарынбайдың мирасы. Екіншіден, ғылым сені сақтайды, ал малды сен сақтайсың. Үшіншіден, ғылымның досы көп, ал малдың дүшпаны көп. Төртіншіден, ғылымды жұмсасаң, арта береді, ал малды жұмсасаң, азая береді. Бесіншіден, ғылым саған құрметті атақ береді, ал мал саған сараң деген атақ береді. Алтыншыдан, ғылым өзін-өзі сақтайды, ал малды үнемі бағып-қағу керек. Жетіншіден, ғылым қиямет күні иесіне шапағатын тигізеді, ал мал иесіне қисапсыз жауап бергізеді. Сегізіншіден, ғылым тозбайды, жоғалмайды. Ал мал болса – қолдың кірі, өледі, жоғалады. Тоғызынышыдан, ғылым көңілді нұрландырады, адамға ақыл-ой қосады, ал мал масаттандырады, болған үстіне бола берсем деп, дүниекоңыз етеді. Оныншыдан, ғылым Құдайға ғибадат қылады, ал мал иесінің көңіліне тәжілдеп атап салады, – деп жауап беріпті.

(«Шешендік шырлары» кітабынан)



8. Ғылыми стильге тән тілдік құралдарды қолданып, ойталқыдағы пікірлерінді жинақтап, «ЭКСПО-2017» көрмесінің маңызы» тақырыбында презентация жасаңдар не ойтұжырым жазындар.



1. Ойтурткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Қазақтың қандай танымал қаламгерлерін білесіңдер?
2. «Фасырдың ұлы туындысы» ұғымын қалай түсінесіңдер?



2. Мәтінді оқып, ғылыми стильдің ерекшеліктерін тілдік құралдары, терминдері, синтаксистік құрылымы арқылы көрсетіңдер.

Тұған халқына мәңгілік мұра болатын ғасырлық туынды сыйлау тек ұлылардың ұлесіне тиғен. Солардың бірі – Мұхтар Әуезов...

«Абай жолының» бірінші кітабы – 1942, екінші кітабы – 1947, үшінші кітабы – 1952, төртінші кітабы 1956 жылы жарыққа шықты. Эпопеяның «Абай» атанған алғашқы екі кітабына КСРО Мемлекеттік сыйлығы (1949), «Абай жолының» тұтас төрт томына Лениндік сыйлық (1959) берілді...

Ғабит Мұсірепов: «Бұған дейін қазақ әдебиетінде «Абайдай» шығарма болған емес», – десе, француз жазушысы Луи Арагон: «Әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарма табу қыын. Бұл, менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі», – деп жазды...

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» арқылы бүкіл дүниежүзіне, қала берді, өз отандастарына, керек десеңіз, тіпті қазақтардың өзіне қазақ дегеннің кім екенін танытты. Алексей Толстойды қайталасақ, «қазақ халқының ұлылығын, оның өткен өмірін, тарихын, тарихының түбірлі кезеңдерін, қазақ мінезі қалыптасқан трагикалық һәм шығармашылық дәуірлерді ғажайып көркемдік күшпен жарқыратып ашып, жан-жақты айқындалап, терең түсіндіріп берді». Сондықтан да «Абай жолын» оқыған Бенжамен Матип: «Қазақ – неткен ғажайып халық!» – деп өзін-өзі ұмыта таңырқаса, Константин Федин «өзінің қалай қазақ бол кеткенін білмей қалған».

Бүгінде Толстойды оқымай – орысты, Бальзакты оқымай французды білдім деу қандай қыын болса, Әуезовті оқымай қазақты білдім деу сондай қыын.

(Зейнолла Қабдоловтың «Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі» гылыми еңбегінен)



3. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

Үлгі:

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі
Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып: – Әй, шырағым балам, өуелі ар жағында әкең тұр... Сәлем бер! – деді.	Үтір, қос нүкте, сзызықша, көп нүкте, леп белгі	

Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, өуелі ар жағында әкең тұр... Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып, жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш ұлкен кісі бар әкесі Құнанбай тұр екен. Үңғайсыздықпен қысылып қалған бала шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін үқтү да, әкесіне қарай тез бұрылды...

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Ұшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып, сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып:

– Балам, бойың өсіп ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме, жоқ күдік пе? Немесе шынымен жай білгісі келгені ме?

...Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да: – Ат барған соң, дөріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатиқасын алыш қайттым, – деді.

(Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан)



4. Фылыми стильге тән тілдік құралдарды қолданып, оқылым мәтінінің тезисін не аннотациясын жазындар.



Шешенге қойылатын негізгі талаптар

Шешеннің бойында мына қасиеттер болу керек:

- тіл байлығы, сөз қорының молдығы;
- білімділік және сөйлейтін мәселесін анық білу;
- шыншылдық, адамгершілік, турашылдық;
- жинақылық, тапқыртық, жылдамдық.

Шешенге қойылатын қосымша талаптар

Шешендік сөздің әсемдігін арттыратын факторларға тек тілдік қасиеті мен сөз мәнері ғана емес, шешеннің көпшілік алдында өзін-өзі ұстая әдебі мен сыртқы келбеті де жатады. Көпшілік алдына шығатын адамның киім киісі, тазалығы, жинақылығы, өзін ұстаяу, бет-жүз, дене қимылдарының сөз мазмұнымен үйлесімді болуы да шешен сөзінің мәнін арттырады.



- 5.** Мәтінді оқындар. Абайды шешен деп айта аламыз ба? Оның бойында жоғарыда айтылған қасиеттердің қайсысы кездеседі?

Дүние үмітке сүйенеді

Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырганда, Абай келіп сәлем береді. Абайдың тапқырлығын, өлең шығаратынын естіген шешен одан: «Дүние неге сүйенеді? Қөздің көрмесі бола ма? Шам жарығының түспесі бола ма? Болат пышақтың кеспесі бола ма? Тамағына тартпайтын мақлұқат бола ма?» – деп сұрайды... Сонда Абай:

Сіз – сұңқар самғай ұшқан қиядағы,
Талпынған мен – балапан ұядағы.
Өрнекті өлең сөзben жауап берсем,
Жалғыз үміт – дүниенің тиянағы.
Көз көруі жетпейді қабағына,
Шам жарығы түспейді табағына.
Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,
Мақлұқат тартпай қоймас тамағына, – деп жауап беріпті.
(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



- 6.** Көркемдік құралдарды сұрыптаپ, орынды пайдаланып, «Заманымыздың заңғар жазушысы» тақырыбында шығарма жазындар.
- 7.** М.Әуезовтің туындылары бойынша презентация немесе бір шығармасы жайлы ойтұжырым дайындаңдар.

I Бөлімді қорытындылауға арналған тест тапсырмалары

1. Сөйлемнің стилін ажыратындар. *Керей хан* (туган жылы белгісіз – 1473) – қазақ хандығының негізін қалаушы екі ұлы тарихи түлганиң бірі, алгашиқ қазақ ханы.
 - A. Қөркем әдебиет стилі
 - B. Ресми ісқағаздар стилі
 - C. Публицистикалық стиль
 - D. Фылыми стиль
 - E. Ауызекі сөйлеу стилі
2. Орфографиялық нормага сай жазылған тіркесті көрсетіндер.
 - A. 1465-жыл
 - B. Жәнібекхан
 - C. жетісу өңірі
 - D. Өзбек-ұлысы
 - E. Екі жұз мыңдан астам
3. Ойталқыға кемінде қанша адам қатысады?
 - A. 3-тен астам
 - B. 4-тен астам
 - C. 5-тен астам
 - D. 6-дан астам
 - E. 7-ден астам
4. Сөйлемдегі терминді анықтаңдар. *Айқастың 5-раундында Г.Головкин 36-жеңісіне қол жеткізді.*
 - A. 36-жеңісіне
 - B. 5-раундында
 - C. Қол жеткізді
 - D. Айқастың
 - E. Г.Головкин
5. Фылыми стильдің мақсатын көрсетіндер.
 - A. Әсер ету
 - B. Хабарлау
 - C. Заттың, құбылыстың жалпы ерекшелігін ашып мәлімет беру
 - D. Баға беру
 - E. Қоғамдық пікір білдіру
6. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңдар.
 - A. Қазақ жерінің, қазақ елінің ең сұрапыл қасіреті «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама».

- B. 1723-жылдың көктемінде қазақ еліне жоңғарлар жеті түмен өскерімен басып кірген еді.
- C. Бейбіт өмір сүріп жатқан халықты талан-таражға салып азық-түлік мал-мұлкін тартып алуды көзdedі.
- D. Барлық қазақ жан-жаққа тараپ кейбірі Самарқандқа, кейбір тайпа-рулар Қызылқұмға – Қарақұмға өтеді.
- E. Сөйтіп, бұл оқиға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атауға ие болады.
7. «Ел іші – өнер кеніші» сөйлемінде сызықшаның қойылу себебін анықтаңдар.
- A. Оңашаланған айқындауышқа байланысты қойылған.
- B. Бастауыш та, баяндауыш та ілік тұлғалы зат есім болғандықтан қойылған.
- C. Бастауыш атау септігіндегі сөзден, баяндауыш жіктік жалғауының 3-жағындағы атау тұлғалы сөзден болғандықтан қойылған.
- D. Құрмалас сөйлемге байланысты қойылған.
- E. Төл сөз бен автор сөзіне байланысты қойылған.
8. «Риторика» сөзі қай тілден алынған?
- A. Көне грек
- B. Латын
- C. Француз
- D. Ағылшын
- E. Испан
9. Қосымшасы дұрыс жалғанған нұсқасын көрсетіндер.
- A. Кубоктің
- B. Кубогі
- C. Кубоктер
- D. Кубогы
- E. Кубокті
10. «Болашақтың әнергиясы» тақырыбымен өткен еліміздегі ауқымды іс-шараны анықтаңдар.
- A. Қысқы Азия ойындары
- B. «ЭКСПО-2017»
- C. Қысқы универсиада
- D. Саммит
- E. ЕҚЫҰ-ның жиыны

II

БӨЛІМ

ЭКОЛОГИЯ: ЯДРОЛЫҚ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНДІРІСТЕРІ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сөздер:

- экология термині мен ғылымының шығу тарихы жайында білесіндер;
- дүниежүзі және Қазақстан экологиясының мәселелерін талқылай-сындар;
- шешеннің жұрт алдында сейлеуге дайындық жолдарымен, көпшілік алдында өзін ұстая мәдениетімен, шешендік сөзге қойылатын талаптармен танысадындар;
- айтыс пен сынни пікір жөнінде ақпарат аласындар.

Біз табиғаттың өзін қайта түлететін үр-пақпыз. Жер, су, ауа – адам баласына мұра болып келе жатқан мол қазына... Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дәнді де ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі.

Ыбырай Жақаев

§1.

Әлемдік экология мәселелері



1. Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңды ортаға салындар.

1. «Экология» терминінің білдіретін мағынасы қандай?
2. Әлемдік экология мәселелері дегеніміз не?
3. Берілген суреттен қандай ой түюге болады?



2. Аудиожазбадан (02. тр3) «Адам өрекеті нәтижесінде табиғи кешендердің өзгеруі» мәтінін тыңдаңдар. Мәтінде көтерілген мәселеге талқылау сұрақтарын құрастырыңдар. Жұптарыңмен алмасып жауап беріңдер.

Талқылау сұрақтары	Жауаптар



3. Мәтінді оқып, ғылыми стильде жазылғанын дәлелдендер.

Мәтіннің мақсаты	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері

Галамдық экологиялық жағдайдың нашарлауын адамзаттың тұтыну ауқымымен және биосфераның ресурстық-экологиялық мүмкіндіктерінің сөйкес келмеуімен түсіндіруге болады. XX ғасырдың ортасында-ақ ноосфера ілімінің негізін қалаған В.И.Вернадский адамзаттың шаруашылық өрекеті географиялық ортаға табиғаттың өзінде жүріп жатқан геологиялық процестерден кем өсер етпейтіндігі туралы жазған болатын.

Адамның шаруашылық өрекеті қоршаған ортаның шамадан тыс ластануына алып келеді. Атмосфера мен гидросфераның өнеркәсіптік қалдықтармен, мұхиттардың мұнаймен ластануы, топырақ қабатында ауыр металдар мен улы

заттардың шоғырлануы, түрмистық қалдықтар көлемінің артуы – барлығы адамның денсаулығына қауіп төндіреді.

Ең «лас» өнеркәсіп түрлеріне тау-кен және құрылым материалдарын өндіру, энергетика, қара және түсті металлургия, мұнай өндіру мен өндіреу, химия өнеркәсібі, целлюлоза-қағаз өндірісі, тамақ өнеркәсібі жатады. Мысалы, 1 т шойын өндіру барысында атмосфераға 4,5 кг қатты заттар, 2,7 кг құқіртті заттар, сондай-ақ мышьяк, қорғасын, сынап буы бөлініп шығады. 1 т алюминий алу үшін 38–47 кг фтор пайдаланылады, кейіннен оның 65%-і атмосфераға шығарылады. Кен байыту фабрикаларының мұржаларынан шығатын улы тұтіннің тіршілік үшін зияны шексіз. Химия өнеркәсібі ауаға стирол, фенол, ацетон, құқірт диоксиді, құқірт ангидриді тәрізді улы қосылыстарды бөледі. Ал жылдан жылға саны артып отырған автокөлік ауаны өнеркәсіптен кем ластамайды, қазіргі кезде оның үлесіне атмосфера ластануының 60%-і тиесілі. Қара қошқыл фотохимиялық тұманның түзілуіне автокөліктер шығаратын газдар тікелей әсер етеді.

БҮҰ-ның ғаламдық экологиялық мониторинг жүйесінің мәліметіне қарағанда, өзендердің нитраттармен, фосфаттармен және пестицидтермен, қалдық сулармен ластануы күн сайын артуда.

(*baribar.kz*)



4. Төмендегі мақал-мәтелдерді және көркемдік құралдарды ұтымды пайдаланып, «Табигат – тал бесік» тақырыбында эссе жазындар. Сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.

- Табигат – тал бесік.
- Жер – ана, ел – бала.
- Жер – таусылмайтын қазына.
- Жер тағдыры – ел тағдыры.
- Жер – қазына, су – алтын, мал – байлық.
- Жер – қазына, су – гауһар.
- Қыстағы қар – жерге ырыс,
- Жердегі ылғал – елге ырыс.
- Бұлақ көрсөң, көзін аш.
- Адам мен табигаттың тілдескені – өмірдің үнделсекені.

(«Мақал-мәтелдер жинағынан»)



5. Оқылым мәтініндегі әлемдік экология мәселелерін анықтаңдар. Анықталған мәселелердің тізімін жасандар.



6. Шешендік сөзді талдаңдар. Тақырыппен байланысын анықтаңдар.

Шешендік сөз қандай жағдайда туған?	Шешендік сөздің көтерген тақырыбы	Шешендік сөздің тәрбиелік мәні

Қарлығаш әулие

Жоңғар басқыншылары өрттей қаптап, қазақ жерін таптап келе жатады. Қамсыз малын бағып отырған ел тым-тырақай босып, үдерек көшеді. Сонда жалғыз үй тұтінін тұтетіп отыра береді.

Жоңғар қонтайшысы батырларын жұмсап:

– Анау жалғыз үй неғып көшпей отыр, барып біліп келіндер! – дейді...

Жоңғар әскеріне Төле би:

– Шаңырағыма қарлығаш үя салып еді. Сол құс қашан сарыауыз балапандарын қанаттандырып, өргізіп кеткенше, мен ешқайда көшпеймін. Қарлығаш – қасиетті құс, адам баласының досы. Сендер білесіндер ме? Ертеде дүниежүзін топан су қалтағанда, Нұх пайғамбардың кемесін суға батудан аман алғып қалған – осы қарлығаш. Адам баласына қастандық жасамақ болған жыланнан да қорғап қалған – осы қарлығаш. Жау келді деп, үйімді жығып, оның үясын бұзып, балапандарын шырылдатар жайым жоқ! Хандарыңа осы сөзімді айтып барындар! – дейді.

Жоңғар жігіттері барып, Төле бидің осы сөзін айтса, қонтайшысы:

– Ол әулие адам екен, оған тимендер, оның төңірегіндегі елін де қозғамаңдар! – депті.

Содан былай қарай Төле би «Қарлығаш әулие» атанып кеткен екен.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



7. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, «Кеудесі түкті Жер-Ана, құт дарыт та, жарылқа!» тақырыбында өз таңдауларың бойынша өлең, әңгіме немесе шығарма жазындар.

§2.

Арал теңізінің экологиясы



1. Берілген суреттен не байқадындар? Өз ойларыңмен бөлісіп, ойтұрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Қазақстанда қандай өзен-көлдер мен теңіздер бар?
2. Еліміздегі қай аймақтар апатты деп танылған?
3. Арал теңізі аумағының экологиясы туралы қандай ақпарат білесіндер?



2. Мәтіндерді мұқият оқындар, әртүрлі стильдегі мәтіндерді салыстыра талдаңдар.

«Арал теңізінің экологиялық ахуалы» мәтіні	«Арал теңізі» өлеңі
Тақырыбы мен автор көзқарасы	
Көзделген аудиториясы	
Құрылымы мен тілдік ерекшеліктері	

Арал теңізінің экологиялық ахуалы

Арал теңізі – Қазақстан мен Өзбекстан шекарасында орналасқан ірі көл. Апатқа ұшырағанға дейінгі көлемі – 1066 км³, тереңдігі – 30–60 м, тұздылығы 10–12% болған. Қойнауы көсіптік бағалы балықтарға бай, жағасы қоға мен қамысты теңіз еді. Сол кезде жылына 50–150 мың балық аулаңып, едөуір мөлшерде бұлғын терісі игерілген. Теңіз жағасындағы

елді мекендерде 17 балық ұжымшары, 10 балық өндестін зауыт және 2 балық комбинаты жұмыс істеген.

1960 жылдардан бастап Арал өңірін игеру қолға алынды. Әмудария мен Сырдария бойындағы халықтың саны бірнеше есеге өсті. Халық санының өсуіне орай суға деген қажеттілік те артты. Суды мол қажет ететін күріш пен мақта өсіру ісі қарқындан дамыды. Осылайша Аралға құйылатын су мөлшері азайды.

Суды ысырапсыз пайдалану нәтижесінде Арал теңізінің деңгейі 23 метрге дейін төмендеп, оның су айдыны 30–200 км² ге дейін құсырылды. Судың тұздылығы 40% -ге дейін артты. Оның үстіне екі өзен бойындағы шаруашылықтарда тыңайтыштар мен химиялық препараттарды қолдану 10–15 есеге өскен. Осындаған антропогендік факторлар Арал өңірін экологиялық апатқа ұшыратты. Арал теңізі экожүйесіндегі тіршілік атаулыны экологиялық дағдарысқа өкелді.

Арал апатынан зардап шеккен елдерге көмектесуге бағытталған алғашқы халықаралық келісім 1990 жылдың қаңтарында БҰҰ-ның қоршаған орта Бағдарламасының (ЮНЕП) ұсынысымен жасалды. Бұл халықаралық құжат «Арал теңізін сақтауга арналған нақтылы іске дайындыққа қатысу» деп аталды. Дүниежүзілік дәрежедегі оқымыстылар мен мамандардың қатысуымен «Диагностикалық құжат» жасалды. Бұл үлкен ғылыми-тәжірибелік зерттеу Арал апаты кеселінің бетін ашып берді, нақтылы іске бағдарлама жасауға себін тигізді.

Қазіргі кезде Аралды құтқару бағытында батыл да жоспарлы түрде ғылыми негізде жұмыстар жасалуда. Арал тағдыры – адам тағдыры, сондықтан оны сақтап қалу – аға үрпақтың болашақ алдындағы борышы.

(«Қазақстан Республикасының
экологиялық қауіпсіздігі» жинағынан)

Арал теңізі

Тұратын жер жоқ түзде ықтап,
Тұнжырай басқан құмын бұлт.
Жүйкені құртқан сыздықтап,
Жылымшы желі – жұлдын құрт.
Келтірмей мылқау күш тілге,
Талайды жұтқан сор Арал.

Шағала шулап үстінде,
Жыртысқа жыртқан орамал.
Ерекше бүгін базарлы,
Қомдаған қанат кең жайып.
Іліп ап сары сазанды,
Аулайды құстай желқайық...
Теңізге жалпы халық боп,
Жасайды енді иелік.
Жатқандай Арал балық боп,
Пойызға жедел тиеліп.

(Сырбай Мәуленов)

Пікірталас шыны – айтыс

Пікірталастың бір түрі – айтыс. Сонау көне замандардан бері қарай жалғасып келе жатқан айтыс – ой жарысының, сөз додасының мейлінше көркем де күрделі түрі. Пікірталастың бір түрі болғандықтан, оған тән жалпы заңдылықтар айтыста да сақталады. Мысалы, қарсыластың пікірін жоққа шығарып, өз пікірінің дұрыстығына көз жеткізу, өзіндік көзқарастарын қорғау, қарсыласын сынау, сөз орамдарын қорғаныс құралы ретінде тиімді пайдалану, үтқыр ой мен өткір тілді қолдану шеберлігіне үмтүлу т.б.

Айтыскерлер – тыңдаушылардың, қалың қауымның көкейіндегі ойды жеткізуі ел өкілдері. Олардың аузымен қофамда қалыптасқан пікірлер ашық айтылады. Негізгі түйіні – өмір шындығы.

Бетпе-бет келген екі ақын женүдің сан алуан жолдарын, амал-тәсілдерін қарастырады. Суырыпсалма өнерпаз айтыста сөз таппағаннан емес, аталы сөз бен жүйелі ойдан, бұлтартпас шындықтан женіледі.

Айтыстың мақсаты – елдіктің, бірліктің қамын жеу, жақсылықтар мен қол жеткен табыстарды паш ету, кемшиліктер мен олқылықтарды сынап, ескеरту жасау. Мұның өзі айтыстың халық қолына қару етіп ұстаған жауынгер жанр екендігін көрсетеді.

Айтыс сыртқы көлеміне, түр ерекшелігіне қарай екіге бөлінеді: 1) түре айтыс; 2) сүре айтыс. Түре айтыс – бір-бір ауыз өлеңмен қысқа, шапшаң жауаптасып отыратын, жалпы көпшілік қолданатын айтыс. Сүре айтыс – өлеңге әбден төсөлген, ысылған нағыз ақындардың ұзақ сөйлеп, көп жыр төгіп, көсіле жырлайтын түрі.



3. Оқылым мәтіндері бойынша негізгі ақпаратты іріктеп, түртіп жазындар (конспектілеңдер).



- 4.** «Арал теңізінің экологиялық ахуалы» мәтінінің бір бөлігін таңдаңып, көркемдік құралдармен өзгертіп жазыңдар. Жедел өткен шақ пен жіктік жалғауы III жағының қосымшаларын ажыратыңдар.

Үлгі:

Ал оның іске асуы адамзат қауымының білімі мен біліктілігіне байланысты екені анық. – Ал осындағы ауқымды шараның жүзеге асуы ардақты адамзат қауымының терең білімі мен біліктілігіне байланысты екені айдан анық.



- 5.** Айттыс үзділдері мен авторларын сәйкестендіріндер.

Оразалы	Қай заманда қазактың қоймасына Казіргідей алтын мен құміс толды? Қай заманда қазактың қазанына Казіргідей құт бітіп, ырыс толды?
Айнұр	Құлмамбеттен қалған құлышынмын, Халықтың өзі баптаған.
Мұхамеджан	Төуелсіздік құрдасы мен боламын, Басына қонып тұрган құсы құтты.
Дидар	Төрде отыр қазақ тілін керек қылмай, Өзге тілдің қаламын ұштағандар. Қысқартуға ең бірінші ілінсе екен Қазақ тілге тілдері қысқа адамдар.
Жандарбек	Жалқаулық жаратқанға ұнамайды, Қамсыз қазақ қартайтқан ұлы Абайды. Балақ түріп, қарекет қылғандардың Бақ келіп, есігінен сығалайды.



- 6.** Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Шешендік сөздің құрылымын сақтап, Арал теңізін құтқару жөнінде өз ұсыныстарындағы айттыңдар.

2-топ. Көркемдік құралдарды пайдаланып, «Арал тағдыры – менің тағдырым» тақырыбында өз таңдауларың бойынша шығармашылық жұмыстың бір түрін жазыңдар.

3-топ. «Арал экологиясы – ғасырдың өзекті мәселесі» тақырыбында түре айттыс үйімдастырыңдар.



- 7.** Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, сілтеме жасай отырып, Арал теңізінің болашағы туралы презентация не ойтұжырым дайындаңдар.



1. Ойтүрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. «Полигон» сөзінің шығу тарихы жайында не білесіндер?
2. Семей өндірі неліктен экологиясы нашар аймаққа жатады? Суреттен қандай ой түйдіңдер?
3. Дүниежүзінде қандай қатерлі полигондар бар?



2. Мәтінді оқып, стилін ажыратыңдар. Ондағы негізгі ойды анықтаңдар.

Семей ядролық полигонындағы сынадардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетінде немесе өуе кеңістігінде жасалды. Семей полигонында өуеде және жер бетінде өткізілген сынадардың ядролық зарядтарының жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды.

Ядролық жарылыстар туралы халыққа 1953 жылдан бастап қана ескертіле бастады. Адамдар мен малды радиоактивті заттардың таралу аймағынан уақытша көшіру, оларды қарabayыр қорғаныш нысандарына, орларға немесе кепелерге жасыру көзделді. Алайда жарылыстан кейін адамдар радиациядан уланған жерлердегі өз үйлеріне оралып отырды.

1989 жылдың ақпанында Семейдегі атом полигонын жабу үшін «Невада – Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өткізілді. Оны белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов басқарды. Сол жылдың 6 тамызында Семей облысының Қарауыл ауылында ядролық қаруды сынада мораторий жариялау жөнінде КСРО және АҚШ Президенттеріне үндеу жарияланды. Сол уақытқа дейін үнсіз келген халық бір дауыстан «Ядролық қаруға жол жоқ!», «Сынақтар

тоқтатылсын!» деп мәлімдеді. Ядролық сынақтардың қатері жөнінде барлық бұқаралық ақпарат құралдарында, телевидніліктерде мен газеттерде әңгіме бола бастады. Радиациялық сөулелердің зардаптары жайлы дәрігерлер мен ғалымдардың ашық әңгіме қозғауға батылдары жетті. Бұқараның қысымымен Семей полигонындағы сынақтар саны азайып, сонында КСРО үкіметі ядролық қаруды сынауға тыйым салу – мораторий жасау туралы шешім шығарды.

1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигоны жабылып, 1992 жылдың мамырында оның базасында Курчатов қаласындағы Үлттық ядролық орталық құрылды.

Денсаулық сақтау министрлігінің 2012 жылғы бұйрығы бойынша зардап шегушілердің тізімі жасалды. Бұғінге дейін полигоннан зардап шеккен 260 мың адам тізімге енген. Басқа қалалар мен облыстарға көшіп кеткен Семей өнірінің бұрынғы тұрғындары есепке алынып бітпеген. Демек, Семей полигонының зардабы қазақ жерін өлі кезіп жүр.

(Заман Дауірұлышының «Семей полигонының зардабы» мақаласынан)



3. Көркемдік құралдардың көмегімен оқылым мәтінінің бір бөлігін түрлендіріп жазындар. Өзгерістерді көрсетіңдер. Ырықсыз етістерді табындар.

Мәтіннің бастапқы бөлігі	Мәтіннің өзертілген бөлігі



4. Көркемдік құралдарды ұтымды қолданып, бұғінгі тақырып бойынша өлең, әңгіме немесе шығарма жазындар.

Үлгі:

Жарылыштан тау мен тасым үгілді.

Халық жүден, бұл жағдайдан түңілді.

91-де жабылып бұл полигон,

Ядролық орталықтар құрылды...



5. Дүниежүзіндегі сынақ өткізілген полигондар туралы қосымша әдебиеттерден мәлімет жинақтаңдар. Сілтеме жасай отырып, шолу жасаңдар.



Сын айту – ойлаудың биік шыңы

Жеке сынни көзқарасты қалыптастыру үшін оқу керек, іздену керек. Білім алу, танымды кеңейту арқылы ғана сын айта аламыз. Сын айтуды қарапайым пікір білдіруден бастасақ болады. Пікір білдіру арқылы сынни көзқарас қалыптасады.

Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының сынға берген анықтамасымен танысайық. «Сын деп – адам ісінен шыққан нәрсені тексеріп, баға беруді айтамыз. Сынға салынатын нәрсе көп адам күшімен, ісімен жасалған мемлекет сияқты ұлы нәрсе болуы да ықтимал. Жалғыз адам жасаған ұсақ нәрсе болуы да ықтимал. Адамның қай ісінен шыққан нәрсе болса да, сынға салудағы мақсат – жақсы-жамандығын ашу, мән-мағынасын анық таныту.

Сыни пікір айтылатын нәрселер	Мақсаты
Ғылым тарапынан шыққан нәрсе	Ғылым жүйесіне дұрыс-терісін көрсету.
Өнер тарапынан шыққан нәрсе	Мақсатқа сәйкес келген-келмегенін көрсету
Кәсіптен өнген нәрсе	Тіршілікке жайлыш-жайсыздығын көрсету
Қоғамшылықпен құралған нәрсе	Адамға қолайлы келу-келмеуін көрсету

Әдебиет адам ісінің бір түрінен шыққан нәрсе болғандықтан, бұз да сынға түспек. Шығармалардың түсетін сынының жалпы аты «әдебиет сыны» деп айтылады», – деп көрсетеді А.Байтұрсынұлы.



Семей облысының атынан КСРО депутаттарының I съезіне қатысқалы отырған О.Сүлейменов 1989 жылы 28 ақпанда ядролық сынаққа қарсы «Невада – Семей» антиядролық қозғалысын құру туралы үндеу тастады. Қозғалыстың мақсаты, біріншіден, халықты ояту, екіншіден, полигонды жабу, үшіншіден, зардал шегіп отырған халыққа көмек көрсету туралы заңның қабылдануы үшін әрекеттер жасау болатын. Әрине, бұгін қозғалыстың алға қойған мақсаттары толықтай орындалды.

1991 жылы Н.Назарбаевтың Қаулысымен полигон толықтай жабылды. Кейіннен 29 тамыз – Халықаралық ядролық қаруға қарсы құрес күні болып бекітілді, Қазақстан ядролық қарудан бас тартты.

(Салауат Тапбергенов)



Жұрт алдында сөйлеудің дайындық жолдары

Жұрт алдында сөйлеуге дайындық бірнеше сатыдан тұрады: 1) психологиялық дайындық; 2) нақты сөзге дайындық; 3) күнделікті дайындық.

Міндетті түрде психологиялық дайындық жүргізілуі керек. Сөйлеуші өзінің қорқынышын жеңіп, көніл күйі мен сезімін билей алуы қажет. Шешенниң толқуы дайындығының аздығынан болуы мүмкін. Материалды қаншалықты жақсы білсе, соншалықты аз толқиды.

Нақты сөзге дайындық – тақырыпты анықтау, мақсатын тұжырымдау, материал жинақтау, оны жүйелеу, аудиторияның ерекшелігіне қарай үйлестіре білу, ойларын бір арнаға тоғыстыру.

Күнделікті дайындық – үнемі ізденип, білімін толықтыру, соңғы жаңалықтардан хабардар болу, газет-журнал, радио-телеарналардан хабарламалар тыңдап, көркем әдебиетті, ғылыми кітаптарды көп оқу.



- 6.** Өн мәтінімен танысындар. «Полигон зардалтары» тақырыбында жұптарыңмен (өлеңмен не қара сөзben) айттысындар.

Заман-ай

*Өнін жазған – Төлеген Мұхаметжанов
Сөзін жазған – Ұлықбек Есдәulet*

Үлдарыңың қайда кеткен құрығы,
Қыздарыңың қайда кеткен бұрымы?
Мейірімге зарықтырған заман-ай,
Заман-ай, заман-ай,
Туган жердің лайланды-ау тұнығы!

Қайран елім, қайран жерім,
Қор болған-ай,
Жомарттығы сор болған-ай,
Жарылыштан көз ашпаған далам-ай!

Қираттық та ата-баба мазарын,
Қасіреттің тарттық енді азабын.
Қон етінді ойып берген, заман-ай,
Заман-ай, заман-ай,
Көслетін көрпен қайда, қазағым?!



- 7.** Жұрт алдында сөйлеуге дайындалып, «Қазақстан – ядролық сынадтар мекені емес» тақырыбында шығарма жазындар.

§4.

Таза болса табиғат, аман болар адамзат



1. Ойтүрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Әлемнің қай мемлекеттерінде экологиялық мәселелер белең алуда?
2. «Фаламдық экологиялық дағдарыс» дегенді қалай түсінесіндер?



2. Мәтінді оқып, көтерілген мәселелерді анықтаңдар, оларды топтастырыңдар.



Қазіргі әлемде экологиялық мәселелер өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналды, тіпті ядролық соғыс қаупі де оның көлеңкесінде қалып қойды. Адамның шаруашылық іс-әрекетінің қауырт дамуы табиғат ахуалының күрт тәмендеуіне әкеліп соқты, көп жағдайларда орны толмас зардаптар қалдырыды. Экологиялық дағдарысты кез келген аймақтан көруге болады.

Адамды құтқару дегеніміз, ең алдымен, табиғатты сактау. Адам әрекеті жер бетіндегі суды, ауаны ластап келеді. Құн сайын өнеркәсіп орындары ауаға орасан зор улы газ және өте майда бөлшектерден тұратын қоспаларды шығарып жатыр. Олар ауамен бірге жер бетіне тарайды. Қейде оларды жел алғашқы шыққан орнынан мындаған километр жерге айдан апарады. Міне, сондықтан да газ немесе қатты зат түрінде бөлініп шығатын заттардан ауаны қорғаудың адам деңсаулығы үшін маңызы зор. Ауаға улы қосындыларды жібермеу – адамзат баласының алдында тұрған үлкен мәселе. Ауаның әртүрлі жолмен былғануы атмосферада бірте-бірте мутагенді өзгерістер тудырады. Мысалы, қалалардың үстін 2000–2500 метр биіктік көлемінде газдар мен ұсақ бөлшектерден тұратын қара қошқыл тұтін басып тұрады.

Осындай құбылыстардың нәтижесінде Күннің ультра күлгін сөулесі жетіспей, қала ішінде жүқпалы ауру тарататын микробтар көбейеді. Адамдар неше түрлі ауруға шалдығады. Фотохимиялық тұман өсімдіктер өлемі мен жануарлар дүниесіне де орасан зиян келтіруде. Осыған байланысты шетелдерде және біздің республикамызда атмосфералық ауаны таза үстая мақсатында автокөліктердің қозғаушы күшін жетілдіру, нейтрализаторлар орнату, газбен, электр қуатымен жүретін көліктер шығару міндеттері қарастырылада.

Егер бұл мәселелердің шешуін тауып, алдын алмаса, ауаның жер бетіндегі қабатын көлік және өнеркәсіп газдары мен тұтіннен тұратын қалың тұман басып, Күн сөулесі жиналған газдарды ыдыратып, улы қоспалар түзеді. Мұның салдарынан адамдардың көзі ауырып, өкпесіне улы газ толып, үздіксіз жөтеліп, тынысының тарылуы мүмкін. Бұл экологиялық дағдарыс үлкен күйзеліске ұшыратып, жүздеген, мындаған адамның өмірін жалмайды.

(«Экология» оқулығынан)



3. «Атмосфералық ауаны ластанудан қорғау» тақырыбында пікірлерінді ортаға салындар. Өз ойларынды дәлелдей, басқалардың пікірлеріне сыни тұрғыда баға беріңдер.



Ормандардың азаюы

Тропикалық ормандар – оттегінің басты көзі және оттегі тепе-тендігін сақтауда үлкен рөл атқарады. Соңдықтан тропикалық ормандарды «планетаның жасыл өкпесі» деп те атайды. Соңғы 50 жылда адамның қатысуымен жер бетіндегі ормандардың $\frac{2}{3}$ бөлігі, ал соңғы 100 жылда орман массивтерінің 40%-і жойылған. Ең көп шығынға ұшырап жатқан елдердің қатарына Бразилия, Мексика, Үндістан, Тайланд жатады. Егер тропикалық ормандар осындай қарқынмен жойыла берсе, 30–40 жылдан соң жер бетінде мұндай ормандар қалмайды. Тропикалық ормандар аумағының азаюы әсерінен атмосферадағы оттегінің мөлшері XX ғасырдың ортасымен салыстырғанда жыл сайын 10–12 млрд тоннаға азайып, ал көмір қышқыл газының мөлшері 10–12% -ке көбеюде, яғни оттегі тепе-тендігінің бұзылу қаупі бар.

Ормандардың жойылуының басты себептері: орман ал-қаптарының ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру үшін өндеделуі, ағаш отындарға сұраныстың артуы, ормандарды өнеркәсіп қажеттігі үшін қырқу және дамудың үлкен масштабты жобаларының іске асуы.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Рио-де-Жанейродағы конференциясынан соң дамушы елдер орман ресурстарын сақтау мәселесі бойынша халықаралық келісімге дайын екендіктерін растиады. 1993 жылы Бандунг қаласындағы кездесуде өлемнің барлық климаттық аймақтарында орманшаруашылығының дамуын қамтамасыз ететін бағдарламалар жасау және оны бақылау туралы халықаралық комитет құру жөнінде ойлар айтылды.

(«Экология» оқулығынан)

-  4. «Орманның азаюы» мәтінін негізге алып, бұйрық рай мен қалау рай етістіктерін қатыстырып, «Планетаның жасыл өкпесі» тақырыбында өлең не әңгіме жазындар.
-  5. Даала философтары – қазақ жырауларының толғауларынан алғынған үзінділерді авторларымен сәйкестендіріндер. Тақырыппен байланысын анықтаңдар.

Қазтуған жырау	Айналасын жер тұтқан Айды батпас демеңіз. Айнала ішсе, таусылмас Көл суалмас демеңіз.
Бұқар жырау	Еділдің бойын ен жайлап, Шалғынына бие біз байладап, Орындықтай қара сабадан Бозбаламен күліп, ойнап, Қымыз ішер күн қайда!?
Шалқиіз жырау	Тогай, тогай, тогай су, Тоғай қондым, өкінбен. Толғамалы ала балта қолға алып, Топ бастадым, өкінбен.
Доспамбет жырау	Жапырағы жасыл жаутерек Жайқалмағы желден-дүр. Шалулығы белден-дүр, Төренің кежігүі елден-дүр.



Шешеннің көпшілік алдында өзін ұстau мәдениеті

Шешеннің мәдениеті тыңдаушы ортаның ерекшелігін ескеруден және соған қарай өзін бейімдеуден анық көрінеді. Сөйлегенде мынадай нәрселер ескерілуі тиіс:

- 1) сөйлеу интонациясын қалыптастыру, атап айтсақ, дауыс саздылығы, мақам, сөз ырғагы, керекті жерінде кідіріс жасай білу;
- 2) сөз саптауда тыңдаушылардың жас ерекшелігі мен әлеуметтік ерекшелігін ескеру;
- 3) бет-жүз, дene қимылдары, ым-ишараптардың сөз әсерлілігін арттыру мақсатында жұмсалып, барынша табиғи болуы;
- 4) қолды сермеуге, қатты құлуге, аса қатты сөйлеуге немесе мінгірлеп сөйлеуге жол бермеу;
- 5) өзі туралы айта беру, барлық сөзді өзінен бастау – әдепсіздік, сондай-ақ білмейтін нәрсе туралы айтудың қажеті жоқ;
- 6) дауыс көтеріп сөйлеген адамға дәл солай жауап бермей, байыппен сөйлеу керек.



- 6.** Мәтінді негізге алып, өздерің білетін шешеннің көпшілік алдында өзін ұстau мәдениетіне сынни тұрғыда баға беріңдер.

Улken дипломат әрі ғалым, академик Төлеген Тәжібаев туралы айтқанда, оның тамаша ұстаздық, тәлімгерлік, дәріс-керлік қасиеттерін ерекше атап көрсеткен дұрыс. Психология саласында оқыған дәрістерінің мазмұны аса терең, ғылыми өрісі кең, тыңдаушыға тартымды да әсерлі болған. Фалым-ұстаз лекциясының жинақы, логикасы көкейге қонымды, мазмұнды, ғылыми құндылығы жоғары болуына баса назар аударатын. Аудиторияны бірден баурап алатын, мейлінше байсалды да байыпты, биязы, майда қоңыр дауыс ырғагы да оның ұстаздық тұлғасын даралай түсетін. Оның жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай сыпайы әрі салмақты болатын, біреумен сөйлесе келгенде, оның сөзінен білімді, мәдениетті адам екені бірден сезілетін... Т.Тәжібаевтың ізеттілігі оның қанына сіңген қасиет болатын.

(Мәулен Балақаев)



- 7.** «Дүниежүзілік экологиялық дағдарыс» тақырыбында деректер жинап, сілтеме жасап, мақала жазындар. Шешендерше сөз саптап, мәселені шешу жолдарын ұсынындар.

§5.

Атом өнеркәсібі



1. Ойтүрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Өнеркәсіптің қандай түрлерін білесіндер?
2. Атом өнеркәсібінің ел өмірінде алатын орны қандай?



2. Таза ғылыми стильдегі мәтінді оқып, құрылымын, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Атом өнеркәсібі – уран кенін өндірумен шұғылданатын, одан атом энергиясын өндіретін және сол энергияны пайдаланып жұмыс істейтін өнеркәсіп саласы. Ядролық энергия өнеркәсіpte, ғылымда, медицинада т.б. салаларда пайдаланылады. Ядролық энергияны пайдаланып, атом электрстансылары жұмыс жасайды, кеме, пойыздар жүріп, ұшақтар мен зымырандар үшады.

Атом өнеркәсібі 50-жылдардың орта шенінде, атап айтқанда, 1954 жылы КСРО-да тұңғыш АЭС іске қосылғаннан кейін жеке өнеркәсіп саласы болып қалыптасты. Бұдан кейін Ұлыбританияда, АҚШ-та АЭС-тар іске қосылды. 1997 жылы барлығы 437 АЭС жұмыс істеді. Олар дүниежүзіндегі әлектр қуатының 17%-ін өндірді.

Қазақстан уран қорының молдығы жөнінен өлемде 1-орынды иемденеді. 50-жылдардан бастап Қазақстандағы 20 кен орнында уран өндіру жұмыстары жүргізілді. Қазақстанның барлық аймақтарында уран өндірумен айналысадын өндіріс орындары бар. Олардың ең ірілері: Тау-кен химия комбинаты (Орталық Қазақстан), Ертіс химия-металлургия зауыты (Шығыс Қазақстан), Қаспий жағалауы тау-кен металлургия комбинаты (Батыс Қазақстан), Оңтүстік Қазақстан кен басқармасы т.б.

Қазақстандағы тұңғыш АЭС – Ақтау қаласында салынған (1973 ж.) шапшаң нейтронмен жұмыс істейтін BN-350 реакторы бар энергия комбинаты. Бұдан басқа Қазақстанның Үлттық ядролық орталығында төрт зерттеу реакторы жұмыс

істейді. Оның үшеуі Курчатов қаласының маңында, біреуі Алматы қаласының жанында орналасқан.

(«Қазақ энциклопедиясы», 5-том)



3. Оқылым материалы бойынша негізгі ақпаратты ірікте, тұртіп жазындар (конспектілендер).



Осыдан тұра 30 жыл бұрын, яғни 1986 жылы 26 сәуірде Украинадағы Чернобыль атом электрстансысы жарылған болатын. Апаттың салдарынан Украинаның елеулі аумағы мен Ресейдің Брянск және Калуга облыстарының аумағына радиоактивті ауа жайылдып, халық өміріне зор қауіп тәнді. АЭС-тен радиусы 30 шақырым жерде тұратын халық басқа жерлерге көшірілді. Апатқа ұшыраған аумақ залалсыздандырылды. Кенеттен келген апаттың зардабын жоюға Қазақстан азаматтары да тартылды. Радиоактивті тұтін ол аймақтан асып, 10-нан аса мемлекеттің 145 мың км² жерін ластады, кем дегенде 5 млн халық зардап шекті.

(e-history.kz)



4. Атом өнеркәсібінің адамзатқа тигізетін зардабы туралы өзара диалог құрындар. Талқылау сұрақтарын құрастырып, сынни тұрғыда баға беріндер.



Сыни пікірдің өзіндік ерекшелігі

Сыни пікір – көркем шығарма, мақала, ғылыми-зерттеу жұмысы, монография, эссе және т.б. еңбектерге жазылған сынни шолу, сараптамалық пікір.

Сыни пікірдің құрылымы:

1. Еңбектің авторы, тақырыбы, көлемі т.б. туралы мәлімет.
2. Жұмыстың қысқаша мазмұны, өзектілігі.
3. Сыни пікір берушінің жұмысты оқығаннан алған әсері.
4. Сыни талдау, яғни жұмыстың құрылымын, баяндау стилін, дәлдігін, автор шеберлігін т.б. бағалау.
5. Жұмыстың артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсету.
6. Жұмысты бағалау, ұсыну т.б.
7. Сыни пікір берушінің аты-жөні, лауазымы.



5. Берілген ұлгіні негізге алып, жұптарыңың үй тапсырмасына – «Дүниежүзілік экологиялық дағдарыс» тақырыбындағы жазба жұмысына сини пікір жазыңдар.

Ұлғі:

Алматы қаласы №17 мектептің 11-сынып оқушысы Манапова Жұлдыздың «Асыл тас атауларының танымдық сипаты» мақаласына

СЫНИ ПІКІР

Мақала қазақ тіліндегі айрықша лексикалық топ – асыл тас атауларының танымдық сипатын ашуға арналған. Мақалада қазақ халқының эстетикалық талғамы, дүниетанымы, біз білетін және білмейтін атаулардың тілдік табиғаты туралы қызық материалдар бар.

Жұмыс кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде халқымыздың эстетикалық талғамы туралы жазылған шығармаларға, дереккөздерге шолу жасалады. Негізгі бөлімде көптеген асыл тас атауларының этимологиясына байыпты талдау жасалған, оны дәлелдейтін мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер сараланған. Қорытындыда асыл тас атаулары халқымыздың тарихи-мәдени, эстетикалық, өркениеттік құндылықтарынан ақпарат беретін тілдік бірлік ретінде анықталды.

Мақаланың тілі жатық, мәселені талдауда автордың ғылыми-көпшілік стильді орынды қолданғаны байқалады.

Жұмыстың артықшылығы: асыл тас атауларына байланысты атальмадарды, фразеологизмдерді, антропонимдерді жинақтап, топтастырған, өзіндік пайымдаулар жасаған.

Десе де мақалада әшекей бұйым атаулары мен асыл тас атаулары араласып кеткен. Мысалы: шашбау, түйме, қын т.б. әшекей бұйымдарын асыл тас атауларына жатқызуға болмас.

Қорыта айтқанда, 11-сынып оқушысы Манапова Жұлдыздың «Асыл тас атауларының танымдық сипаты» мақаласы – өзекті мәселеңі көтерген, оқушының ізденүшілік қабілетін танытатын жұмыс. Жоғарыда аталған ескертулерді жөндейп, баспаға ұсынуға болады.

Сыни пікір беруші:

№85 мектептің педагог-сарапшысы
Н.Дүсіпова



Реті	Шешендік сөзге қойылатын талаптар
1.	Шаршы топ алдында әлеуметтік тақырыпта сөйленетін шешендік сөз мәнді де мағыналы, мазмұнды болуы керек.
2.	Тыңдаушыны баурап алар, жүргегіне жетер әуезділік пен көркемдігі болуы шарт.
3.	Шешендік сөздің өзегінде ой салатын негіз, дәлел болуы керек.
4.	Айтылатын ой айқын да нақты болып, нанымды әрекетке бағдар беруі қажет.
5.	Шындық пен ақықатқа құрылыш, мәңгілік құндылығын жоймайтын сипатта болғаны жөн.
6.	Ұтқыр шешімге, тапқыр қысынға, қолма-қол шығарылатын сұрыпсалмалыққа құрылады.



Елді аузына қаратқан шешен болам десен...

- Тыңдаушылардың өздері жақсы білетін нәрсені тәптіштеп айтып жатудың қажеті жоқ. Сөзің кісіге білім беретіндей, кісінің жүргегін қозгайтында болу керек.
- Өзін өзгеден артық санап, «мен білгенді тыңдаушыларым білмейді» дегендей пигыл білдіріп, білгішсініп, мақтана сөйлеген жанның айтқаны далага кетеді.
- Шешеннің дауысы булығып шығып, бірсыдырғы өуенмен, жігерсіз, баяу сөйлейтін болса, айтқаны қаншама қызық болғанмен, тыңдаушыларды тез жалықтырады.
- Тыңдаушыларға көз қырын салмай, екі көзін қағаздан алмай сөйлейтін кісіні жұрт онша ұнатпайды, біреу жазып берген сөзді оқып, өзгелерді алдаң тұргандай көреді.
- Шешеннің сөзі қысқа өрі тұжырымды болуы керек. Аз сөзben айтуға болатын ойды көп сөзben езгілеп, тыңдаушысын ығыр қылу – әдепсіздік. Мейлінше аз сөзben көп нәрсе айтуға тырысқан жөн.
- Шешеннің сөзінде жүйе болмаса, әр нәрсенің басын бір шалып сөйлесе, ондай шешенді тыңдау да қыын...

(Абат Қыдыраевтың «Шешендіктану: теориясы және практикасы» еңбегінен)



6. Атом өнеркәсібінің пайдасы мен зияны туралы нақты дәлелдер келтіріп, аргументті эссе жазындар. Жұрт алдында сөйлеуге дайындалып, «Фибратты сөз» айдарында берілген талаптарды сактап, сыныптастарыңа оқып беріндер.

§6.

Мұнай өнеркәсібі және қоршаған орта



- Суретке қарап, еліміздегі мұнай өнеркәсібінің рөлі туралы ойла-рынды ортага салындар.



- Мәтіндерді мұқият оқып, салыстыра талдаңдар.

«Мұнай өнеркәсібі» мәтіні	«Аспан мұнарадан басталады» өлеңі
	Тақырыбы
	Автор көзқарасы
	Көзделген аудиториясы
	Құрылымы мен тілдік ерекшеліктері

Мұнай өнеркәсібі

Мұнай өнеркәсібі – отын өнеркәсібіндегі жетекші рөл атқаратын сала, негізгі стратегиялық шикізат көзі. Мұнайды өндемей қолдана алмаймыз. Одан 300-дей өнім алынады: ең қажетті өнімдер – көліктеге арналған отын (бензин, керосин) және химия өнеркәсібіндегі шикізаттар.

1960 жылдардың ортасында Маңғыстаудағы Өзен, Жетібай, Қаражамбас, Қаламқас, Солтүстік Бозаңы, Қеңқияқ, Жаңажол т.б. кен орындарындағы мұнайға барлау жасалды. Кейінірек Қарашығанақ, Теніз сияқты алып мұнай кен орындары ашылды. 1980 жылдардың басында республикамызда үшінші ірі кен орны – Құмкөл пайдада болды. 1990 жылдардың басында Қазақстандағы ең үлкен мұнай кен орны – Қашаған ашылды. Мұнай қоры жағынан (4,8 млрд т) Қашаған дүние жүзінде бесінші орында.

1970 жылдары республикамыздағы барлық мұнайды үш облыс (Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе) өндіретін, қазір 6 облыс өндіріп отыр. Қөш бастаушы – Атырау облысы.

Өндіріс ауданынан тұтынушыға теміржол арқылы цистернада және Каспий теңізі арқылы танкермен жеткізіледі. Негізгі бөлігі құбыр арқылы тасымалданады.

Мұнайды мұнай өндіртін зауыттарда өнддейді. Мұнай өндіртін зауыт көбінесе тұтынушыға негізделген. Қазақстанда 3 ірі мұнай өндіртін зауыт (Атырау, Павлодар, Шымкент) және кішігірім жанар-жагармай зауыты Қарашығанақта жұмыс істейді.

(«Қазақстанның мұнай энциклопедиясынан»)

Аспан мұнарадан басталады

«Қара дария» буырқанып тасыған,
Айнымайды арулардың тарқатылған шашынан.
Білесің бе,
Біздің жақта аспан деген басталады, жас ұлан,
Мұнаралар басынан.
Барады, әне, вахтасына оператор асығып,
Тербел ылғи жас жүрегін жалыны мол жас үміт.
Мақпал тұн ғой,
Құс жолы да аяғына бас ұрып,
Жатар жерде шашылыш.
Мақтанамын бай қазына кең далама біткенге.
(Ырыс көп қой таңды өзгеден бұрын тұрып күткенге).
Еңсе биік мұнарадай,
Арманым да тым асқақ,
Сол өңірде туып-өскендіктен де.

(Айтуар Өтегенов)



Мұнай мен газ улы заттар болғандықтан, қоршаған ортага түскенде, табиғатқа және адам денсаулығына орасан зор зиян келтіреді. Осы зиянды азайту мақсатында табиғатты сақтау технологиясын қолданып отыру қажет. Өндіруші компанияларға ілеспе газды жағуға тыйым салынды. Мұнайды бұрғылау орындарын су басып кетпей үшін арнайы дамбалар түрғызылуы керек. Мұнай мен газды өндіретін және өндейтін аудандарға жақын орналасқан елді мекендердегі адамдар басқа жаққа, яғни қолайлы жерге көшіріледі.

(«Қазақстанның пайдалы қазбалары» кітабынан)



3. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» тақырыбында өз таңдауларың бойынша шығармашылық жұмыстың бір түрін орындаңдар.



4. Жұптарыңың шығармашылық жұмысына сынни пікір жазыңдар.

1. Шығармашылық жұмыстың (өлең, өнгіме не шығарма) авторы, тақырыбы (1 сөйлем).
2. Жұмыстың қысқаша мазмұны, өзектілігі (2 сөйлем).
3. Жұмысты оқығаннан алған өсерің (1 сөйлем).
4. Жұмыстың құрылымы, баяндау стилі, дәлдігі, автор шеберлігі (2 сөйлем).
5. Артықшылықтары мен кемшіліктері (2 сөйлем).
6. Сыни пікір берушінің аты-жөні (1 сөйлем).



5. Аудиожазбадан (03. mp3) «Фаламдық шикізат дағдарысы» мәтінін тындаң, мақсатты аудиториясын, стилін анықтаңдар. Терминдері мен ұғымдарын, тілдік оралымдарын талдау арқылы дәлелдендер.

Мәтіннің мақсатты аудиториясы	Мәтіннің стилі



6. БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік еңбектерден еліміздегі мұнай және газ кен орындары туралы деректер жинап, «Мұнай мен газ – Қазақстанның басты шикізат байлығы» тақырыбында мақала дайындаңдар.

§7.

Өнеркәсіп қалдықтарының табиғат апатын тудыруы



1. Ойтурткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Қалдық, соның ішінде өнеркәсіп қалдықтары дегеніміз не?
2. Өнеркәсіп қалдықтарының адам денсаулығы мен табиғатқа зияны қандай?



2. Мәтінді оқып, стилін, құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Адам баласының кез келген шаруашылық өрекеті өртүрлі қалдықтармен биосфераны ластайды, бұл халықтың денсаулығы мен өміріне, флора мен фауна түрлерінің қысқаруына әкеледі, қоршаған ортадағы тепе-тендікке қауіп тудырады. Бірақ кен үйінділерін, өнеркәсіп қалдықтарын, қоқыстарды, қаланың шөп-шаламдарын тек қоршаған ортаны бұзатын ластағыштар деп санауга болмайды, олар – құнды шикізат көздері. Жетілдірілген технологияның жоқтығына байланысты оларды өндеп, қажетті өнім алу әзірше жолға қойылмаған, сондықтан бұларды сақтауға, жоюға, тасуға, көмуге және т.б. жұмыстарға көптеген қаражат, энергия, уақыт жұмсалуда.

Екінші реттік энергоресурстар дегеніміз – тікелей осы өндіріс өнімдерінің, қалдықтардың, жанама және аралық өнімдердің энергетикалық потенциалдары. Екінші реттік энергоресурстарды жүзеге асыру жылу мен энергияны үнемдеумен қатар, атмосфераға бөлінетін жылу мөлшерін азайтып, қоршаған ортаны қорғауға септігін тигізеді. Мысалы, Череповец металлургиялық комбинатына қарасты зауыттың жылу электр орталығында барлық қазандық екінші реттік ресурстарды пайдалану арқылы жұмыс істеуде.

Құс фабрикаларынан қалдық ретінде шығатын құс жүндері арзан шикізат ретінде қолданылада, одан жоғары сапалы мал жемін, яғни құрамында 85% -ке дейін белогі бар ұн алуға болады. Мұндай өндіріс Германияда жақсы жолға қойылған, онда 3 т қалдықтан 1,2 т ұн алынады.

Қалдықтар проблемасын шешу қолымызда бар заттарды тиімді пайдалануға тікелей байланысты. Мысалы, күйіп

кеткен лампалардан вольфрам алу түкке тұрмайтын іс сияқты. Жаңып кеткен бір лампочкада 10 мг-дай вольфрам болады, ал оның миллионында – 10 кг. Өнеркәсіпте осы қымбат, тапшы металдың 10 кг-ын алу үшін вольфрамит пен шееллиттің 1 тоннаға жуық көлемі өндөледі, сонымен қатар біраз энергия мөлшері жұмсалады. Вольфрам оксидінің геологиялық қоры – 1 млн тонна. Жер шары масштабымен есептегендеге, ашылған қор 50 жылға ғана жетуі мүмкін. Бұл мәлімет вольфрам қосылыстарын тастамай, қайта өндөуге ерекше көңіл аудару қажеттілігін көрсетіп отыр.

(«Қазақ тілі терминдерінің салалық
жылыми түсіндірме сөздігінен»)

Айтысты менгеру жолдары

Айтыс өнерінің бүгінгі жетістіктері – оның сатиравың деңгейінің биіктегені, заман келбетіндегі кемшіліктерді өткір сынай білуі, проблема көтеру, ақындардың өзіндік стилінің қалыптасуы т.б.

«Айтыс – еріккеннің ермегі емес, биік өнер. Ол – сөз бер ойдың, тапқырлықтың шыңы. Сондықтан да айтыскерге терең білім, үлкен даярлық керек. Ақын тарихты зерделейді. Қоғамдық ой қалыптасырады. Ата сөзін жинаиды. Шежіре ақтарады. Қазіргі ақындар осы үрдісті одан әрі дамытып, халықтық мәселелерді көтеруді айтыстың ажырамас бөлігіне айналдырыды» (Мырзатай Жолдасбеков).

Айтыс – білімділікпен бірге шығармашылықпен ойлауды талап ететін пікірталастың ең ерекше түрі. Айтысу шарттарын орындау үшін баланың жан-жақты ойлау дағдысын дамыту керек. Бұл түрғыда окушы сынни және логикалық ойлау қадамдарын жақсы білуі керек. Осы бағытта ойлана білген окушы кез келген заттан, мәліметтен, құбылыстан тың идея көре біледі. Оны тапқырлықпен ұштастырып, ойын түйіндең, үйқастыра жеткізеді. Өлең жолдарының мазмұнын да, мағынасын да үйлестіре алады. Ассонанс пен аллитерация мұмкіндіктерін де еркін кіріктіреді.

Мысалы:

Достықтың білсең бағасын,
Демеуші тірек табасың.

Ақыл мен білім бір болсын,
Арнаға ұшқыр ой толсын (А.Қасымбек, Р.Дүйсебаева).



3. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, «Өнеркәсіп қалдықтарының көбеюі әкологиялық апат па?» тақырыбында келісу/ке-ліспеу эссеін жазындар.



4. Жұптарыңның жазған эссеіне сынни пікір беріндер.



5. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

Мәтіннің зерттеу нысаны мен мақсаты	Мәтіннің стильдік ерекшеліктері

2-топ. Өздерің тұратын аймақтардағы өнеркәсіп қалдықтарының адам денсаулығы мен табигатқа тигізіп жатқан зияны туралы ойталқы өткізіндер. Мәселені шешу жолдарын ұсынындар.

3-топ. Үлгіні негізге алып, қайым айтыс (айтыстың бір шумақ өлең-мен қайырып отыратын шағын түрі) үйімдастырындар.

Бұғаңға болыстар қонағында... Абай Байқөкшені жүртқа елеулі етпек боп, сөзге қатысты:

– Байеке, ендеше, іркілме, шұбыртпа. Мен бірауыз өлең-нің басын бастайын, соның аяғына болыстар туралы елдің не айтатынын сен қосып жіберші, көні! – деді.

Өзі де бөгелместен, қатты дауыстап өлеңдетіп кетті.

Ойпаң жерге қауындал шөп бітеді,

Кей жігітке мал мен бас көп бітеді, –

деп қалып еді. Жүгініп отырған Байқөкше көтеріле беріп, қабағын керіп жіберіп, лезде іле жөнелді:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсан,

Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді.

– Миңе, ел сөзі! – деп, Тәкежанға қарап, сақылданап күліп жіберді.

(«Абай жолы» роман-эпопеясынан)



6. «Қазіргі айттыс» жинағынан (құрастыруышылар: И.Нұрахметұлы, С.Дүйсенғазин. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2004) ақындардың Жер-Ана, туған жер, табигат тақырыбын көтерген айттыстарынан үзінділер жазындар. Өздерің де ақындарша ой толғап, осы тақырыпта 3–4 шумақ өлең шығарындар немесе өз ойларынды 8–10 сөйлеммен қорытындылаңдар.

II бөлімді қорытындылауға арналған тест тапсырмалары

1. Сөйлемнің стилін ажыратындар. *Өзендердің нитраттармен, фосфаттармен ластануы артуда.*
 - A. Қөркем әдебиет стилі
 - B. Ресми ісқағаздар стилі
 - C. Публицистикалық стиль
 - D. Фылыми стиль
 - E. Ауызекі сөйлеу стилі
2. Айтыс дегеніміз не?
 - A. Сөзталас
 - B. Пікірталастың өнер деңгейіне көтерілген ерекше түрі
 - C. Ойтальқы
 - D. Жер дауы
 - E. Шешендік сөз
3. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойындар. *Суды ысырапсыз пайдаланудың нәтижесінде Арал теңізінің ... төмендеп, ... 30–200 км-ге дейін құсырылды.*
 - A. Деңгейі, су айдыны
 - B. Биіктігі, кеңдігі
 - C. Қөлемі, ені
 - D. Суы, қамысы
 - E. Тереңдігі, жалпақтығы
4. Шешендік сөзге қойылатын талаптар:
 - A. Шытырман оқиғаға құрылуды
 - B. Өз пікірінің дұрыстығына көз жеткізуі мақсат етуі
 - C. Мәнді, мағыналы, мазмұнды болуы; ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға, суырыпсалмалыққа құрылуды
 - D. Қарсыластың кемшілігін таба білу
 - E. Психологиялық дайындық
5. Сыни пікірдің өзіндік ерекшелігі:
 - A. Жеке тұлғаның кез келген жағдайдағы мәселені зерттеп, қорытып, өз ойын еркін жеткізе алуы
 - B. Нақты сөзге дайындық
 - C. Бірнеше адамның жиынтық ойы
 - D. Терең ойлау
 - E. Жұмыстың қысқаша мазмұны мен өзектілігін, артықшылығы мен кемшілігін көрсету, сынни талдау жасау

- 6. Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңдар.**
- A. Арал теңізі Қазақстанның інжу-маржаны.
 - B. Қойнауы бағалы балықтарға бай, жағасы қамысты теңіз еді.
 - C. 1960-жылдардан бастап Арал теңізін игеру қолға алынды.
 - D. Халық санының, өсуіне орай суға деген қажеттілік те артты.
 - E. Апатқа үшырағанға дейінгі түздыштығы – 10–12% болған.
- 7. Ахмет Байтұрсынұлының сынға берген анықтамасы:**
- A. Адам ісінен шыққан нәрсени тексеріп, баға беру
 - B. Шешендік нақыл, мақал, мысал, жұмбақ, жауап
 - C. Бір адамға арнайы айттылған сөлем, сын, өзіл, бата
 - D. Күнделікті дайындық
 - E. Тезис
- 8. Жүрт алдында сөйлеудің дайындық жолдары:**
- A. Тыңдаушылармен жиі сұхбаттасу
 - B. Шығармашылығын дамыту
 - C. Жиналыс, конференция, съездерге көп қатысу
 - D. Өз бетінше дайындық
 - E. Психологиялық дайындық, нақты сөзге дайындық, күнделікті дайындық
- 9. Төле бидің нақыл сөзін табындар.**
- A. Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
 - B. Ақыл деген – дария,
Алдын тоссан, тоқырап.
 - C. Сөз анасы – құлақ,
Су анасы – бұлақ,
Жол анасы – тұяқ.
 - D. Шешендіктен не пайда,
Артында сөзі қалмаса?
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайран қылмаса?
 - E. Өситетке терең бол,
Өсек сөзге керең бол!
- 10. Сөйлемнің берілу формасын анықтаңдар. Еркіндігіне қамыт түссе, елдігінен не қайыр?**
- A. Мақал
 - B. Мәтел
 - C. Нақыл сөз
 - D. Проблемалық сұрақ
 - E. Сілтеме

III

БӨЛІМ

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ: МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК МИГРАЦИЯ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сөндер:

- қазіргі қоғамдағы миграцияның рөлімен танысасындар;
- миграцияның түрлерін ажыратасындар;
- зияткерлік миграцияның ел өміріндегі орнын танып, білесіндер;
- шешендік сөздердің жанрлық түрлерін (шешендік арнау, шешендік толғай, шешендік дау) менгересіндер;
- ресми ісқағаздар стилінің тілдік ерекшеліктерін танып, құжат түрлерін жазып үйренесіндер.

Миграция – проблема емес, басқаруды қажет ететін процесс.

Эльхадж Ас Си

§1.

Халықтың миграция мәселесі



1. Өз болжамдарың бойынша ойтұрткі сұрақтарына жауап беріндер.
 1. Миграцияға қатысты қандай ұғымдарды білесіңдер?
 2. Миграция мәселесі қандай себептерге байланысты туындаиды?
2. Мәтінді сызбалардағы мәліметтермен қосып, тұтас мәтін түрінде оқындар. Бұл мәселенің өзектілігінің себебін түсіндіріндер.

Миграция (лат. *migratio* – «көшпі-қон», «қоныс аудару») – адамдардың қандай да бір аумақтың шекарасынан өтіп, үзақ уақытқа немесе біржолата қоныс табу процесі. Осы негізде халықаралық және ішкі миграция анықталады. Ішкі миграция ел халқының жалпы санын өзгертпейді, ал халықаралық миграция әлем елдеріндегі халық санының өзгеруіне әкеледі, көбіне азаматтықты өзгерту орын алады.





Миграция жекелеген елдердің, аймақтардың және жалпы әлемнің экономикалық-демографиялық дамуына әсер етеді.
 («Экономикалық терминдер сөздігінен»)



Сөзталас

Сөзталас – қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда, сондай-ақ сотта орын алады. Ал кейде күнделікті өмірде, мысалы, қоғамдық жүктеме жұмыс (спорт сайысы, газет шығару, мерекені ұйымдастыру т.б.) барысында орын алғып, жоғары деңгейде болмаса да, өзіндік пікірлерін танытуға мүмкіндік береді. Сондықтан сөзталас жоспарсыз түрде кенеттен жүзеге асып жатуы мүмкін. Тұыс-туғандардың, отбасы мүшелерінің, көршілердің, қызметтестердің, кездейсоқ адамдардың даулы сөздері де сөзталасқа жатады.

Мақсаты	Кенеттен туындаған жағдайда қарсыласқа тойтарыс беру. Көбіне өзілі жарасқан ағайын, дос-жаран, көршіқолаң, қызметтестер арасында көрініс береді.
Ерекшелігі	Күтпеген жерден өріс алуды мүмкін. Суырып салып айтуда, тапқырлық таныту. Қарсыластың осал тұсын дәл табу, әдемі, шебер иіріммен тойтарыс беру.
Мәдениеті	Дөрекілікке бой алдырмау. Уақытында дереу жауап беру. Шымшыма, өзіл сөзді түсіне қабылдау. Мәдениетсіз әрекеттерді (дауыс көтеру, құшақтау, қағып жіберу, көз, қол қимылдарын орынсыз қолдану т.б.) шектеу, өзіл сөзге негізделген сөз орамдарын орынды пайдалану.



3. Билердің «Бақ дегеніміз не? Байлық дегеніміз не? Бала дегеніміз не?» деген сұрағына Төле бидің берген жауабын (96-бет) оқып, сөзталасқа жататынын дәлелдеңдер.



- 4.** Әлемнің экономикалық-демографиялық дамуына миграцияның тигізетін әсері туралы сөзталас өткізіндер.

- 5.** Аудиожазбадан (04. mp3) «Миграция мәселелері бойынша халық-аралық үйім» мәтінін тыңдау, талқылау сұрақтарын құрастырыңдар. Қотерілген мәселені сынни тұрғыда бағалаңдар.



Шешендік сөздің жанрлық түрлері.

Шешендік арнау

Шешендік сөздер жанрлық мазмұнына қарай: шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үшке бөлінеді.

1. Шешендік арнау – бір адамға арнайы айттылған сәлем, сын, әзіл, бата.
2. Шешендік толғау – шешендік нақыл, мақал, мысал, жұмбақ, жауап.
3. Шешендік дау – руаралық немесе еларалық қылмыстық, азаматтық істерді шешу барысында айттылатын шешендік сөздер.

Шешендік арнау бата, тілек, әзіл-сын, көніл айту, естірту т.б. нұсқалардан тұрады. Мысалы, Төле бидің Жетес балаға берген батасы шешендік арнауға жатады.

Тоғыз жасар Жетес: «О, баба! Ат берсең өліп қалады, тон берсең тозып қалады. Ат-тонға бергісіз, өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңы! Соған ризамын», – депті. Сонда тоқсандағы Төле би былай бата берген екен:

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол.
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала.
Өзегің талса, өзен бойын жағала,
Басыңа іс түссе, көвшілікті сағала.
Өзіңе-өзің кәміл бол,
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адал бол.



- 6.** Мәтінді оқып, шешендік арнаудың қай түрі екенін анықтаңдар.
Шешендік сөзді талдаңдар.

Шешендік сөз қандай жағдайда туған?	Шешендік сөздің көтерген тақырыбы	Шешендік сөздің тәрбиелік мәні

Жанқұтты он жеті жасында өкесінің айтуымен Сары елінің беделді би Шабанбайға бата алуға барады. Жанқұттының жайын сұрап білгеннен кейін:

– Шырағым, дүниеде не адап, әлемде не мықты? – деп сұрайды.

Сонда Жанқұтты:

Адал болсаң, судай бол:
Су арамды кетіреді.
Мықты болсаң жердей бол:
Жер жаһанды көтереді, –

деп жауап береді. Жігіттің жауабына риза болған Шабанбай би Жанқұттының бірнеше күн қонақ етіп, кетерінде:

Аллаңа жағам десен, азанды бол,
Ағайынға жағам десен, қазанды бол,
Халқыңа жағам десен, әділ бол.
Судай таза бол,
Жердей берік бол.
Өмірің ұзақ болсын,
Сөзің халқыңа қуат болсын! –

деп, батасын беріп аттандырған екен.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



Эмиграция – көшіп кету

Иммиграция – көшіп келу

Реэмиграция – көшіп кеткендердің қайта оралуы.

Репатриация – өскери тұтқындарды, босқындарды, эмигранттарды туған еліне қайтару.

(«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен»)



- 7.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
- Еліміздегі миграция мәселесі жөнінде ғылыми стильде мақала жазындар.
 - Қосымша әдебиеттерден шешендік арнаудың түрлеріне мысалдар келтіріп, талдаңдар.

§2.

Әлем және Қазақстандағы миграция



1. Ойтурткі сұрақтарына жауап беріп, оқылым мәтінімен салыстырыңдар.

1. Әлемдік миграция дегеніміз не?
2. Занды және заңсыз миграция мәселесі туралы қандай мәлімет білесіндер?



2. Мәтінді оқып, құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдандар.

Заңсыз миграция мәселесі – дүниежүзін алаңдатып отырған маңызды мәселе. «Daily Express» тілшілерінің мәліметінше, Ұлыбританияда туристердің тәртіп бұзыны жиілеген, шетел азаматтары жасаған қылмыс саны былтырғыдан 16%-ке артқан. Жергілікті полиция қызметкерлерінің айтуынша, мигранттар жиі қылмыс жасайды. Жалпы алғанда, бұл мемлекетте үш минут сайын өзге үлт өкілі қамауға алынаады. Лондонда, статистика бойынша, әрбір үшінші мигрант тәртіп бұзады. Сол себепті елде криминалды туризм өршіп тұр. Еуропада Балқан жерінің азаматтары құқық бұзушылардың алдын бастап тұр.

Заңсыз миграция біздің елімізде де өлі күнге дейін шешімін таппаған мәселе болып саналады. Заңсыз мигранттар санының артуы қылмыстың өсуіне және саяси тұрақтылықтың бұзылуына әкеледі. Мәселен, осы жылдың ортасында елордада жедел алдын алу шаралары жүргізіліп, көші-қон заңнамасын бұзған 1033 мигрант анықталды. Алматыда да осыған үқсас іспен мындаған мигрант тіркелген. Қазірдің өзінде іздеу салынған азаматтар мен бізге беймөлім қылмыстық жайттар барышылық. Қазақстандағы жұмыс күшінің біраз бөлігін заңсыз мигранттар құрайды. Олардың арасында маусымдық жұмыстарды істейтін адамдар басым.

Қазақстандағы криминалдың өршуіне шетелдік жұмыс күші санының артуы себеп болуы мүмкін. Егер заңсыз іс-әрекеттерге, тәртіп бұзушыларға тиісті шаралар қолданылmasa,

Ұлттық қауіпсіздік құлдырайды. Ондай жағдайда елімізде криминалды ортаның пайда болмасына кім кепіл?!
(Дайындаған Арай Жұматай)



Шешендік толғау

Шешеннің жан дүниесіндегі шымырлаған толғаныс толқындары тыңдаған жаңға әсер ететін толғау күйінде өріледі.

Толғау – шешеннің ішкі толғанысы. Ол өмір, дүние сырьы, адамдар қатынасының түйінін шешу т.б. күрделі мәселелерге арналады. Толғау өлеңмен, жырмен айтылады. Би-шешендер – тек жұрт алдына шығып, уағыз айтушы немесе әдемі, жүйелі сөйлеуге үретуші ғана емес, таным сырларын шешуші, тағылым мәнін жеткізуі де.

Толғаулардың көп көтеретін тақырыбы – ел, жер, ұлт тағдыры. Толғауға насиҳат, өситет, қоғамдық-әлеуметтік жайға аландаушылық, саясатқа күмән, философиялық талдау тән.

Толғаудың нақыл, мақал-мәтел, басқа шешендік сөзден айырмашылығы – белгілі бір мақаммен, аспаптың сүйемелдеуімен айтулы.



3. Мәтінді оқып, шешендік толғаудың тақырыбын анықтаңдар.

Әділ бидің алдынан іс кетпейді,
Жәбірлікті бекерге істеппейді.
Ердің құнын екі ауыз сөзben шешіп,
Абыройын кісінің еш төкпейді.
Қылар жақсы түймeden түйедейді.
Жөнін тауып, әр істі жүйелейді.
Жаман болса төреңіз, ептей алмай,
Ақ ісінді қаралап, күйелейді.
Дүшпандарды әділ би дос қылады,
Жаман би дауыңа дау қостырады.
Бұл бір мақал: киікті ата алмаған
Атамын деп киікті бостирады.
Жақсы менен жаманның нарқы басқа,
Айта берсең, бірталай сөз болады.

(Байжігіт би)



4. Қосымша ресурстардан Бөлтірік шешеннің толғауларын тауып, көтерген тақырыбын, тәрбиелік мәнін талдандар.



Ресми ісқағаздар стилі

Стильдің бұл түрі құқықтық қарым-қатынас, әкімшілік саласында, кеңсе қызметінде қолданылады. Арнайы орындарда алдын ала дайындалған үлгілері де болады.

Ресми ісқағаздардың мынадай түрлері бар:

1. Мекемелердің, ұйымдардың ісін, қызметін үйлестіретін құжаттар: бүйрық, ереже, нұсқау, хабарландыру т.б.
2. Мекемелердің өзара қарым-қатынасын үйлестіретін құжаттар: іс хаттары, қатынас қағаздары, келісімдер, шағымдар т.б.
3. Жеке адамдардың өзара алыс-берісін, іскерлік келісімдерін реттейтін құжаттар: өмірбаян, түйіндеме, келісімшарт, сенімхат, тілхат, қолхат т.б.

Ісқағаздар қалыптасқан үлгіде, баяндау түрінде жазылады. Сөйлемдері тиянақты, ой аяқталған болып келеді. Мазмұны екіұшты болмайды, дәл, анық жазылады, көбінесе тапсырма беру, бүйіру ыңғайында болады. Тұжырымдылықты, нақтылықты білдіру үшін, сөйлемдерінің баяндауышы ырықсыз етіс түрінде келеді. Мысалы: *орындалды, орындалсын* т.б.

Құжаттарды жазуда мемлекет дайындаған арнаулы нұсқау басшылықта алынады.

Ресми ісқағаздар стилі			
Мақсаты	Қолданылу аясы	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілдері
Хабарлау, ақпарат, анық мәлімет беру.	Ісқағаздарда, нұсқау хаттарда, кеңсе және жеке қызмет құжаттарында.	Ресми, ақпараттық, есептік, дәл, нақты.	Кітаби, ресми сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер, дайын тіркестер, терминдер.



5. Жеке адамдардың өзара алыс-берісін, іскерлік келісімдерін реттейтін құжаттардың 10-сыныпта өткен жазылу үлгілерін еске түсіріндер. Уш топқа бөлініп, өтініш, түйіндеме, өмірбаян жазындар.



6. Фылыми стильдің тілдік құралдарын қолданып, «РАФТ» стратегиясымен миграциялық полиция қызметкерінен «Дүниежүзілік миграция: себептері мен салдары» тақырыбында интервью алындар.

§3.

Зияткерлік миграция



1. Екі топқа бөлініп, сұрақтарға жауап беріңдер. Жауаптарыңды алмастырыңдар. Дауыстап оқып, бір-бірінді толықтырыңдар.

1. Жаһандану процесі нарықтағы білікті мамандардың миграциясына қалай әсер етуде?
2. Қазіргі таңда қай мамандық иелері миграцияға үшін рауда?



2. Мәтінді оқып, берілген мәліметтерді салыстыра талдаңдар. Негізгі үрдістерді сызба арқылы көрсетіңдер.



Жаһандану процесінде білікті мамандарға қол жеткізу-дегі бәсекелестікten зияткерлік миграция (маманның белгілі бір себептерге байланысты басқа мемлекетке қоныс аударуы) туындарды. Анағұрлым «өтімді» мамандықтардың қатарына медицина қызметкерлерін жатқызуға болады. Денсаулық сақтау саласында дәрігерлер, медбикелер және кіші медициналық қызметкерлер мансапқа жету және жаңа мүмкіндіктерді іздеу мақсатында миграция мүмкіндіктерін пайдалануға тырысады. Соңғы жылдары мұнданай миграция деңгейі айтарлықтай өсіп келеді.

Әлемдік денсаулық сақтау жүйесінде дәрігерлер мен халықтың саны жағынан тенгерімсіздік айқын көрініс табуда. Ал медицина қызметкерлерінің миграциясы осы сандық айырмашылықты одан өрі өршітеді. Табысы жоғары елдерде медициналық қызметкерлерге деген сұраныс үнемі өсіп отырады.

Медициналық қызметкерлердің миграциялық үрдісіне сәйкес, елдер негізгі екі топқа бөлінеді: бастапқы немесе тудырушы (донор) елдер және қабылдаушы (реципиент) елдер. Бастапқы елдер мамандар дайындауды жүзеге асырады. Ал

қабылдаушы елдер деңсаулық сақтау саласындағы қызметкерлерін лайықты жалақымен және еңбек шарттарымен қамтамасыз етеді, өтемақы жүйесін өзірлейді.

Еуропа елдерінде соңғы 30 жылда деңсаулық сақтау саласындағы мигрант-қызметкерлердің саны әр жыл сайын 5%-ке өсіп отырған.

Қазір әлемде медициналық қызметкерлердің тапшылығы байқалады. Әлемдік еңбек нарығында жалпы медициналық қызметкерлер құрамының тапшылығы 4,3 млн адамды құрайды. Медициналық қызметкерлердің 86%-і АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Германия, Австралия сияқты ірі бес елде жұмыс атқарып жүр, ал әлемнің 57 елінде қызметкерлердің жетіспейтіндігі анықталды.

Деңсаулық сақтау саласындағы миграцияның негізгі бағыты – Германия және Ұлыбритания. Мұнда мигранттардың кейбірі мемлекеттік құрылымдарда, яғни емханаларда еңбек етсе, кей жағдайларда науқастардың үйіне барып та жұмыс жасауды тұра келеді.

Миграциялық саясаттағы маңызды бағыт – мигрант-қызметкерлердің құқықтарын ескеру.

(Ләззат Спанқұлованың
«Әлемде төрт миллионнан астам медицина
маманы жетіспейді» мақаласынан)



3. Білікті мамандардың шетелге кетуін азайту үшін қандай шаралар жасалуы керек? Үлгіні жалғастырып, сөзталас өткізіндер. Өз ойларынды ортаға салып, пікір таластырындар.

Үлгі:

Зияткерлік миграцияны азайту жолдары:

1) талантты жас мамандарды әртүрлі гранттар мен марараптар арқылы қызықтыру қажет...



4. Сөзталастан түйген ойларынды қорытындылаپ, мәтін жазындар. Жұптарынмен алмасып, бір-біріңің жазба жұмыстарыңа түзету енгізіп, редакцияландар.



5. Берілген ұлгілерді негізге алып, ісқағаздардың бірнешеуін жазыңдар. Ережеде аталған ісқағаздардың тағы қай түрінің жазылу ұлгісін білесіндер?

Үлгі:

Сенімхат

Мен, Гүлжан Смағұлқызы, (төлкүжат №000000000) інім Әскер Смағұлұлына «Табурет» фирмасының есепшісінен маусым айы үшін тиісті жалақымды алу жөнінде сенімхат бердім.

Гүлжан Смағұлқызы
18.08.2019 жыл

Қолхат

Мен, Әскер Смағұлұлы, (төлкүжат №000000000) «Талас» фирмасынан мына құрылыш аспаптарын уақытша пайдалану үшін алдым: бетонараластырғыш, сылақшы қалақ, саты. Аспаптарды бүтін күйінде 01.08.2019 жылы қайтарамын. Жарамсыз болған жағдайда базар нарқымен құнын төлеймін.

Әскер Смағұлұлы
01.05.2019 жыл

Сұраныс

20.10.2020 жыл

Алматы қаласы
«Саяхат» туристік фирмасының
директоры Е.Кендебайқызына

№189 мектептің 10-сынып оқушыларын Жамбыл ақынның музейіне апару үшін, көлікпен қамтамасыз етуді және жолсапарға мәлімет беретін маманды қосып беруінізді сұраймын.

Мектеп директоры

Н.Әблілтаев



- 6.** Фылыми стильге тән тілдік құралдарды қолданып, «РАФТ» стратегиясымен Сыртқы істер министрлігі қызметкерінен зияткерлік миграция туралы алатын интервьюодің мәтінін дайындаңдар.

Үлгі:

- *Сәлеметсіз бе! Сізден мамандар миграциясы туралы ақпарат алғымыз келеді. Қазіргі кезде қай мамандықтар сұранысқа ие болып отыр?*
- *Қайырлы күн! Бұгінде әлемнің барлық елі үшін зияткерлік миграция мәселесі өте өзекті. Жаһандық процестің субъектісі ретінде Қазақстан да аталаған түткілден тыс қала алмайды. Қазіргі таңда білімді жастарымыздың шетелге бет бұру процесі күн сана партуда...*



- 7.** Мақал-мәтелдер туралы өзіндік тұжырым жасаңдар. Интонацияны (әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс) сөйлеу мәнеріне сай қолданып, сұхбаттасыңдар.

- Өзге елде сұлтан болғанша,
Оз елінде ұлтан бол.
- Ерден айырылған көмгенше жылайды,
Елден айырылған өлгенше жылайды.
- Аққу көлін аңсайды,
Адам туған жерін аңсайды.
- Тұған жердің қадірін, шетте жүрсөң, білерсің.
- Басқа жердің отынан туған жердің тұтіні артық.
- Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
- Тұған жер – тұғырың,
Тұған ел – қыдырың.



- 8.** БАҚ пен қосымша ресурстарда жазылған ақпаратты пайдаланып, еліміздегі мамандардың миграциясы туралы диаграмма құрастырыңдар. Соңғы бес жыл көрсеткіштерін салыстыра талдаңдар.

§4.

Ішкі миграция



1. Ойтұрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Халықтың қоныс аударуының қандай себептерін білесіңдер?
2. Соңғы жылдары елімізде ішкі миграцияны жүзеге асыруда қандай бағдарламалар қабылданды?



2. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, берілген мәліметтерді өндеп, толықтырыңдар.

Оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару

Ел үкіметі 2013 жылдың қарашасында «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасында жұмыс күшіне тапшы аймақтарға халқы тығыз орналасқан өңірлерден еңбекке қабілетті отбасыларды көшіру туралы айтылған. Нәтижесінде оңтүстіктен солтүстікке көш түзегендердің саны артып келеді. Еліміздің Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарынан келген делегацияның қатысуымен Мақтарал мен Сарыагаш аудандарында жұмыссыздарға арналған «Өңіраралық бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің» ұйымдастырылуы да бағдарлама шеңберінде жүзеге асуга.

Зерттеу нәтижесі бойынша, қазірден бастап халықтың орналасуында дисбаланс бар. Халықтың 38%-и оңтүстік өңірлерде қоныстанған. Ал Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы халық саны 17%-ті құрайды. Егер мұндай үрдіс жалғаса беретін болса, 2050 жылға таман оңтүстік халқының саны 5,2 млн адамға жетеді. Бұл – солтүстіктегі тұрғындар санынан 4 есе көп болады деген сөз.

Еңбек және халықты өлеуметтік қорғау министрлігі соңғы 10 жылдағы ішкі миграцияға талдау жүргізіп, нәтижесінде Түркістан, Жамбыл, Маңғыстау және Алматы облысы тұрғындарының бір белгін Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Қостанай облыстарына көшіруді арттыру қажеттігін анықтаған. Айта кету керек, «Жұмыспен қамту» бағдарламасын іске қосқаннан бері 19 мың адам солтүстік өңірге қоныс аударған. Оларға жоба аясында барлығы 5,4 мың қызыметтік пәтер мен жатақханадан бөлме берілді.

(Динара Мыңжасарқызы)



- 3.** Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-топ.** Өлеңді негізге алып, ауылдан қалаға жаппай көшу процесінің ел экономикасына әсері туралы сөзталас өткізіндер.

Сен де кеттің,
Мен де кеттім,
Ол да кетті ауылдан.
Осынымыз үят болды-ау,
Үят болды-ау қауымнан!..
Момын жұрттың арқа сүйер
Азаматы біз едік.
Тұлпарлардан, тұғырлардан
Қалған бір-бір із едік.
Біз де кеттік,
Басқа жаққа бетімізді түзедік...
Жеке-жеке бақыт іздең,
Жеке өмір түзедік.
Жетер енді!..
Тұған жердің топырағына тізе бүк!

(Мұқагали Мақатаев)

2-топ. Кімді қазіргі заманның шешені деп санайсындар? Сол тұлғаның бойындағы шешенге тән қасиеттерді графiktік мәтінге топтастырып, 4–5 сөйлеммен тұжырым жасандар.

Шешенге тән қасиеттер



- 4.** Аудиожазбадан (05. тр3) «Қазақстан Республикасындағы миграциялық саясаттың кейбір мәселелері» мәтінін тыңдал, терминдер мен ұғымдарға, тілдік оралымдарға түсіндірме (комментарий) беріп, кестені толтырыңдар.

Терминдер мен ұғымдар, тілдік оралымдар	Түсіндірме (комментарий)



Шешендік дау

Егескенді бітістіріп, дауды шиеленістірмей шешуді көздейтін, елдіктің іргесін бекітетін сөз айту – дария ойлыданаға, кемел ойлы кеменгерге тән қасиет. Шешендік дау – әлеуметтік-тұрмыстық өмірдегі шиеленісті жағдайда айтылған жүйелі уәж, ұтқыр ой, тапқыр шешімге құрылатын шешендік сөз үлгілері. Қазақ қоғамында даулы мәселе орын алған түрлі жағдайда шешім табуға бағдар беретін, әділет заңдылықтарына негізделген тұжырымды ойлар. Шешендік дау мазмұнына қарай бес түрге бөлінеді: жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы, ар-намыс дауы.

Билер дауды шешу барысында екі жақтың да сұрақ-талаптарын қанағаттандыра отырып, мәмілеге келу мүмкіндіктерін қарастырады. Қазақ даласында даулы мәселелерді шешу жауапкершілігін қара қылды қақ жарған әділ билерге, от ауызды, орақ тілді шешендерге жүктеп отырған.

Шешендік дауға қойылатын талаптар:

- 1) айтылар ойдың мазмұн терендігі, мәнділігі басты орында болуы;
- 2) көркемдегіш құралдар мен амал-тәсілдерді ұтымды пайдалану;
- 3) ой шындықпен астасқан, дәлелді және шешенниң жеке стилін де танытатын болуы тиіс.



- 5.** Мәтінді оқып, шешендік даудың қай түрі екенін анықтаңдар. Шешендік сөзді талдаңдар.

Шешендік сөз қандай жағдайда туған?	Шешендік сөздің көтерген тақырыбы	Шешендік сөздің тәрбиелік мәні

Қазыбектің ат дауын шешуі

Бір үлкен ас болып, сол аста бәйгеге шапқан қаншама аттың алдынан бір қара жал құла жеке-дара озып келіпті. Асқа жиналған топтың ішінен бір адам:

– Мынау – менің тай күнінде жоғалтқан атым, – деп, аттың шылбырына жармасады. Атты қосып отырған иесі:

– Жоқ, бұл – жала, өзімнің кер биемнен туған қолтума малым, – дейді.

Көпшілік екі жағына да «сенікі жөн» деп айта алмай, Қазыбектің өкесі Келдібек биге келеді. Екі даугердің сөзін тыңдаған Келдібек те «ат сенікі» деп кесіп айта алмай, дағдарып отырып қалады.

Жеті жасар Қазыбек:

– Сен қалай мал танығыш болып алдың? – деп даугерлердің біріне сұрақ қояды.

– Мен енесін көрсем, одан туған төлін, төлін көрсем, енесін жаза баспай танимын, – деп жауап береді атын тай күнінде жоғалтқан адам.

Сонда Қазыбек атты бәйгеге қосқан адамға:

– Қане, сіз қалай мал танисыз? – дейді.

– Мен енесін бір көрсем, ол құлындағаннан кейін, құлынның сол биеден туғанын бұлжытпай танимын, – дейді.

Сонда Қазыбек тұрып:

– Жарайды. Енді екеуің бар да, анау жүрген қозыдан екі қозы үстап әкеліндер, – дейді. Олар барып алып келгенде:

– Қозыны көгендең қойып, өрістегі қойдан өзді-өзің әкелген қозының енесін алып келіндер, – дейді.

Екі даугер өрістегі қойдан екі саулықты алып келіп, қозыларды бауырына салғанда, ат қосқан адам әкелген саулық қозыдан жериді, қозы да жатсынып, саулыққа жуымайды. Ал тай күнінде жоғалттым деген адам саулыққа қозысын салғанда, енесі еміреніп тұра қалады. Қозы бауырына кіріп, емеді.

Қазыбек көпшілікке қарап:

– Қане, халайық, бұған сіздер не айтасыздар? – дегенде, көпшілік бірауыздан:

– Ат тай күнінде жоғалтқан адамдікі екен, – деседі.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



6. Әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, «Қазыбектің ат дауын шешуі» мәтіні бойынша көрініс қойындар.



7. «Ішкі миграция – қоғам өмірінің айнасы» тақырыбында статистикалық деректердің көмегімен өзіндік тұжырым жазындар.

III бөлімді қорытындылауға арналған тест тапсырмалары

1. Сөйлемнің стилін анықтаңдар. *Миграция – адамдардың қандай да бір аумақ шекарасынан өтіп, үзақ уақытқа немесе біржолата қоныс табу процесі.*
A. Фылыми стиль
B. Ауызекі сөйлеу стилі
C. Публицистикалық стиль
D. Қеркем әдебиет стилі
E. Ресми ісқағаздар стилі
2. «Өзіңе-өзің кәміл бол, халқыңа әділ бол!» шешендік сөзінің авторы кім?
A. Қазыбек би
B. Қелдібек би
C. Қерей хан
D. Ақтамберді жырау
E. Төле би
3. Шешендік сөздің жанрлық мазмұнына қарай бір түрі –
A. Тума талант
B. Шешендік толғау
C. Айтыс-даулар
D. Жер дауы
E. Пернелі сөз
4. Руаралық не еларалық қылмыстық, азаматтық істерді шешу барысында айтылатын шешендік сөз –
A. Шешендік арнау
B. Шешендік толғау
C. Шешендік дау
D. Термелі сөзі
E. Бата
5. Шешендік дауға қойылатын негізгі талаптар:
A. Өмір, дүние сыры, адамдар қатынасының түйінін шешу
B. Қоғамдық-әлеуметтік жайға аландаушылық; саясатқа күмән; философиялық талдау
C. Қөп дерек жинау
D. Айтылар ойдың мазмұны терең, мәнді, шындықпен астасқан, дәлелді болуы
E. Сырт келбеті

6. Құрдастардың, нағашы мен жиеннің, жезде мен балдыздың арасындағы өткір қалжың, қағытпа сөздер пікірталастың қай түріне жатады?
- A. Ойталқы
 - B. Ойкөкпар
 - C. Сөзталас
 - D. Айтыс
 - E. Пікір алмасу
7. Асты сызылған тіркестің лексикалық қатарын анықтаңдар. Зияткерлік миграция – белгілі бір себептерге (жұмыс бабы немесе оқу орнының ауысуы) байланысты басқа мемлекетке қоныс аудару.
- A. Термин
 - B. Кәсіби сөз
 - C. Диалект сөз
 - D. Неологизм
 - E. Эвфемизм
8. «Реэмиграция» терминінің білдіретін мағынасын анықтаңдар.
- A. Әскери тұтқындарды босату
 - B. Сыртқы миграция
 - C. Босқындарды тұған еліне қайтару
 - D. Ішкі миграция
 - E. Көшіп кеткендердің қайта оралуы
9. Ресми ісқағаздардың түрлерін табыңдар.
- A. Өтініш, түйіндеме, миграциялық саясат
 - B. Бұйрық, ереже, сенімхат, тілхат, қолхат
 - C. Келісімшарт, репатриант
 - D. Бейресми дерек, хабарландыру, мінездеме
 - E. Интонация, хаттама
10. «Орындау міндеттелсін, баса көңіл бөлінсін, қамтамасыз етілсін» тіркестерінің қай стильге жататынын ажыратындар.
- A. Фылыми стиль
 - B. Қөркем әдебиет стилі
 - C. Публицистикалық стиль
 - D. Ресми ісқағаздар стилі
 - E. Ауызекі сөйлеу стилі

IV

БӨЛІМ

ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН ӘНЕРТАБЫСТАР

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сендер:

- дүниежүзіне белгілі әнертабыстармен танысасындар;
- шешендік сөздің құрылымы мен құрылышына қарай бөлінетін түрлерін мәнгересіндер;
- пікір алмасудың ерекшелігі, шарттары туралы білесіндер;
- публицистикалық стильдің тілдік белгілерін анықтап, жазба жұмыста-рында қолданасындар;
- 10-сыныпта өтілген материалдарды еске түсіріп, мәтінге рецензия жазасындар;
- аргументті және дискуссивті эссе жазу жұмыстарын жалғасты-расындар.

Ғылымды үйреніп, оны өмірге қолданбаған
кісі жерін айдап, дәнін сеппеген адамға үқ-
сайды.

Саади Ширази

Тұншыққан талант кесек тұздан арзан. Табыс-
ты адам мен талантты адамның жалғыз айыр-
машылығы – ерінбей еңбек етуінде.

Стивен Кинг



1. Ойтұрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Өнер мен табыс ұғымдарының арасында байланыс бар ма?
 2. Қазіргі таңда әлем жүртшылығын қандай жаңалықтармен таңғалдыруға болады?
 3. Адамзаттың санасын дұр сілкіндірген қандай өнертабыстарды білесіндер?
-
- 
2. Мәтін бөліктеріндегі негізгі ойды анықтап, өздерің билетін мәліметтермен толықтырыңдар.

Өнімділігі 100 гигафлопс болатын нейрорежүйелі флешка

«Movidius» компаниясы жақында ғана өздері ойлап тапқан жасанды интеллектінің жаңа нұсқасын ұсынды. Бұған дейін осы секілді әрекеттер болғанын, алайда олардың ешқайсының нарыққа шықпағанын айта кеткен жөн. Бұл жаңалық BAК-та сөүір айында жарияланды, осыдан кейін «Intel» компаниясы бірден «Movidius»-ті сатып алды.

Жаңа жоба тек қана 1 Вт энергияны қолданады. Бұл – ете аз қөлемдегі ресурсты пайдаланатын үлкен нейрорежүйе. Флешкадағы 12 ядро қос-қостан параллельді орналастырылған. Олар, мысалы, визуалды сканерлеу мен бейнелерді өңдеуге, адамдар мен заттарды тануға жеткілікті. ИИ өнімділігі 100 гигафлопсқа бағаланып отыр, компьютерге қосқан кезде нейронды есептеудің өнімділігінің тұрақты өсімі байқалған. Бұндай керемет бар-жоғы 79 доллар ғана тұрады.

Цифрлы стетоскоп

Қазіргі уақытта Джон Чорба бастаған ғалымдар Калифорния университетінің зертханасында цифрлы стетоскопты сынақтан өткізуде. Чорба – EkoCore стетоскопын ойлап тапқан өнертапқыштар тобының жетекшісі, кардиолог ғалым.

Бұл аппараттың адаптері «бұлттық деректер қоймасына» байланысты. Жүрек соғысы туралы ақпарат бір жерге жиналады және сараланады. Жалпы, жүрек соғысының ыргағын тыңдау және ақауларды табу нағыз өнер деп айтсақ болады.

Арнайы қосымша жүрек дыбысын саралайды және «бұлттық деректер қоймасында» бұрын жазылған мәліметтермен салыстырады. Осы арқылы дәрігерлер жүректегі ақауларды естіп, оларды емдеудің жолдарын ұсынады. Фалымдар тобы бұл өнертабыс диагноз қоюда дәрігерлердің қателіктерін азайтады, сонымен бірге науқастардың әхокардиография секілді қымбат диагностикалық аппаратқа түспей-ақ, қаржыларын үнемдеуге мүмкіндік береді деп есептейді.

WalkCar: ноутбукқа ұқсайтын ерекше электроскутер

Көлеміне қарасақ, WalkCar үлкен ноутбукке ұқсайды, сыртынан қарағанда портативті шағын компьютерге келеді. Ішкі жағынан аккумулятор блогінен қуат алатын төрт дөңгелек пен электрлі желі орнатылған. Қозғалу үшін жай ғана скутерге тұру жеткілікті, ал тоқтату үшін одан секіріп тусу керек. Бұрылу үшін дene салмағын бір жақтан екінші жаққа апару қажет. Қайіпсіздікті сақтау мақсатында WalkCar 10 км/сағ жылдамдықпен ғана жүре алады. Жүріс қоры – 12 км, ал қайта қуаттауға 3 сағат уақыт керек.

(*kazpatent.kz*)



Кез келген өнерді меңгеру дегеніміз – өнер мәселелерін ақылмен білу және тану қабілеттілігін меңгеру.

(*Әбү Насыр әл-Фараби*)

Мал жұтайды, өнер жұтамайды.

(*Абай Құнанбайұлы*)

Осынша өнер тауып асқан – адам,
Әлемнің қиын сыртын ашқан – адам.

(*Шәкәрім Құдайбердіңұлы*)

Өнердің екі жағы бар: пішіні – техника, мазмұны – ой.

(*Лев Толстой*)

Өнер-білім – бәрі де
Оқуменен табылған.

(*Ыбырай Алтынсарин*)



Пікір алмасу (дискуссия)

Пікір алмасу (лат. *discussio* – «қарау», «зерттеу») – көкейкесті мәселелерді шешу мақсатына құрылтын, біліктілік пен мәдени өрені талап ететін пікірталастың бір түрі. Айтылар ойларды тоғыстыра отырып, пікірталасқа қатысуышылар ортақ шешімге келу мақсатын көздейді. Мәселені жан-жақты талқылап, ортақ пікірге келеді.

Арнайы баяндамашы белгіленбейді, қатысуышылардың бәрі өз пікірін білдіруге тең құқылы бұл сөз сайысы белгіленген тәртіп, келісімді уақыт, алдын ала белгіленген тақырып тәңірегінде, алдын ала белгіленген тәрағаның басқаруымен жүргізіледі.

Мақсаты	Ой-пікірді ортаға сала отырып, мәселенің ортақ шешімін табуды көздеу.
Өтілетін орны	Митинг, арнайы белгілі бір мәселе бойынша құрылған комиссия отырысы, іскерлік жиындар, арнайы басқосулар т.б.
Ерекшелігі	Тақырып алдын ала белгіленеді. Баяндамашы болмайды. Пікір айтушылар тең құқылы. Қатысуышылардың барлығы пікірін айтуга құқылы.
Мәдениеті	Тақырыптан ауытқымау, белгіленген регламентке сайойын ықшам, нақты жеткізу. Біреудің сөзін бөлмеу, мағынасын бұрмаламау. Естімей не түсінбей қалған сөзді анықтап алу. Өз кезегін сабырмен құту, дауыс көтермеу. Беделін көлденең тартпау, жеке басының мұддесін көздемеу.



3. Өнертабыстардың адам өміріндегі рөлі туралы пікір алмасу өткізіндер.
 - Адам өмірін женілдеткен қандай өнертабыстарды білеңдер? Оқылым мәтіндерінде аталған өнертабыстардың адамзатқа тигізетін пайдасына баға беріңдер.
 - Абайдың «Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген нақыл сөзін қалай түсіндірер едіңдер?
4. «Фибратты сөз» айдарымен берілген нақыл сөздердің бірін тақырып етіп алып, пікір алмасудағы ойларынды жинақтап, көтерілген мәселе бойынша аргументті эссе жазындар.



- 5.** Мәтін нормаларын сақтап, кестеде берілген шешендік сөзден түйгеген ойларыңды жазыңдар. Есімше мен көсемшені анықтаңдар.

Шешендік сөз	Өз ойым
<p>Бір сөз айтсаң жақсыға, аталау сөзге тоқтайды. Бір сөз айтсаң жаманға, өмірінде үқпайды. Надандықтың белгісі – өзін-өзі мақтайды. Көкірегі соқырға өмірде таң атпайды. Шешеннің сөзі – дария, қап түбінде жатпайды. <i>(Жанқұтты би)</i></p>	<p>Ұсынылып отырған осы жолдардан мен төмендегідей ой түйдім...</p>



- 6.** Қазақ шешендік өнерінің көрнекті өкілдері мен олардың нақыл сөздерін сәйкестендіріңдер. Тақырыппен байланысын анықтаңдар.

Бала би	Дүниеде не өлмейді? Жақсының аты өлмейді, Фалымның хаты өлмейді.
Жириенше шешен	Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім. Судан терең дегенім – оқу, ғылым. Оттан ыстық дегенім – фәни жалған, адамның өмірі. Көктен биік дегенім – тәқаппардың кеңілі.
Сырым шешен	Талап қыл артық білуге, Артық ғылым – кітапта, Ерінбей оқып көруге.
Абай	Таудан биік көңіл бар, Тенізден терең ғылым бар, Оттан бетер – қайғы-зар.



- 7.** Әлемге танымал өнертабыстардың тізімін жазып, адамға пайдасын анықтаңдар.

Мысалы:

1. Halo Belt 2.0 жарқыраған белбеуі.
2. Суға батпауға мүмкіндік беретін Kingji білезігі.



1. Ойтұрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Қандай танымал отандық өнертапқыштарды білесіндер? Бірнешеуінің атын атап, өнертабыстарын сипаттаңдар.
2. Қазақстандық өнертапқыштардың жаңалықтары өлемдік нарыққа шыға ала ма?
3. Неліктен кей өнертабыстарды халық бірден мойындаі қоймайды? Ойларынды ортаға салыңдар.



2. Мәтіндегі ақпараттармен танысындар. Негізгі ақпаратты іріктең, мәтіннің тақырыбын, мақсатын, тілдік ерекшелігін талдаңдар.

Тақырыбы	Мақсаты	Тілдік ерекшелігі

Қазақстанда өнертапқыш жастар көп. Солардың кейбіріне тоқталайық.

Қостанайлық Бақытжан Әлменов гидравликалық қондырғы ойлап тапты. Өз өнертабысын Женева халықаралық бюросына тіркетіп, патент алған. Қондырғы «Әлменовтің гидравликалық қондырғысы» деп аталады. Ауа компрессормен алғынып, құбырмен барабанға жіберіледі. Бұл барабан – ауаны жинақтайтын және сол ауаны ретімен беріп отыратын механизм. Сол жерден клапан ашылып, қапшыққа өзінің мөлшерленген көлемін беріп отырады. Бүгінде 1 киловатт электр энергиясы 15 теңге тұрады. Бақытжан Әлменовтің қондырғысын іске қоссақ, бұл баға 2–3 теңгеден аспайды. Энергияның бағасы төмен болған соң, қызмет көрсету түрлері, коммуналдық қызметтер, жалпы, барлық тауар арзандайды.

Дамир Арасов көліктердің нөмір белгісінің класын, көліктің техникалық байқаудан өткендігін, айыптың бар-жоғын айқындаپ тұратын жапсырма ойлап тапты. 70×35 мм болатын жапсырма көліктің артқы не алдындағы нөмірінің оң жақ бөлігіне орналасатын болады. МАИ қызметкерлері осылайша көлік туралы бар мәліметті көзбен-ақ көріп, біле алады.

Валерий Морев көлік жүргізушісі белдік тақпайынша көлікті орнынан қозғалтпайтын құлыш ойлап тапты. Бұл жол көлік ережесін сақтай бермейтін алаңғасар көлік жүргізушілерін қауіптен сақтауға септігін тигізбек.

Сәкен Исаев көліктердегі іштен жану қозғалтқышынан 2 есе мықты, 2 есе жылдам, 10 есе үнемді қозғалтқыш ойлап тапты. Ол өз өнертабысын Ішкі істер министрлігі қолданғанын қалайды.

Серікбол Шаймардан электронды бесік ойлап тапты. Бала жылаған кезде бесік өздігінен 12 вольттық батареямен тербеледі. Бесіктің сыртындағы қалыпқа арнайы қондырғы қойылып, бесіктің өзіне магнит орнатылған. Соның арқасында бесік 5 режим бойынша ақырын я жылдам тербеледі. Тербетілу уақытын 90 минутқа дейін созуға болады.

(Мейіргүл Оңгарова)



3. Ш.Бекеевтің атақты өнертапқыш Томас Алва Эдисон туралы өлеңінің үзіндісін оқындар. Өлең кейіпкері туралы ізденіп, өнертабыстарын сипаттаңдар.

Олеңнен үзінді	Менің болжауым	Фылыми дерек
Сөйлеткен жансыз затты... затты...		

Эдисон

Сөйлеткен жансыз затты өнер иесі,
Естіп таңғалады көрген кісі.
Білмейді қалай етіп түсінерін,
Айтпаса түсіндіріп білген кісі...

Эдисон мұны істеген – ғалым адам,
Оқымас, жалқау, біздей емес надан.
Пәндерден кимие-симие ғылыми хикмет
Көп сырлар ашты түпсіз дариядан.
Періштеміз оң жақтағы өсер еді,
Солардай болып өтсек дүниядан.

(Шәңгерей Бекеев)



Шешендік сөздің құрылышына қарай түрлері

Шешендік сөздер композициялық құрылышына қарай пернелі сөз, термелі сөз болып екі топқа бөлінеді. Қара сөзben айтылған шешендік сөздер – **пернелі сөз**; толғай, тақпақ түріндегі шешендік сөздер **термелі сөз** деп аталады.

Термелі сөз	Пernелі сөз
Құрылышы өлең-жырға ұқсас шешендік сөздер. Өлең-жырдан негізгі айырмашылығы шешендік терме үшін буын, бунақ саны бір-келкі болуы шарт емес. Үйқастан гөрі ырғагы мен ішкі мағыналық байланысына баса назар аударылады.	Көркем қара сөзben айтылатын шешендік сөздер. Сөздері сұрыпталып, сөйлемдері екшеліп, көлемі жағынан ықшам болып келеді. Айтуши желдірте, екпіндеп сөйлеп отырғанда, бірде үйқасып, бірде үндесіп, өлең сияқты естіледі.



4. Шешендік сөздің құрылышына қарай түрін ажыратып, дәлелдендер. Тақырыппен байланысын анықтаңдар.

Өнер – ризық, несібе таусылмайтын...

Бір үлкен жиында Шойынбеттің тапқырлығын сынамақ болған Сыздық төре: «Дәулет артық па? Бақ артық па? Өнер артық па? Тіл байлық артық па?» – деп сұрапты.

Сонда Шойынбет:

Дәулет – қолдың кірі жусаң кететін,
Бақ – сел-көшкін уақытпен өлшенген.
Өнер – ризық, несібе таусылмайтын,
Тіл байлық – ізгілік мұрат,
Үрпаққа сөз қалдыратын, –

деп жауап берген екен.

(«Шешендік өнер» хрестоматиясынан)



Рецензия (ағылш. *review*) – жаңа туынды туралы мағлұмат бере отырып, оның қысқаша талдамасын және бағасын қамтитын сынни еңбек. Рецензияда рецензенттің өз көзқарасы баяндалып, өз бағасы беріледі, еңбектің жетістігі мен кемшілігі айтылады, кейде оны жетілдіре түсу үшін ұсыныстар жасалады. Рецензия ғылыми негізде, объективті түрде, баршаға түсінкіті тілде, шығарманы жазған авторға да, оқырманға да пайда келтірерліктең түрде жазылуы керек.



5. Оқылым мәтініне ғылыми стильде рецензия жазыңдар.



6. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Оқылым мәтіні мен «Өнер – ризық, несібе таусылмайтын...» шешенендік сөзін салыстыра талдандар.

Оқылым мәтіні	«Өнер – ризық, несібе таусылмайтын...» мәтіні
Ұқсастығы	
Айырмашылығы	
Мақсаты	
Мазмұны	
Стилі мен тілі	
Көзделген аудиториясы	

2-топ. Қазақстандық өнертабыстар іс жүзінде қолданылып жүр ме? Өзара ой бөлісіп, пікір алмасу үйімдастырыңдар. Ортақ шешімдерінді дәптерге түсіріңдер.

3-топ. Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары ойлап тапқан өнертабыстар туралы (old.elorda.info) ізденіп, өз ойларынды жинақтап, шолу жасаңдар.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Медицина және ғарыш саласындағы өнертабыстарымен танылған қазақстандық жас ғалым Тимур Рыспеков туралы ізденіп, мақала жазыңдар.
2. Физика, география, биология, информатикадан алған білімдеріңде сүйеніп, еліміздің әкологиясын зерттейтін, қалта телефонымен басқарылатын ғарыштық робот туралы фантастикалық өңгіме құрастырыңдар.



1. Ойтұрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Балалар мен жасөспірімдер өнертапқыш атанып, әлемдік патентке ие бола ала ма?
2. Қазақстандық жас өнертапқыштарды білесіндер ме? Олардың қандай өнертабыстарын атай аласыңдар?



2. Мәтін бөліктеріндегі негізгі ойды анықтап, берілген мәліметтер мен пікірлерді толықтырыңдар.

Теріден жасалған құлаққап

15 жастағы америкалық Честер Гринвуд 1873 жылы сүйкта қолдануға болатын құлаққап ойладап тапты. Әжесі бұл құлаққаптың сыртын көмшат терісінен, ішкі жағын барқыттан тігіп берді. 1877 жылдың 13 наурызында Честер өз өнертабысын патенттеу мүмкіндігіне ие болды. Ол өмірінің соңына дейін құлақты сыртқы шудан, сүйктан қорғайтын жаңа заттар шығарумен айналысты.

1977 жылдан бастап Мэн штатында өнертапқыштың құрметіне «Честер Гринвуд» (21 желтоқсан) күні атап өтіледі.

Қалың қарда жүргуге арналған көлік

Канадалық Жозеф-Арман Бомбардье 15 жасында, яғни 1922 жылы бір аптаның ішінде ескі «Форд» автокөлігінің бөліктерінен қалың қарда жүргуге арналған көлік жасап шығарды. Құрылғы шамамен бір миль жерді жүріп өткен. Ағасы Леопольд табанына байланған екі арқан арқылы құрылғыны жүргізсе, Жозеф-Арманның өзі қолдан отын салып отырды. Кейін өнертапқыш басқа техникаларды жасаумен айналысып, тек 1957 жылы ғана баяғы қарда жүретін көлігіне оралды. Көлікті «Ski-Doo» деп атап, бірнеше данасын шығарды.

Қазір бұл көлік қарда жүретін көліктердің ішіндегі ең танымалы болып саналады.

Жемісті мұз

Жемісті мұзды (таяқшадағы мұздатылған шырын, сусын) ең алғаш 1905 жылы 11 жасар америкалық Фрэнк Эпперсон ойлап тапқан. Ол өз өнімін кинотеатрдың жанында тұрып сатумен айналысқан. Бірақ өсе келе балмұздактан гөрі жылжымайтын мүлікті сатуды дұрыс деп ойласа керек. Фрэнк 20 жылдан кейін ғана ойлап тапқан өніміне патент алғып, сериялы өндіріске кірісті. АҚШ-тағы дағдарыс кезінде екінші адаммен бөлісіп жеуге арналып, балмұздақ екі таяқшамен шығарылды.

Брайль қарпі

Көзі көрмейтін жандардың оқи алу мүмкіндігіне жол ашқан рельеф жолды жазуды 1824 жылы 15 жастағы француз Луи Брайль ойлап тапқан. Ол әкесінің шеберханасында етік тігуге арналған бізбен көзін жарақаттап алған соң, 3 жасында көру мүмкіндігінен айырылған еді. Осы қаріппен басылған алғашқы кітап «Франция тарихы» 1837 жылы жарыққа шықты.

Ермексаз

Ермексазды ойлап табуға «Kutol» компаниясының қожа-йыны Клео Маквикердің немересі себепкер болған. «Kutol» Америкада тұсқағазды көмір шаңынан тазарту материалын шығарған. Маквикердің немересі осы жабысқақ, созылмалы өніммен ойнағанды, одан түрлі фигуralар жасағанды ұнатқан. Оның құрамынан химиялық бөліктері алынып тасталып, түрлі түсті бояу қосылып, бүгінде мектептерде көркем еңбек сабактарында қолданылатын ермексаз пайда болды.

Батут

1930 жылы гимнастика мектебінде оқитын 16 жастағы Джордж Ниссен алғашқы батутын жасап шығарды. Ол бұл құралды акробаттық жаттығуларына қажет болады деп ойлады. Кейінірек жазғы балалар лагерінде көңіл көтеру құралы ретінде пайдаланған. Өнертапқыш бұл өнімін «трамплин» (испан. *trampoline*) деп атап, оны халықаралық спорт түріне айналдырды.

(EL.kz сайтынан)



Публицистика

Публицистика (лат. *publicus* – «қөпшілік», «әлеумет») термині «қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау» деген ұғымда жүмсалады. Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Жазбаша түріне газет, журналдардағы мақала, очерк т.б.; ал ауызша түріне шешендік сөздер жатады.

Публицистикалық стиль жүртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады. Мұндай үндеуге, үгітке қоғам үшін маңызды, дәл сол кезеңде мәні зор мәселелер тақырып болады. Мысалы: саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер. Үндеудің мақсаты – жүртшылықтың қоғамдық мәні бар іске қатыстыру, жүртшылықтың санасына ყыпал ету. Ол көбіне газет, журнал, радио, теледидар арқылы беріледі.

Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері

Қоғамдық-саяси терминдер мен сөздер	<i>Демократия, өркениет, тәуелсіздік туы, саяси партия, қаржы дағдарысы</i> т.б.
Бага беруші сөздер	<i>Еңбек озаты, көшбасшы, ұлтжандылық, бәсекеге қабілетті, ұрпақ сабактастыры</i> т.б.
Стандарт тілдік бірліктер	<i>Арнайы тілші репортажы, жаһан жаңалықтары, тілшіміз әңгімелейді, хабардар етеміз</i> т.б.
Перифразалар	<i>Ақ алтын – мақта, күріш. Қара алтын – көмір, мұнай. Қөгілдір отын – газ</i> т.б.
Қос сөздер	<i>Қоғамдық-әлеуметтік, бұқаралық-саяси, үгітнасихаттық</i> т.б.
Бұйрық рай тұлғасы	<i>Ана қадірін білейік, жұмыла жасайық, табысқа жетіңдер</i> т.б.
Қаратпа сөздер	<i>Жарқырай бер, Димаш! Арғы беттегі ағайын, халің қалай?</i> т.б.
Инверсиялық орын тәртібі, риторикалық сұрақтар т.б.	<i>Үлгі болса ұлысы, қадірлі болар ұланы. Бүгінгі күннің өзекті мәселесін ашып көрсете алдық па? Қоғамға мұндан түбөгейлі өзгерістер қажет пе?</i>



3. Аудиожазбадан (06. тр3) «Әлемді өзгерткен адамдар» мәтінін тыңдап, тиісті ақпаратты анықтаңдар. Ақпарат қалай жалғасуы мүмкін деп ойлайсыңдар? Болжамдарыңмен бөлісіңдер.



Жас өнертапқыш Тимур Рыспеков 50-ге жуық робот ойлап тапқан. Оның 28-іне патент иеленген. Ең кейінгі еңбегі – қоршаған ортаны талдауға арналған робот. Бұл жоба атмосфераның ластануын қадағалап отыруға мүмкіндік береді. Робот аудағы температуралы, ылғалдылықты, атмосфера қысымын, радиацияны анықтауға қабілетті.

Қазақстандық өнертапқыш Азамат Ешмұхаметов өнеркәсіптік мақсатқа арналған робот жасап шығарды. Әмбебап роботты құрылыс, мәшине жасау, фармацевтика, тіпті медицинаға пайдалануға болады.

Жас өнертапқыш Санжар Асықбаев достарымен бірге қала көшелерінде қоқыс жинайтын мәшине ойлап тапты. Жанармайды қажет етпейтін құрылғының басты мақсаты – қаладағы қоқыс мөлшерін азайту. Робот күн батареясын қолдану арқылы өзінің әнергия қорларын қайтадан жаңартса алады.

(*ҚазАқпарат*)



4. Сұрақтарға жауап беріп, пікір алмасу өткізіндер.

1. «Өнерде ақыл мен фантазия одақтасуы керек» деген пікірмен келісесіндер ме?
2. Оқылым мәтінінде баяндалған өнертабыстар туралы ойлауында ортаға салындар.
3. Фылымның қай саласы жаңа өнертабыстармен жетілдіруді қажет етеді?
4. «Артық болмас білгенің» мәтінінен қандай ой түйдіндер? Роботтар адам өмірін женілдетे ала ма?



5. Пікір алмасудағы ойларынды жинақтап, тақырып қойып, құрылымы мен азатжолдарын сақтап, мәтін дайындаңдар. Етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) анықтаңдар.



6. Оқылым мәтіндеріне ортақ бір рецензия жазындар.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Жастарды білім алуға, өнер үйренуге шақырып, публицистикалық стильде үндеу өзірлеңдер.
2. Еліміздегі жасөспірімдердің өнертабыстары туралы ақпарат жинап, «Ақыл – жастан» тақырыбында шығарма жазындар не өлең шығарып көріндер.



1. Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңды ортаға салындар.

1. Өнертабыстар тарихы қай кезеңнен басталды деп ойлай-сындар?
2. Өнертабыстар әлемінде болашақта қандай жаңалықтар болмақ?



2. Мәтінді оқып, стилін, құрылымын анықтап, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар. Велосипедтің тарихын білесіндер ме?

Қандай-қандай велосипедтер болады?

- Ақтелпек, сен білесің бе, мен велосипедті айтпағанның өзінде «Өрмекшіні» де, «Селкілдекті» де айдай беремін.
- Бірден үш мәшинені ме? Мұныңыз ғажап екен, Білгір аттай!
- Жай қалжыңым той. Менің айтып отырғанымның ушеуі де көдімгі қарапайым велосипед. Бірақ ол өр мезгілде өртүрлі құрастырылған, сөйтіп, әрқалай аталған.

Мәселен, «Селкілдектің» көлемі бірдей екі ағаш доңғалағы болған. Әрине, мұндай мәшине бүкіл дененде селкілдетеді.

Ал енді бір велосипедтің алдыңғы үлкен темір доңғалағының жылтыраған жіңішке сым шарбақтары болушы еді, ол өрмекшінің торына ұқсайтын. Сондықтан оны «Өрмекші» деп атап кеткен. Өрмекші велосипед өте жүрдек еді, педалін бір рет басып қалсаң, 5 метрге бір-ақ ытқисың. Бәрі жақсы-ау, бірақ мынадай қыындығы бар: жазатайым доңғалағы тасқа тисе, мұндай велосипед бірден құлайды да, ерде отырған адам омақаса ұшып түседі. Қолік емес, үстіндегі иесін аударып тастауға тырысатын асаят секілді.

«Өрмекші» велосипедтің інісі ондай кінәмшіл емес еді. Мұның берік екі доңғалағы болды. Тепсінбейтін де, оңай-лықпен аударыла қоймайтын да. Жаңа қоліктің бүгінгі велосипедтердегідей ұзын рамасы мен шынжыры бар еді. Мініскер педальді айналдырғанда, кішкене тісті доңғалақ бірге айналатын. Темір тістер шынжырдың тесігіне кіріп, оны өзімен бірге қозғалуға мәжбүр етеді. Шынжыр велосипедтің артқы доңғалағын айналдырады. Содан ол жүріп кетеді.

(«Негеш» энциклопедиясынан)



3. Аудиожазбадан (07. mp3) «Фылыми-техникалық революция» мәтінін тыңдап, терминдері мен ұғымдарын, тілдік оралымдарын талдаңдар.

Мәтіндегі терминдер мен ұғымдар, тілдік оралымдар	Түсіндірме (комментарий)



Шешендей көздеңдік құрылымы

Шешендей көздеңдік құрылымы бірнеше бөліктен (кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды) тұрады. Олар бір-бірімен өзара сабактаса байланысып, біріндегі ойды екіншісі толықтырып, тереңдетіп, нақтылай түседі. Кіріспе бөлім қысқа да ықшам болады. Кіріспеде мәтінде баяндалатын оқиға туралы бағдар беріледі. Негізгі бөлімнің басты мақсаты – белгілі бір ақпаратты хабарлау, өзіндік көзқарасты баяндау және оны дәлелдеу, соған аудиторияны сендіру. Қорытынды – негізгі бөлімде айтылған ойдан туатын түйінді ой.

Кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөліктердің орны тұрақты болады. Мысалы назар аударайық.

Кіріспе	Досай бидің жас кезі екен.
Негізгі бөлім	<p>Әкесі баласын сынамақ болып:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Балам, патша үлкен бе, диқан үлкен бе? – деп сұрапты. – Әрине, диқан үлкен. – Қалайша? <p>Сонда Досай бала:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Диқан астық бермесе, патша аштан өлмей ме? – деген екен.
Қорытынды	Әкесі баласының тапқырлығына риза болып, содан былай қарай қасына ертіп жүріп, шешендейкке баулыпты.



4. Шешендей көздеңдік құрылымына қарай талдап, кіріспе, негізгі бөлім, қорытындысын кестеге бөліп жазыңдар.

Шешендей көз	
Кіріспе	
Негізгі бөлім	
Қорытынды	

Төле бидің шешендігі

Атақты билер Арқаға жиналышты.

Төле би айтылған мезгілден кешігіп келеді. Оған шамданған қарт билер: «Төле би келсе, орнымыздан тұрмайық», – деп уәделеседі. Бірақ Төле би келгенде орындарынан тұрып кете-ді. Тек екі-үш би ғана тұрмайды. Төле би көпшіліктен кешіккені үшін кешірім сұрайды. Әлгі тұрмай қалған билердің бірі сөзден үту үшін сынай сұрақ қояды:

– Бақ дегеніміз не? Байлық дегеніміз не? Бала дегеніміз не?

Төле би орнына отырмай, түрегеп тұрган бойда:

– Бақ – ұзатылған қызы. Байлық – еритін мұз. Бала – артта қалған із. Өмірдің адамға ең жақсы сыйы – сыйласқан сіз бен біз, – деп жауап беріпти.

Төле бидің жауабына риза болған билердің бәрі орында-рынан тұрып, құрмет көрсетіпті.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



Ғылым туралы нақыл сөздер

Фалымдар тұра жолға елді бастан.

(Жусіп Баласагұн)

Ғылым өмірге қызмет етеді.

(Нильс Бор)

Ғылыми прогресс ғалымдар еңбегінің құндылығымен және оның ашылуымен ерекшеленеді.

(Луи Пастер)

Ғылымның жемісі халық игілігіне қауалап шығады.

(Дмитрий Менделеев)

Ғылым мен мәдениет – барлық дуниенің алтын алқасы.

(Мұхтар Әuezов)



5. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Әлемді дүр сілкіндірген бір өнертабыс туралы ойларынды «Төрт сөйлем» әдісімен (пікір, себеп, мысал, қорытынды) түйін-дендер.

2-топ. Фылыми жаңалықтардың адам өміріне қауіп төндіретін кезі бола ма? «Гибратты сөз» айдарымен берілген нақыл сөздерді кірістіріп, адамзат өміріндегі ғылымның рөлін «SWOT-талдау» әдісімен көрсетіндер.

S – күшті жақтары	W – әлсіз тұстары
O – мүмкіндіктері	T – қауіптері

3-топ. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша «Блум түймедағы» әдісімен сұрақтар құрастырып, өзара жауап беріндер.

Білу	Карапайым	Kім? Қашан? Қайда? Қалай?
Түсіну	Нақты	Мен дұрыс түсіндім бе?..
Қолдану	Тәжірибелік	Қалай қолдануға болады?.. Одан не істеуге/шығаруға болады?..
Талдау	Интерпретациялық	Неге?
Жинақтау	Шығармашылық сұрақ	Егер..., онда не болады?..
Багалау	Бағалаушы сұрақ	Қалай қарайсыз?



- 6.** Бүгінгі күннің елеулі табыстарының бірі – үялыш телефон туралы ізденіп, ақпараттарды кестеге толтырындар.

Телефон моделі	Шыққан жылы	Суреті	Сипаттамасы



- 7.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Белгілі ғалым А.Эйнштейннің «Фылым – жазылып бітетін кітап емес. Фылымдағы әрбір маңызды табыстан жаңа мәселелер туындаиды» деген пікірін негізге алып, дискуссивті эссе жазындар.
 2. Қазіргі заманның ғылыми жаңалықтарын сараптап, өздерінді таңдандырған 5 өнертабыс туралы презентация немесе ойтұжырым дайындаңдар.



1. Ойтұрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. «ЭКСПО» көрмесінің тарихы туралы не білесіңдер?
2. Халықаралық ЭКСПО көрмелері адамзат баласына қандай өнертабыстарын сыйлады? Мысал келтіріңдер.
3. Қазақстан астанасында өткен көрмеде таныстырылған ғылым жетістіктері туралы не білесіңдер?
4. Суреттегі ғимарат қалай аталады?



2. Мәтіндегі ақпаратты оқып, берілген мәліметтер мен пікірлерді өндөңдер және толықтырыңдар.

Телефон аппараты

Тұңғыш телефон аппараты 1876 жылы Филадельфиядағы Бүкіләлемдік көрмені таңғалдырды. Өнертапқыш Александр Белл «сөйлейтін телеграфтың» қалай жұмыс жасайтынын көрсетті. А.Белл басқа бөлmede тұрып, Дат ханзадасының «Болу я болмау» монологін оқиды, оның дауысын телефон тұтқасынан естіген қазылар алқасының таңданысында шек болмады.



Жұз жылдан астам уақыт ішінде телефонның сыртқы түрі қатты өзгеріске ұшырады, алайда оның қызмет ету қағидасы бәз-баяғысынша қалды.

Фонограф

1878 жылы Париждегі Бүкіләлемдік көрме кезінде фонографты (дыбысты жазуға және жаңғыртуға арналған құрылғы) таныстырғаннан кейін, оны ойладап тапқан Томас Алва Эдисон үлкен танымалдыққа ие болды. Ол заман үшін фонографтан адам дауысының естілуі таңғажайып сиқыр болып саналды. Ал Эдисонға «Менло-Парктың сиқыршысы» (Нью-Джерсидегі зертханасы солай аталатын) деген ат тағылды. Кейінірек фонографтың қызметі граммофон, патефон және тіпті магнитофонда қолданыс тапты.




Айналаны шолу дөңгелегі

Тұңғыш айналаны шолу дөңгелегі 1893 жылы Чикагода өткен Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Атағы жер жарған аттракционның жобасын Кіші Джордж Вашингтон Гейл Феррис жасады. Дөңгелектің биіктігі 80 метрден асып, ал салмағы 2 мың тоннаға дейін жетті. Америкалықтар оны осының алдында Парижде өткен Бүкіләлемдік көрмеге орай салынған Эйфель мұнарасына жауап ретінде ойладап тапты. Ағылшын тілінде айналаны шолу дөңгелегі осы күнге шейін «Ferris wheel», яғни «Феррис дөңгелегі» деп аталып келеді.



Сыдырма ілгек

Ең алғашқы сыдырма ілгек аяқ-күйімге арналған болатын. 1893 жылы Чикагодағы Бүкіләлемдік көрмеде оны Уитком Лео Джадсон көрсетті. Алғашқы ілгек қазіргі нұсқасына



қарағанда күрделі болатын: оның бір қапталында ілгек, екінші жағында «кілт-тілшік» көмегімен ілінетін ілмек қатары болатын. Джадсонның өнертабысы аяқиімді түймелеуді айтартықтай тездететін, солай бола тұра бұл өнертабыс көпшіліктің көңілінен бірден шыға қойған жоқ, өйткені оны пайдалану үшін екі беттен тұратын нұсқаулықты оқу керек болатын.

Тек 20 жылдан кейін ғана сыйдырма ілгек үлкен танымалдыққа ие болды.

Рентген аппараты

Рентген сәулелерінің қасиеттері 1901 жылы Буффалодағы Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Бұл өнертабыс АҚШ Президенті Уильям Мак-Кинлидің өмірін сақтап қалар маеді? Көрме кезінде ол ауыр жаракат алды, себебі Президентке оқ атылды. Оның денесіндегі оқты табу үшін дәрігерлердің рентгенді пайдалануына болар еді, алайда олар бұдан бас тартты. Сегіз күннен кейін Мак-Кинли көз жұмды.

Кейінірек рентген аппараты медицинада кең қолданысқа ие болды.

Телехабар тарату

1939 жылы теледидар өлі таңсық дүние болатын. Осы жылы Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік көрмеге келушілер АҚШ Президенті Франклін Рузвелттің ЭКСПО-ны ашып жатқанын тікелей эфирден көріп, қатты таңданды. Теледидардың бұл техникалық жетістігі оларға айрықша әсер етті. Тіпті көбі трансляцияны иллюзионистің фокусы деп те ойлады. Ал бүгінгі күні тікелей эфирде хабар тарату үйреншікті іске айналды.

Ұялы телефон

Ұялы телефонның алғашқы нұсқасы және ұялы байланыс технологиясы 1970 жылы Жапонияның Осака қаласындағы Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Бұл нағыз төңкеріс болатын: бұған дейін қолданыста болған телефондардың барлығы желіге қосылмаса, жұмыс жасамайтын. Ұялы телефондар Осакадағы презентациядан кейін бірден қолданысқа енді.



Қазіргі ұялы телефондармен салыстырғанда олардың пішіні үлкен және ыңғайсыз болатын, оларды қалтаға салып жүру мүмкін емес еді.

Сенсорлық экран

Саусақтың басқанын сезетін экран алғашқы рет жүртшылыққа 1982 жылды Ноксайлдағы Бүкілөлемдік көрнеде таныстырылды. Көрмеге келген әрбір адам сенсорлық экранды жеке өзі пайдаланып, байқап көре алды. 30 жылдан кейін бұл өнертабыс өте танымал бола бастады. Бұғынгі күні сенсорлық экрандар төлем терминалдарында, ақпараттық дүңгіршектерде, қалта компьютерлерінде және ұялы телефондарда қолданылады.



(«Алматы ақшамы» газетінен)

Публицистикалық стильдің жанрлық түрлері. Репортаж
Публицистикалық стильдің жазбаша түрі: мерзімді баспасөз; ауызша түрі: радио, теледидар хабарлары, деректі кино.

Жанрлық түрлері: мақала, ақпараттық хабар, очерк, халықаралық шолу, репортаж және интервью.

Репортаж (латын *report* – «жеткізу») – баспа, радио, теледидарға оқиға орнынан берілетін ақпарат, әңгіме. Репортаж оқиға болған жердің топырағында туады. Сондықтан да репортаж дегеніміз – оқиғаның өзі. Репортаждың басқа жанрлардан ерекшелігі – өткен оқиғаны емес, болып жатқан оқиғаны баяндайды, соны суреттейді. Репортаждың мақсаты – болған оқиғаны бүлжытпай суреттеу емес, сол оқиғаның әлеуметтік мәні мен маңызын ашу, өзінің пікірін білдіру. Журналист оқиғаны неғұрлым тез, айқын, әсерлі түрде жеткізсе, ол соғұрлым бағалы, ықпалды да тартымды болады. Репортаж өмір шындығына сүйенеді. Тілі нәрлі, стилі тартымды келеді.



3. «ЭКСПО-2017» көрмесінің павильондарынан журналист ретінде репортаж дайындаңдар.



4. Мәтін нормаларын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша аргументті эссе жазындар. Тақырыбын өздерің қойындар.



5. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Фантаст жазушылардың қандай болжамдары (жүргізушісіз көлік, ақылды үй, голографиялық бейне, 3D басылым, жасанды интеллект т.б.) шындыққа айналуда немесе қашан жүзеге асуы мүмкін? «Тарих уақыты» әдісімен болжам жасаңдар.

2-топ. Жаратылыстану бағытындағы сабактарда танысқан ғылыми жаңалықтарды топтастырып, аудитория алдында сөйлеуге дайындалыңдар. Шешенниң көпшілік алдында өзін ұстау мәдениетіне қойылатын талаптарды сақтап, өз ойларында жеткізіңдер.

3-топ. Қосымша ресурстар мен сабак материалдары негізінде қысқа тест құрастырыңдар. Тест тапсырмасында бір немесе бірнеше дұрыс жауаптың болуын қадағаландар.



6. «Қазыбектің ат дауын шешуі» шешендік сөзін (77–78-беттер) құрылымына қарай талдап, кіріспе, негізгі бөлім, қорытындысын бөліп көрсетіңдер.

Шешендік сөз	
Кіріспе	
Негізгі бөлім	
Қорытынды	



7. Бұрынғы шешендердің, билердің дауды екі ауыз сөзben түйгенін дәлелдейтін мысал жазып, мәтін құрылымын, тақырыбы мен идеясын талдаңдар.

Шешендік сөз	
Тақырыбы мен идеясы	
Жанрлық мазмұнына қарай қай түрі?	
Құрылымы	
Кіріспеси	
Негізгі бөлімі	
Қорытынды бөлімі	
Құрылымына қарай қай түрі?	

IV бөлімді қорытындылауға арналған тест тапсырмалары

1. «Публицистика» термині қандай үғымда жүмсалады?
 - A. Әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер
 - B. Қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау
 - C. Діни бағыттағы мәселелер
 - D. Соттағы сөздер
 - E. Шешендік сөздер
2. Стиль түрін көрсетіндер. Бұл шара жол-көлік ережесін сақтай бермейтін көлік жүргізушилерін қауіптен сақтауга септігін тигізбек.
 - A. Фылыми стиль
 - B. Ауызекі сөйлеу стилі
 - C. Публицистикалық стиль
 - D. Көркем әдебиет стилі
 - E. Ресми ісқағаздар стилі
3. Публицистикалық үндеудің мақсаты:
 - A. Жаңалықтардан хабардар ету
 - B. Шығарманың мазмұнымен таныстыру
 - C. Газет-журналдар тарату
 - D. Жұртшылықты қоғамдық мәні бар іске қатыстыру, жұртшылықтың санасына ықпал ету
 - E. Халықты бір жерге жинау
4. Шешендік сөздің құрылышына қарай түрлері:
 - A. Шешендік арнау, шешендік толғау
 - B. Шешендік толғау, шешендік дау
 - C. Айтыстар, даулар
 - D. Жер дауы, құн дауы
 - E. Термелі сөз, пернелі сөз
5. «Өнертабыс» сөзіне сәйкес келетін қатарды көрсетіндер.
 - A. Қоғам айнасы
 - B. Демократиялық процесс
 - C. Электронды бесік
 - D. Фылыми шолу
 - E. Публицистикалық шығарма

6. «Өнер – ризық, несібе таусылмайтын...» шешендік сөзінің авторы –
- A. Сыздық төре
 - B. Олжабай батыр
 - C. Байгозы батыр
 - D. Ағыбай батыр
 - E. Шойынбет би
7. Пікір алмасуға жатпайтын форманы ажыратындар.
- A. Іскерлік сессия
 - B. Фылыми хабарлама
 - C. Семинар
 - D. Арнайы комиссияның мәжілісі
 - E. Көпшілік қатысатын митинг
8. Орфографиялық нормаға сай жазылған қатарды табындар.
- A. Балмұздақ, жемісті мұз
 - B. Батут, көлік-жай
 - C. Тұс қағаз, өнертабыс
 - D. Секіру қондырғысы, қойлым
 - E. Кино театр, сериал
9. Шешендік сөз құрылымына қарай бірнеше бөліктен тұрады:
- A. Басы, ортасы, аяғы
 - B. Қіріспе, негізгі бөлім, қорытынды
 - C. 1-бөлім, 2-бөлім, 3-бөлім
 - D. Хабарлау, түсіндіру, қорытындылау
 - E. Толғау, арнау, дау
10. Публицистикалық стильдің жанрлары:
- A. Әңгіме, повесть, роман
 - B. Өлең, поэма, дастан
 - C. Репортаж, мақала, очерк
 - D. Драма, комедия
 - E. Арнау, толғау, дау



БӨЛІМ

ТУРИЗМ: ЭКОТУРИЗМ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Бұл бөлімде сендер:

- туризм және оның түрлері туралы мәлімет аласындар;
- Қазақстандағы туризмнің дамуы туралы ақпаратпен танысасындар;
- айтылатын орны мен мазмұнына қарай қазіргі шешендік сөздердің түрлерін мәнгересіндер;
- пікірталас мәдениетіндегі сөз қолданысын үйренесіндер;
- ой айқындылығы мен сөз дәлдігін жазба жұмыстарында ұтымды жүмсауға дағдыланасындар.

Қазақстанда туризмді дамытып,
оны ел экономикасының ең табысы
мол секторына айналдыруға зор
мүмкіндік бар.

Мартин Вебер

§1.

Туризм



- Екі топқа бөлініп, сұрақтарға жауап беріңдер. Жауаптарыңды алмастырыңдар. Дауыстап оқып, бір-бірінді толықтырыңдар.
 - Туризмнің әлемдік экономикада алатын орны қандай?
 - Туристік үйымдарды біріктіретін халықаралық деңгей-дегі қандай үйымдарды білесіңдер?



- Мәтінді оқып, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Туризм

Туризм (франц. *tourisme*, *tour* – «серуендеу») – адамның бос уақытында (жұмыс бабымен не туған-туысқа қыдыру емес) өз еркінше көңіл көтеру мен демалу үшін, тәуекел жасау үшін, көріп қызықтау үшін, яғни субъективті рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті саяхаттап, серуен-деп баруы. Жақын жердегі қысқа мезетте орындалатыны «серуен» делінсе, алыс жерге аттанған ұзақ мерзімді «саяхат» деп аталады.

Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Дүниежүзілік туризм үйымының (ДТҮ) деректері бойынша, ол әлемдегі Жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11%-тен астамын құрайды. Сондай-ақ әлемдік капиталдың 7%-ін пайдаланып, 137 млн адамды жұмыспен қамтып отыр.

Туризмнен түсken табыс мұнай өнімдері және автокөлік экспорты табысынан кейін тұрақты З-орында келеді. Дүниежүзілік туризм үйымының болжамы бойынша, XXI ғасырда туристік индустрия үздіксіз өсіп, 2020 жылды әлемдегі туристер саны 1,5 миллиардқа жетеді.

Туристерді жағымды пікір ғана емес, тұмса табиғат, тылсым құбылыс, ғажайыптар, тәуекелдер, бұрын-соңды болмаған жаңалықтар, өз елдерінде кездесе бермейтін ерекше жағдай мен көңіл күйлер шақырады. Сондықтан туризмді дамыту үшін туристік өнір туралы романтикалық (бәлкім, тылсым немесе қорқынышты, бәлкім, таңғажайып) түсініктердің қалыптасуына айрықша мән беру керек.

Дүниежүзілік туризм ұйымының белгілеуі бойынша, әдettette адам 88,5 км (55 ағылшын миlі) қашықтыққа барып, кем дегенде 24 сағат аялдаса, онда ол турист болып есептеледі. Демек, біr туристік аймақтан қысқа уақытта (24 сағаттан аз уақытта) өтсе, ол адам турист болып саналмайды. Туризмнің экономикалық маңызы зор болғанымен, қарожаты жеткілікті турист экономикалық мүддені көздемейді.

Әрине, туристердің бәрі де тек көңіл көтерумен шектеледі деуге болмайды, турист өзінің сапары барысында көптеген тың ой мен шешімге келеді, жаңа жоспар жасауы, батыл шешімге келуі мүмкін. Бірақ мұның бәрі оның алдағы жоспарларында көрініс тауып, дәл сол уақытта, дәл сол жерде ол еркін, ерікті көңіл көтеруші, жаңа жағдайларды сезінуші, қызықтаушы, денсаулығын қалпына келтіруші ғана болады.

(«Қазақ энциклопедиясы», 5-том)



3. Сызбадағы мәліметтерді өздерің біletіn деректермен толықтырып, шағын мәтін жазындар.





Әңгіме және дөңгелек үстел

Пікірталас түрлері көп. Бір мұддені көзделеген жандар әңгімелесіп, пікір алмасады, белгілі бір тақырыпты талдап, талқылайтын ақпараттық-насихаттық сипатындағы кездесу-сұхбаттар өткізіледі.

Пікірталасқа бастайтын пікірлесудің қарапайым түрі – әңгіме, ал жоспарлы түрде өткізілетін жүйелі түрі – дөңгелек үстел.

Әңгіме

Мақсаты	Белгілі бір тақырып тәңірегінде жиналған көвшіліктің сұрақ қойып не өз пікірін айтудына мүмкіндік беру. Мұнда қатысуышыға өз пікірін білдіруіне еркіндік беріледі.
Ерекшелігі	Жоспарлы түрде болмағандықтан, күтпеген сұрақтар қойылып, жеке бастың мұддесін көздейтін пікірлер айтулы орын алады. Жүргізуші пікірталас мәдениеті талаптарын сақтай отырып, мәселені ушықтырмай шешуі тиіс.

Дөңгелек үстел

Мақсаты	Белгіленген тақырып, талқыланатын жоба, құжат бойынша арнайы маман шақырылып, алдын ала ойластырылған жоспар бойынша жүргізіледі. Сұрақтар да алдын ала берілуі мүмкін.
Ерекшелігі	Дөңгелене отырған топтың осы мәселеге қызығушылығын, өзін толғандыратын нәрсе туралы толық мәлімет алу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Арнайы маман мен тыңдарманның қарым-қатынасы пікірталас мәдениетіне сай орын алуы керек.



4. Сұрақтар бойынша өзара сұхбат құрып, туризмнің әлемдік нарықта алатын орны туралы әңгіме не дөңгелек үстел өткізіндер. Коммуникативтік жағдаятқа сай көвшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу принциптерін сақтаңдар.
1. «Туризм – әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін саласы» деген пікірмен келісесіндер ме?
 2. Туризмі ел экономикасына қыруар пайды әкелетін елдер қатарына қосылуға еліміздің әлеуеті (сұлу табиғаты, теңіздері, таулары, өзен-көлдері, тарихи орындары, археологиялық ескерткіштері т.б.) жете ме?

3. Қазақстанға келетін саяхатшылардың санын арттыру үшін қандай шаралар қолға алынуы керек?
4. Елімізді шетелдерге танытып, туристердің қызығушылығын арттырып жүрген қандай өнерпаздарды білесіндер?



5. Оқылым мәтінінен бірнеше мысал алып, тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі
Демек, бір туристік аймақтан қысқа уақытта (24 сағаттан аз уақытта) өтсе, ол адам турист болып саналмайды.	Үтір, жақшаша	



Шешендік өнер туралы нақыл сөздер

Шешенге деген сенім туғызатын үш нәрсе – парасат, ізгілік, сыйластық.

(Аристотель)

Жақсы шешен болғың келсе, алдымен, жақсы адам бол.

(Квинтилиан)

Тұмен сөздің түйінін бір сөзбен шеш.

(Жұсіп Баласагұн)

Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады.

(Асанқайғы)

Шешеннің аты шешен бе, таңдайға дәмі үйіріліп, дау-гердің тауын шақпаса?!

(Дулат Бабатайұлы)



6. Жоғарыдағы нақыл сөздерді талдап, пікірлерінді түйіндең, кестеге түсіріңдер.

Шешендік сөздің табиғаты	Жақсы шешеннің бейнесі
Ортақ түйіні	



7. Өңгіме не дөңгелек үстел барысында айтылған пікірлерді сараптап, салыстырып, келісу/келіспеу себептерінді көрсетіп, эссе жазындар.

§2.

Туризмнің түрлері



1. Ойтұрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Туризмнің қандай түрлерін білесіңдер?
2. Біздің елімізде туризмнің қай түрлерін дамытуға мүмкіндік бар?



2. Мәтінді сызбалардағы мәліметтермен қосып оқып, туризм түрлерінің даму деңгейін болжандар.

Туризмнің түрлері

Туризм үлкен екі түрге бөлінеді: 1) ішкі (ұлттық) туризм; 2) халықаралық (шетелдік) туризм. Мазмұнына қарай туризмнің бірнеше түрі бар. Солардың кейбіріне тоқталайық.

Мәдени-танымдық туризм дегеніміз – туристерді мәдени құндылықтармен таныстыру. Оған әртүрлі тарихи, архитектуралық және мәдени кезеңдермен танысу үшін музейлерге, тарихи және архитектуралық ескерткіштерге бару, театрландырылған немесе музыкалық қойылымдарды тамашалалау, діни мерекелерге, сурет көрмелеріне бару жатады.



Сауықтыру туризмі демалыстың бір түрі болып есептеледі. Шаршаған жүйке жүйесін шипажайларда ем алып

немесе жағажайларда демалу арқылы ғана қалпына келтіруге болады деп ойлау – қате. Сонымен қатар таулардың, сарқырамалардың сұлулығын көріп, тау өзендерінде жүзіп, тау шаңғысымен немесе жылқымен серуендең те қалпына келтіруге болады. Осы арқылы туристер белсенді туризмге үйрене бастайды. Жаяу туризм ең көп тараған белсенді туризм түрі болып есептеледі: арнайы көлікті қажет етпейді, кез келген аумақ бойынша жорықтар үйымдастыруға болады.

(mydocx.ru)



3. Аудиожазбадан (08. mp3) «Қазақстандағы туризм түрлері» мәтінін тыңдаап, мақсатты аудиторияға (туристер) арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдаңдар.



Қазіргі шешендік сөздердің түрлері

Қазіргі шешендік сөздердің де, шаршытолтың да сипаты өзгерді. Шешендер білім-ғылым, оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, мәдениет-өнер тақырыптарын қозғаған көркемсөз иелері, яғни ақындар мен жазушылар, ғалымдар, журналистер болса, тыңдаушы топ – білім-ғылым, оқу-ағарту, мәдениет саласындағы көшшілік. Шешендік өнердің көрінетін орындары – жиналыс, конференция, съезд, семинар, диспуттар. Шешендік сөз енді өлеңмен емес, бірынғай қара сөзben айттылатын болды.

Қазіргі шешендік сөздердің көтерген тақырыбы, мазмұны мен айтулы орнына қарай мынадай түрлері бар:

- 1) білім-ғылымдық мазмұнды;
- 2) әлеуметтік-саяси мазмұнды;
- 3) әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды;
- 4) діни мазмұнды;
- 5) сотта қолданылатын сөздер.

Шешендік сөздердің барлық түріне ортақ мақсат – ақыл-оиды қозғау, ұғым-түсінігін кеңейту, білім беру, сезімге әсер ету. Шешен сөйлеудің ең негізгі шарттары – сөз дұрыстығы, қысқалығы, эмоционалдылығы, байлығы, түсініктілігі мен дәлдігі.



4. Оқылым және тыңдалым мәтіндері негізінде өңгіме не дөңгелек үстел үйымдастырындар. Ойларынды шешен тілмен жеткізуге тырысындар.
1. Мәтіндерде аталған туризм түрлерінің қайсысы өздеріңе жақын?

- Тыңдалым мәтінінде аталған туризм түрлері елімізде қалай дамуда?
- Қазақстанда туризмнің тағы қай түрін дамытуға мүмкіндік бар?



5. Әңгіме немесе дөңгелек үстелдегі сөздерің тақырыбына, мазмұны мен айтылу орнына қарай қазіргі шешендік сөздердің қай түріне жатады? Мысалдармен дәлелдендер.

Үлгі:

Шешендік сөздің түрі – ...	Себебі



Круиз

Қазіргі кезде теңізді айналып жүзу (круиз) халықаралық туризмнің маңызды түріне айналып отыр. Бұл – аса жайлы кемелермен саяхаттау, құмды жағалауларда демалу, бірнеше елмен танысу мүмкіндігінің үштастырылуы. Туризмнің бұл түрінің дәстүрлі аудандарына Жерорта теңізі, Қариб алабы мен Мұхит аралдары жатады.



6. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-топ.** «Круиз» мәтініндегі терминдерді пайдаланып, туристерді круиздік лайнермен саяхаттауға шақырып, жарнама жасандар.
- 2-топ.** Туризмнің түрлері туралы сұрақтар құрастырып, топта жауап беріңдер. Ең үздік танылған сұрақтар мен жауаптарды белгілендер.

Үздік сұрақтар	Үздік жауаптар

3-топ. Тыңдалым мәтінін 4 дәйексөзben қорытып, «Қосжазба күнделігін» толтырыңдар.

Дәйексөз (цитата)	Түсіндірме (комментарий)



7. «Қазақстанда туризм жақсы дамыған» деген пікірге қатысты келісу/келіспеу әссеңін жазыңдар.



1. Сұрақтарға өз болжамдарың бойынша жауап беріндер.

1. Қазақстанда алғашқы туристік нысандар қашан пайда болды?
2. Келешекте еліміздің қай аймақтары туризмнің орталығына айналуы мүмкін?
3. Суреттерде бейнеленген өлкелер туралы не білесіндер?
4. Өздерің тұратын жерде қандай туристік нысандар бар?



2. Мәтінді оқып, Қазақстандағы туризмнің даму тарихы туралы мәліметтерді «Төрт сөйлем» әдісімен сипаттаңдар.

Қазақстандағы туризм

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқандықтан, Қазақстан аумағындағы қалалар мен табиғаты ғажайып жерлер ежелден саяхат және туризм нысандары болып саналған.

Қазақстандағы алғашқы туристік үйымдар XX ғасырдың 20–30-жылдары пайда болды. 1929 жылы Алматыда түңгыш туристік жорық үйымдастырылды. Оған 17 мектептің мұғалімдері қатысты. Жорық Алматыдан басталып, Есік көлінде аяқталды. 1930 жылы Алматы өлкетану музейі жанында Пролетарлық туризм және экскурсия қоғамының өлкелік бөлімшесі жұмыс істей бастады. Осы жылы Алматы қалалық телеграф пен пошта қызметкерлерінен құралған топ Медеуден Қөкжайлайлауға, одан әрі Үлкен Алматы көлі жағалауына дейін барды. Туризмнің бүл түріне В.Зимин, А.Бергрин, Д.Литвинов, Х.Рахимов, Г.Белоглазов т.б. көп үлес қосты.

1931 жылдың қаңтарда Алматыда алғаш рет шаңғышылар жорығы үйінде болыптырылды. Шаңғышылар Алматыдан шығып, Ұзынағаштан өтіп, Қордай асусы арқылы эстафетаны Қыргызстан командасына табыс етті.

Әуесқой туристердің бастауымен Алатау қойнауындағы Күйгенсай шатқалында туристер үшін шағын үй салынды. 1936 жылдың бүл жерде республикадағы ең алғашқы 50 кіслік «Горельник» турбазасының шаңырағы көтерілді. 1938 жылдың Кекжайлау шатқалында алғаш қазақстандық туристер слеті өтті. Оған 200-дей турист қатысты.

1950–1960 жылдары Алматы жоғары оқу орындарында тау туризмі, альпинизм, спорттық туризм дами бастады. Соның нәтижесінде туристік нұсқаушылар тобы қалыптасты. Олар оқушылар мен студенттер арасында туризмді дамытуда үлкен үлес қости. 1958 жылды В. Зиминге тұңғыш рет туризм бойынша КСРО-ның спорт шебері атағы берілді. 1970 жылдың құрылған Туризм және саяхатшылықтың республикалық кеңесі туризмнің одан әрі дамуына өсер етті. 1971–1975 жылдары Қазақстанда туризмнің материалдық базасын нығайып, саяхаттық-туристік үйімдер көбейді, жаңа туристік базалар мен мейманханалар пайдалануға берілді.

1991 жылдан бастап тәуелсіздік алған Қазақстанда туризм саласы дамудың жаңа салынына көшті. 1993 жылды Қазақстан Дүниежүзілік туризм үйімін мүше болды. Осы жылды туризм индустриясын дамытуға арналған ұлттық бағдарлама қабылданды.

2001 жылды 13 маусымда «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заң қабылданды. Онда еліміздегі туристік саланы дамытудың бірінші кезектегі шаралары, туристік қызметті лицензиялау т.б. мәселелер тұжырымдалды. Қазақстанның табиғи, тарихи, геосаяси орны туристік нысандарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді, сонымен қатар экономиканың басты тармақтарының бірі ретінде дамытуды қажет етеді.

(«Қазақ әнциклопедиясы», 5-том)



3. «Екінші Мекке» атанған Түркістан қаласын өлемдік туризмнің орталығына айналдыруға бола ма? Көтерілген мәселе бойынша өз ойларынды дәлелдеп, келісу/келіспеу әсессін жазындар.



Димаш Құдайбергенге Мәдениет және спорт министрі атынан «Қазақстан Республикасының туризм жөніндегі елшісі» мәртебелі атағы тапсырылды. «Бір жарым ай бұрын футболшы Месси «Әлем туризмінің елшісі» атанды. Біз де Димашқа қазақстандық туризм елшісінің сертификатын ұсынып отырмыз. Ол – өз елінің патриоты», – деп атап өтті «Kazakh Tourism» ҮК» АҚ Басқарма төрағасы Рашид Күзембаев.

Димаш өз концерттерінде және БАҚ көздерінде өрқашан фанаттарын туған жерінешақырып жүреді. Сол себепті Қазақстанда алғаш рет фантоптар үшін туристік маршрут ұйымдастырылды. Маршрут құрамына Димаштың туған қаласы – Ақтөбе, елордамыз және Алматы кірді. Осындай турларды отандық туроператорлар тұрақты түрде өткізетін болады. Ал осы турлардан түскен қаржының бір бөлігі келешекте Димаш брендін өлемдік деңгейде одан өрі нығайтуға және өркендетуге бағытталады.

(«Егемен Қазақстан», 01 маусым, 2018 жыл)



Білім-ғылымдық мазмұндағы шешендік сөздер

Білім-ғылымдық мазмұндағы (академиялық) шешендік сөздердің қолданылатын орындары мен түрлері:

- 1) жоғары оқу орындарындағы дәрістер;
- 2) ғылыми конференциялар, симпозиумдардағы баяндамалар;
- 3) ғылыми жоба қорғау және диссертациялық ғылыми кеңестерде сөйленетін сөздер.

Бұл сөздердің басты ерекшелігі – ғылыми терминдердің молдығы, біршама қатаң стильге негізделуі. Осы белгілеріне қарап дәрістер мен баяндамалардың шешендік сипатының болуы міндетті емес болып көріну мүмкін. Шындығында, білім-ғылымдық мазмұндағы сөздер нақты, тілі барынша түсінікті, тыңдаушысына қызықты болуы шарт. Ал бұлар – шешендік сөздің басты талаптары.



4. Белсенді туризмнің түрлері жайында қосымша ресурстардан мәлімет жинақтап, ғылыми конференцияда жасалатын баяндаманың тезисін дайындандар.



- 5.** Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-топ.** Оқылым мәтінін негізге алып, Қазақстандағы туризмнің даму тарихын сызба арқылы көрсетіңдер.



2-топ. Димаш Құдайбергеннің арқасында Қазақстанға қызығушылығы артқан туристерді өздерің тұратын елді мекенге шақырып, тарихи-мәдени орындармен, архитектуралық ескерткіштермен таныстыратын мәтін жазыңдар.

3-топ. Шешенге қойыллатын талаптарды сақтап, «Отандық туризмді дамыту жолдары» тақырыбында білім-ғылымдық мазмұндағы шешендік сөз дайындаңдар.



- 6.** Оқылым мәтінінен бірнеше мысал алып, тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі
Туризмнің бүл түріне В.Зимин, Д.Литвинов, А.Бергрин, Х.Рахимов, Г.Белоглавов т.б. көп үлес қости.	Үтір, нұкте	



- 7.** Қазақстандағы туристер көп баратын нысан туралы баяндама жасаңдар.

§4.

Экологиялық туризм



1. Ойтұрткі сұрақтарына жауап беріндер.

1. «Экотуризм» үғымының Қазақстанға қандай қатысы бар?
2. Соңғы кезде экотуризмнің қарқынды даму себебін қалай түсіндір едіндер?



2. Мәтінмен танысып, құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Экологиялық туризм

Экологиялық туризм – сауықтырушылық, танымдық, қарым-қатынастық қажеттіліктер үштастырылатын туризмнің түрі. Бұған экологиялық түрғыдағы көрнекті орындарды (ұлттық саябақтар, табиғат ескерткіштері), табиғат қорғау проблемалары оңтайлы шешілген аумақтарды аралау, сонымен бірге экологиялық үйімдардың, «жасылдар» қозғалысының бұқаралық шараларына қатысу жатады. Экологиялық білім беру және ағарту элементтері міндетті түрде қамтылады.

Экологиялық туризмнің өзекті үш бағыты бар, олар: танымдық (тарихи), ғылыми (зерттеушілік), оқиғалы (спортық). Тарихи экотуризм жергілікті мәдениет пен қоршаған ортаны тануға мүмкіндік береді. Ғылыми түрінде туристер табиғатты зерттейді. Оқиғалы экотуризм – табиғатта демалу мен қозғалудың белсенді бағыты, оған жаяу, атты, велосипедті туризм, альпинизм т.б. жатады.

Экологиялық туризм «жұмсақ» туризм болып табылады, себебі ол қоршаған ортадан пайда табуға бағытталмаған. Аталмыш туризм түріне мына қасиеттер тән: туристік аймақтарды мәдени түрғыдан сауықтыруға қамқорлық жасау, табиғат ресурстарын аяушылықпен пайдалану, қоршаған ортаға залал келтіретін жағдайлардың минималды болуына бақылау жасау.

Экологиялық тур кезінде сіз жабайы табиғатпен тығыз байланыста боласыз, бұл – басқа турлардың бірінде жоқ қасиет. Мұнда адам – табиғаттың әміршісі емес, оның бір бөлшегі ғана болады.

(Амангелді Сопбеков)



Ойдың айқындылығы

Сөз дәлдігімен тікелей байланысты ұғымдардың бірі – ойдың айқындылығы. Сөз дәлдігі жекелеген сөздер мен тіркестердің қолданысына байланысты болса, ой айқындылығы тұтас сөйлемнің мағынасына қарай ажыратылады және сөйлеушінің әдеби тілдің байлығы мен нормасын жетік білуімен, грамматикалық формаларды орынды қолдануымен өлшенеді. Сөйлеуші сөздердің табиғи мүмкіндітерін: тұра мағынасын, көпмағыналылығын, синонимдік, антонимдік, омонимдік қасиеттерін кең түрде пайдаланумен бірге, сөздерді ауыспалы мағынада, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді орынды қолдана білмесе, ой айқындылығына нұқсан келеді.

Мысалы: *Қасымды айтып жіберші, тезірек үйге кірсін!* Үйде баласын жалғыз тастап, «*қой да тыныш*» дейтін ата-ана бар. Алғашқы сөйлемде табыс септігінің -ды жалғауы барыс септігінің -ға жалғауының орнына қолданылғандықтан, сөйлемнің алғашқы бөлігіндегі ой айқын емес. Ал екінші сөйлемде «*Қой да тыныш, қойши да тыныш*» мәтелін түгел қолданбағандықтан, ой айқындылығына нұқсан кеп түр. Сол сияқты «*Қор (қаражат) болмағанда қор болғандай екен*» (газеттегі мақала атауы) сөйлемінде омонимдерді орынсыз қабаттастыра қолдану да мағына айқындығын көмескілейді.



3. Аудиожазбадан (09. тр3) «Қарқаралы ұлттық саябағы» мәтінін тыңдал, негізгі ойды анықтаңдар. Қөшпілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ету қағидаларын сактап, мәтінді қайта баяндаңдар.



Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөздер

Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөздерге саяси шолушылардың, радио және теледидар шолушыларының сөздері, саяси тақырыптағы баяндамалар, митингіде сөйленетін сөздер, әскери-патриоттық сөздер жатады. Әскери-патриоттық тақырыптағы шешендік сөздер Отан қорғауда сарбаздардың рухын көтерген. Ұлы Отан соғысы жылдарында Б.Момышұлы сияқты қолбасшылардың шешендік сөздері жауынгерлерді женіске жігерлендіріп, Отан үшін аянбай соғысуға үндеген.



4. Мәтіннің әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөзге жататынын дәлелдецдер. Шешен сөйлеудің шарттарын білдіретін (сөз дұрыстығы, дәлдігі, түсініктілігі, эмоционалдылығы) тілдік бірліктерді көрсетіңдер.

Біз, қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар үрпағы еженімізді ұмытпауымыз қажет. Ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық ұлгілері арқылы дәріптеуіміз керек. Біз сала-лық мемлекеттік бағдарлама қабылдадық. Ол толыққанды жүзеге асатын болса, туризмнің Ішкі жалпы өнімдегі үлесі 8%-ке жетеді. Туризм саласында 650 мың адамды жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Туризм – ете курделі сала. Оған тиісті мамандар керек. Сол себепті біз туризм мамандарын дайындайтын университет ашу қажет деген шешім қабылдадық.

(*Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлытау-2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінен*)




5. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Оқылым мәтінін негізге алып және өздерің білетін мәліметтерді де қосып, әкотуризмнің ғалымдар белгілеген түрлері туралы деректердің маңызды тұстарын талдаң жазындар.



2-топ. Экологиялық туризмді туризмнің басқа түрлерімен салыстырып, үқастығы мен айырмашылықтарын «Венн диаграммасы» арқылы сипаттаңдар.



3-топ. Экотуризмнің маңызы мен пайдасы жайында сөз дайындал, көпшілік алдында қорғандар.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Өздерің тұратын өлкедегі экологиялық туризмді дамытуға қатысты түйінді пікірлерінді жазыңдар. Сөз дәлдігінің сақталуына назар аударыңдар.
2. Б.Момышұлының әлеуметтік-саяси тақырыптағы нақыл сөздерін оқып, кестені толтырыңдар.

Бауыржан Момышұлы – шешен	
Б.Момышұлының шешендігіне 3 дәлел	3 дәлелге 3 дерек

Бауыржан Момышұлының нақыл сөздері

- Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет ет!
- Отан үшін отқа тұс – күймейсің.
- Опасызда Отан жоқ.
- Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі.
- Намысты нанға сатпа!
- Қарабет болып қашқанша, қайрат көрсетіп өлген артық.
- Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.
- Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.
- Тәртіпсіз ел болмайды,
Тәртіпке бас иген ел құл болмайды.
- Қайрат етер кезінде жүк көтерер нардай бол,
Ақыл айтар кезінде жүз жасаған шалдай бол!

§5.

ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра нысандары



1. Ойтүрткі сұрақтарына өз болжамдарың бойынша жауап беріңдер.

1. ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандары тізіміне дүниегінде көрсетілген нысандардың ішінде кандай нысандар кіреді?
2. Осы тізімде Қазақстанның нысандары бар ма?



2. Топтарға бөлініп, мәтіндердегі ақпаратпен танысындар. Аталған нысандардың Қазақстан туризмінде алдын орнын көрсетіңдер.

Туристік нысан	Қазақстан туризмінде алдын орны

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Қазақстанның оңтүстігіндегі Түркістан қаласында орналасқан. Ол XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында Әмір Темірдің тұсында салынған. Гимараттың құрылышына сөүлетшілер Самарқандты тұрғызғанда қолданған жаңашыл сөүлет-құрылымы әдістерін пайдаланады. Бұғінде кесене сол дәуірдің ең маңызды және жақсы сақталған гимараттарының бірі болып саналады.

Бұл орасан зор ғимарат XII ғасырда өмір сүрген көне түркі ақыны және сопылық ілімді уағыздаушы Қожа Ахмет Ясаудың құрметіне тұрғызылған. Қала кең-байтақ Дешті Қыпшақ өніріндегі түркі тілдес халықтардың рухани-саяси орталығы болды, екі ғасыр бойы қазақ хандығының астанасы болып келді. Қесененің төңірегінде ортағасырлық монша, жерасты мешіт, Әмір Темірдің немересі Рабия Сұлтан Бегімнің кесенесі және т.б. ескерткіштер орналасқан.

Қазақстанның солтүстігіндегі көлдер мен жазықтар

«Қорғалжын» және «Наурызым» мемлекеттік табиғи қорықтары 450,344 гектар аумақты алғып жатыр. Қорықтар жоғалып кету қаупі бар жүзуші құстардың тіршілік өрекеті үшін өте маңызды рөл атқарады. Мысалы, бұйра бірқазан және ұзын құйрықты субүркіт.

Қорықтар Орта Азиядағы дала флора аймағын мекендейтін жануарлардың: жойылу қаупі төнген құстардың және браконьерлік пен жаппай індептің кесірінен саны жойылып бара жатқан, бүгінде ерекше қоршауға алынған ақбөкендердің тұрақты мекені болып отыр. Сонымен қоса бұл тармақта тұщы және ащы судан тұратын 2 көл бар. Олар солтүстікте Артикаға ағатын, оңтүстікте Арал-Ертіс бассейніне ағатын өзенді бөлетін су айрығында орналасқан.

Үлкен Қорғалжын қорығы



Қорғалжын қорығы Нұр-Сұлтан қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 130 км қашықтықта орналасқан. Қезінде бүкіл ойпатты алып жатқан ежелгі мұхиттың қалдығы болып салалатын Теніз, Қорғалжын атты екі үлкен көлден, өзге де кішігірім су айдындарынан тұрады, балық пен құстарға бай батпақты кешенді құрайды.

Қорғалжын қорығында Қызыл Кітапқа енгізілген құстардың 32 түрі мекендейді. Солардың бірі – таңғажайып өдемі құс – қызғылт қоқиқаз.

(«Қазақ энциклопедиясы», 5-том)



3. Аудиожазбадан (10. mp3) «Алтынемел тау жоталары» мәтінін тыңдап, мәтіннің қандай аудиторияға арналғандығын анықтаңдар. Мәтін үзінділерін талдау арқылы туризмге байланысты терминдерді теріп жазыңдар.

Мәтін бөлігі	Терминдер



4. ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне Қазақстанның 3 нысанынан (Ясауи кесенесі, Тамғалы петроглифтері, Солтүстік Қазақстан көлдері мен жазықтары) басқа тағы қандай нысандарды қосар едіңдер? Осы тақырыпта ойларынды ортаға салып, дөңгелек үстел өткізіңдер.



5. Дөңгелек үстелдегі сыныптастарыңың пікірлеріне келісу/келіспеу себептерінді көрсетіп, әссе жазыңдар.



6. Өздерің жазған әсseedегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі



Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендейтілген сөздер

Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендейтілген сөздерге көрнекті қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, өнер адамдарының, ғалымдардың, басқа да айтулы тұлғалардың мерейтойларында, салтанатты жиындарда, қаралы жиындар мен астарда, елшіліктер қабылдауда айтылатын сөздер жатады. Бұл сөздер тыңдаушыларға әсер ететін түрде: не көтерінкі көңіл күймен, не мұнды өкінішпен ұсынылады. Кейінгі кезде әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды сөздер жиі қолданылып жүр.



7. Мәтінді оқындар. Өмірмен байланыстырып, мерейтойлар мен салтанатты жиындарда айтылатын әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендейтілген сөздің үлгісін жазындар.

Батырлық – басқа қонатын бақ емес, жүректен ерлік боп шығатын сындарлы шақ. Бұл – қазақтың ұлдарына ғана емес, қыздарына да дарыған қасиет. Сондықтан да тарихымыздың әр беті ел басына күн туғанда ерлермен иық теңестіріп, жауға шапқан батыр рухты апаларымыздың есімімен хатталып, ел есінде сақталып келеді. Бүгін, міне, сол даңқты дәстүрді жалғастыруши қазақтың қайсар қызы Әлия Молдағұловаға Петербургтің төрінен ескерткіш ашылып отыр...

Біз ержүрек жерлестерімізді еске алып қана қоймай, Ұлы Отан соғысының барлық батырларына, соның ішінде Ленинградты қорғаушыларға құрмет көрсетеміз!

Сөз жоқ, бұл шара – Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында қаһарман апамыздың рухына көрсетіліп отырған ұлы тағым ғана емес, екі елдің бірлігі мен ерлігін, айбыны мен даңқын паш ететін дара дүние.

(Имангали Тасмагамбетов)




8. «Қазақстандағы туризм бәсекеге қабілетті ме?» тақырыбында директор жинақтап, презентация немесе ойтұжырым дайындаңдар.

§6.

Қазақстанның інжү-маржаны – Бурабай



1. Сурет бойынша ой бөлісіп, сұрақтарға жауап беріңдер.
 1. Қазақстанның қандай көрікті жерлерін білесіңдер?
 2. Суреттегі табиғаты көркем өлке қалай аталады? Осы сұлулықты кімдер өз шығармасына арқау етті?



2. Ақпаратпен танысып, мәтіннің жанрын анықтаңдар.

«Бурабай» ұлттық саябағының жалпы аумағы 83510 гектарды құрайды. Оның 47400 гектары – орманды алқап. Ұлттық саябақ – республикалық деңгейде ерекше қорғалатын табиғи орындардың қатарына жататын мемлекеттік мекеме. Бұл жерде өсімдіктің 757 түрі бар, оның 12-сі Қызыл кітапқа енгізілген.

Бурабай – қазақ даласының ортасында орналасқан тамаша жер, сиқырлы оазис. Өзінің мінсіз табиғатымен, таза ауасы, мөлдір көлдерімен, жұмбак тау шыңдары және мәңгі жасыл қылқанжапырақты ормандарымен кез келген адамды баурап алатын бұл жерді «Қазақстанның інжү-маржаны» деп атайды.

Бурабай туралы аңыздардың көбі жер-су атауларының шығу тарихына байланысты. Сұлұлығы көз тартарлық көлдер, әдемі таулар, ерекше пішінді тау жыныстары мен қарғай ормандары туралы аңыз-әңгімелер – үрпақтан үрпаққа беріліп келе жатқан әдеби мұра.

Ақмола облысының солтүстігіндегі Қекшетаудың жоғары жағында орналасқан «Бурабай» ұлттық саябағында 14 көл бар, олар: Бурабай, Үлкен Шабақты, Шортанды, Майбалық, Аққулы, Қотыркөл және тағы басқа да ірі көлдер. Олардың ішінде тереңдігі 35 метрге жететін ең терең және таза көл – Шортанды, ал жылы және таязы – Бурабай.

Мұндағы ең көрікті және ең биік шоқы – Қекшетаудың шоқысы. Таудың биіктігі – 947 метр.

(«Өскен өңір» газетінен)



3. Егер турфирма қызметкері болсаңдар, «Бурабай» ұлттық саябағына экскурсияны қалай үйымдастырыар едіңдер? Берілген ұлғіні негізге алып, экскурсияның нұсқаулығын жасаңдар.

1. Транспорт (көлік түрі, маркасы).
2. Турдың маршруты, аялдамалар.
3. Саяхатта көрсетілетін қызметтер: атпен серуен, қайықта жүзу т.б.
4. Гидтің қызметі: жер атауының тарихы, аңыздар т.б.
5. Асхана қызметі: ыстық тамақ, сусын т.б.
6. Бағасы (кіци басына, топтық).



4. Графиктік мәтіндегі деректерді пайдаланып, өздерің тұратын аймақты да сипаттап, «Қазақстанның көрікті жерлері» тақырыбында эссе жазыңдар.





Діни мазмұнды шешендік сөздер

Діни мазмұнды шешендікке діни уағыздар, діни мейрамдарда халықта айтылатын сөздер жатады.

Діни шешендіктің моральмен, жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысты болуы оның тағылымдық, ізгілік сипаттарын танытады. Басты мақсаты – тыңдаушыларды иландыру, олардың ішкі сезімдеріне қозғау салып, өз пікіріне сендеру. Қазіргі діни шешендікте жалаң уағыздан гөрі саламатты танымдық көзқарас басым. Діни мазмұнды шешендікте діни сауаттылықтың маңызы зор. Діни шешендік халықты иландыру, үтіттеу сипатында айтылатындықтан, оған ауызекі сөйлеу стилінің белгілері тән. Онда дінге қатысты терминдер, имандылықта шақыратын, ізгілікке үндейтін сөздер мол кездеседі.



- 5.** Үлкен кіслердің көмегімен «Қадыр тұні» туралы мәлімет жинақтап, онда орындалатын шарттарды «Төрт сөйлем» әдісімен түйіндеңдер.



Пікірталас мәдениетіндегі сөз қолданыстар

Пікірталас сәтті етуі үшін тақырып жәніндегі біліммен қоса, пікірталас өткізудің негізгі қағидаларын, пікірталас мәдениетін жетік менгеру қажет.

Жалпы қағидалар

Пікірталасқа дайындық қажет. Тақырыпты зерттеп, іздену керек.
Пікірталаста қарсыластың жеке басының мінін қазбалau өбестік болып саналады.
Қарсыласты құрметтеп, оны сабырлылықпен тыңдай білген жөн.
Қарсыласқа дөрекі жауап беруге, күлкі етуге, ұрыс-керіске баруға болмайды.

Сөз қолданысына байланысты қағидалар

Пікірталаста қолданылған сөз бәріне түсінікті болғаны дұрыс.
Сөзді мағынасына сай орынды жұмсай білу, грамматикалық тұлғаларды мақсатқа сай қолдану, ойды жеткізу тәсілдерін білу қажет.
Мақұлдау мәніндегі сөздер (иә, дұрыс айтасыз, сізben келісуге болады) мен теріске шығару немесе мақұлдату мәніндегі сөздерді (бірақ, дегенмен, мына мәселеге назар аударайық) үйлестіре білген жөн.
Пікірталаста сөздің күші қарсыласқа әсер ететіндей болу керек.



6. Италияда – Колизей, Францияда – Эйфель мұнарасы. Ал Қазақстан-ның визит карточкасы қай ғимарат? Пікірталас мәдениетін сақтап, осы тақырыпта дөңгелек үстел өткізіңдер.



7. Өлең мәтінінің тыныс белгілерін қойып жазып, қойылу себептерін түсіндіріңдер.

Тілдік бағдар	Мысалдар	Сұрақтар	Жауаптар
Төл сөздің тыныс белгісі. Қаратпа, одағай сөздердің тыныс белгісі.	Бұлт құшқан мәңгі мең-зен Көкшетауға Бөлектау: «Ой, бауырым!» – дер анадайда.	Кос нүкте, сызықша, тырнақша, үтір мен леп белгісі не себепті қойылған?	

Батыр Баян (поэмадан үзінди)

Арқада жер жетпейді Бурабайға
Бөлөнген бүйра сыпсың қарағайға
Бұлт құшқан мәңгі мең-зен Көкшетауға
Бөлектау Ой бауырым дер анадайда
Оқжетпес найза қия қыранға ұя
Қарасаң жанның шері тарамай ма
Солардың ортасында Бурабай көл
Мәп-мөлдір дөп-дөңгелек ұқсайды Айға
Бурабай Арқа аралы жер еркесі
Ертеде қоныс болған Абылайға
Бауырында Бурабайдың қалың ағаш
Көкшенің жалыменен біткен жалғас
Қыын күн туған алаш баласына
Шұбырып жапанның сар даласында
Кез болған жаудан үркіп Ақтабанға
Дүшпанның қалғандай боп табасына

(Магжан Жұмабаев)



8. «Бурабай туралы аңыздар» тақырыбында ізденіп, фотослайдтардан презентация дайындаңдар. Шешендей сөзге қойылатын талаптарды сақтап, көпшілік алдында қорғаңдар. Тақырыбы мен мазмұнына қарай шешендік сөздің қай түрі екенін анықтаңдар.



- Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңды ортаға салындар.
 - «Жер жаннаты – Жетісу» деп неліктен айтады?
 - Жетісу өлкесінің туристік бағыттарын білесіндер ме?
- Мәтіндегі ақпаратпен танысып, берілген мәліметтерді салыстырындар.




Көне тарих ізімен

Алматы облысында мәдени және тарихи ескерткіштердің көп болуына байланысты облыс туризмнің дамуына қолайлы өнірдің бірі болып саналады. Жетісу жерінен небір тарихи ескерткіштерді көруге болады. Ертеден қалған ескерткіштер: Іле қорғандары және сақтардың алтын бүйымдары, Ұлы Жібек жолындағы ортағасырлық қалалар және қола дәуірінен жеткен тауға салынған суреттер (петроглифтер).

Жетісуда қола дәуірінің бірнеше тарихи қоныстары қалған. Бұлар – балшық қоспасы мен тастан жасалған жердегі қабырғалар, терендігі 1–2 метр шым үйлер және жер кепелер. Осындағы қазбаларды Тұрген шатқалындағы Асы жерінде (XII–X ғғ.) және Көксу өзенінің бойындағы Құйған және Талапты қоныстарынан (X–IX ғғ.) көре аламыз. Жетісудағы ерте темір дәуіріндегі ең ірі қоныстар Шарын өзенінің бойында, Сарытоғай алқабында жатыр. Бұл аймақта шойын қазаның, түрлі ыдыстар, құмыраның, сонымен қатар тастан жасалған еңбек құралдарының түр-түрі табылған.


Алматы облысында аттары ұқсас екі мәдени-тарихи ескерткіш бар: Тамғалы (Таңбалы) – алғашқы петроглифтермен жазылған жартастар және Тамғалытас – Будданың тасқа қашалған суреттері.

Ең бағалы көне ескерткіштердің бірі – Тамғалы шатқалы. Тамғалы Алматы қаласына 180 шақырым жерде, Жамбыл ауданы Қарабастау ауылына жақын орналасқан. Онда түрлі жаңуарлар мен Құдайларды суреттейтін 4500 петроглиф бейнеленген. Тамғалы аса құнды адамзат мұрасы ретінде мемлекет қорғауына алынып, ЮНЕСКО тізіміне енгізілді.



Шатқал шындары – б.з.б. XIV–XIII ғасырлардағы ежелгі түрік және Сақ дәуірінің петроглифтерін біздің заманға жеткізген өте сирек кездесетін мұра. Суреттер шындардың бетінде орналасқандықтан, оларды бірден көруге болады. Ежелгі суретшілер түрлі жануарлардың бейнесін, адамдардың аң аулау сәттерінің көрінісін, мифологиялық сюжеттерді тасқа қашап қалдырған. Петроглифтерден көне тарих туралы маңызды ақпараттар аламыз. Бұл тарихи ескерткіш ашық аспан астында орналасқан.

Алматы – Талдықорған тасжолының 110 шақырымында Іле өзенінің жағасында Тамғалытас (Жазылған тастар) шатқалы жатыр. Шатқалдың шынында қызыл тас кесегі бар, оның биіктігі екі қабатты үймен тең.



Жалпы, мұнда сурет қашалған 18 тас бар. Суреттердің ішіндегі ең үлкені – Будданың бейнесі. Бұл мекенге буддизмді миссионерлер әкелгенге үқсайды. Будданың айналасында тағы екі Құдайдың бейнесі берілген. Ушбасты Құдайдың шығыс жағындағы тік жартаста айдахарлар ханы бейнеленген.

Ойжайлау таңбалы тастары – қола дәүірі петроглифтері. Жамбыл облысы Қордай ауданы Отар стансысынан батысқа қарай 40 шақырым жердегі Кіндіктас тауының Ойжайлау шатқалында, теңіз деңгейінен 1200 биіктікте орналасқан. Жартасқа тұсірілген петроглифтердің саны 100-ге жуық. Петроглифтердің ішінде қолдарына найза, ту ұстаған салт атты адамдардың, бұғының, түйенің, өгіздің бейнелері кездеседі.

Ешкіөлмес петроглифтері – Алматы облысындағы Ешкіөлмес жотасы бойында орналасқан қола дәүірінен сақталған құнды ескерткіштер, жартасқа таңбаланған суреттер. Ешкіөлмес петроглифтері Қазақстан аумағында орналасқан өйгілі ескерткіштер ретінде «ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандары» тізіміне ұсынылған. Ешкіөлмес жотасы Жетісу Алатауының батыс бөлігінде Талдықорған қаласынан 30 шақырым қашықтықта орналасқан.

(«Қазақ үні» газетінен)



3. Тыныс белгілерін дұрыс қойып, өлең мәтінін көшіріп жазындар.

Жер таппан жерге жетер Жетісүым
Күркілдек Құксу Лепсі Іле Шұым
Асқардың аспан сүйген сілекейін
Жан бар ма татпайтұғын айтпайтұғын
Бөленген бұлтқа мәңгі меніреу құз
Ну тоғай қоғалы көл қоңыр құмым
Асқардан ақтарыла арқыраған
Жөкенеңің кім аңсамас балдай суын
Жетісу кеуден асқар аяғың қол
Қоңың құм мықынында бар сексеул
Тау жайлап қоңыр күзеп құмды қысталап
Ол бір маң мал өсірген өлкедегі ел
Көктемде құмнан өсем жер болсын ба
Жайқалып жауқазыны раң гүлдер
Бойдағы бозбаладай асыр салса
Қозысы құйрықтанып дөңгеленер

(Илияс Жансүгіров)



Сотта қолданылатын шешендік сөздер

Сотта қолданылатын шешендік сөздерді екіге бөліп қарастыру керек: қазақтың ескі әдет-ғұрып заңы бойынша жүргізілген дауларда орын алған шешендік сөздер және біздің дәуіріміздегі сот жұмысында айтылатын айыптаушылар мен қорғаушылардың сөздері.

Бұрынғы биліктеге айыптаушының да, қорғаушының да сөздерінде дәстүрлі модельдер: мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, салыстырулар т.б. басты рөл атқаратын болса, қазіргі сотта айтылмақ ойдың дәлдігі, пікірдің айқындылығы басты орынға шықты.

Соттағы шешендік қарсыластармен бетпе-бет өтетіндіктен, ерекше жинақылықты, кез келген сұраққа тез жауап беру үшін қарсы жақтың осал жағын да, мықты жағын да нақты тани білуді, байқағыштықты қажет етеді. Соттағы шешендікте тек барды баяндау емес, даулы, кереғар сауалдар туыннатуға қарсыласының пікірін жоққа шығаруға мән беріледі. Соттағы шешендікке қойылатын талаптар:

- сөздің айқындылығы;
- ойдың жинақылығы;
- логикалық қисынның күштілігі.



- 4.** «Абай институты» хабаршысында жарияланған заңгер-ғалым Салық Зимановтың «Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-біліктері туралы» мақаласын оқып, «Практикалық талқылау» әдісімен талдандар.

Талқылаушы	Мәтіннің тақырыбы мен идеясын анықтайды.
Белгілеуші	Мәтін мазмұнын ашатын мақал-мәтелдер айтады.
Байланыстырушы	Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстырады.
Топ шешені	Абайдың шешендігіне мәтіннен мысалдар келтіреді.
Корытындылаушы	Мәтіннің құндылығын айтып, баға береді.



- 5.** Қазақстанда туризмді дамыту мәселесі бойынша өз ойларынды дәлелдей, келісу/келіспеу эссеін жазыңдар.
- 6.** Баспасөз бен қосымша әдебиеттерден қазіргі шешендік сөздердің барлық түріне мысалдар келтіріндер.

V бөлімді қорытындылауға арналған тест тапсырмалары

1. Стиль түрін көрсетіндер. Дүниежүзінде туризм экономикалық маңызы зор сала болып есептеледі.
 - A. Фылыми стиль
 - B. Ауызекі сөйлеу стилі
 - C. Публицистикалық стиль
 - D. Көркем әдебиет стилі
 - E. Ресми ісқағаздар стилі
2. Орфографиялық нормага сай жазылған сөзді анықтандар.
 - A. Рафтинк
 - B. Мульти спорт
 - C. Альпенизм
 - D. Шыңға-шығу
 - E. Спорттық-бағдарлау
3. Қорғаушының сөзі шешендіктің қай түріне жататынын анықтаңдар.
 - A. Өлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздер
 - B. Өлеуметтік-сағаси шешендік сөздер
 - C. Академиялық шешендік сөздер
 - D. Діни шешендік сөздер
 - E. Соттағы шешендік сөздер
4. Өлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер:
 - A. Мерейтойларда, салтанатты жиындарда, қаралы жиындар мен астарда, елшіліктер қабылдаудың айтылатын сөздер
 - B. Фылыми хабарлама
 - C. Қорғаушының сөзі
 - D. Шешендік арнау
 - E. Ұағыз
5. Білім-ғылымдық мазмұндағы шешендіктің түрін көрсетіндер.
 - A. Қорғаушының сөзі
 - B. Патриоттық тақырыптағы сөз
 - C. Шешендік толғау
 - D. Ұағыз
 - E. Баяндама

- 6. Дәріс шешендіктің қай түріне жататынын табындар.**
- A. Соттағы шешендік сөздер
 - B. Діни шешендік сөздер
 - C. Әлеуметтік-саяси шешендік сөздер
 - D. Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздер
 - E. Білім-ғылымдық мазмұндағы шешендік сөздер
- 7. Мәдени-танымдық туризмнің белгісін ажыратындар.**
- A. Байдаркамен жүзу
 - B. Рухани құндылықтармен таныстыру
 - C. Шаңғы спорты
 - D. Альпинизм
 - E. Джип-тур
- 8. Туризмге қатысты терминдер қатарын ажыратындар.**
- A. Симпозиум, мәжіліс
 - B. Фылыми кеңес, сурет көрмесі
 - C. Тренинг, шолу
 - D. Маунтинбайк, рафтинг
 - E. Бұғымен серуендеу, сот процесі
- 9. Қазақстандағы ең танымал туристік нысанды белгілендер.**
- A. Бурабай
 - B. Қаратай
 - C. Сарысу
 - D. Марқакөл
 - E. Балқаш
- 10. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді ажыратындар.**
- A. Туризм өз ішінен бірнеше түрге белінеді: әлеуметтік, спорттық, емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық және т.б.
 - B. Туризм өз ішінен бірнеше түрге белінеді, әлеуметтік, спорттық, емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық және т.б.
 - C. Туризм өз ішінен: бірнеше түрге белінеді – әлеуметтік, спорттық, емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық және т.б.
 - D. Туризм – өз ішінен бірнеше түрге белінеді: әлеуметтік, спорттық, емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық және т.б.
 - E. Туризм өз ішінен бірнеше түрге белінеді – әлеуметтік, спорттық, емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық және т.б.

Тыңдалым материалдары

(01. mp3)

Тәуелсіз Қазақстан

Еділ мен Ертістің арасындағы далалық алқапта көшпелі империялардың үрпақтары уақыт өте келе қазақ деген біртұтас халыққа біркіті. Қазақ хандығы құрылып, Керей мен Жөнібек, Қасым мен Хақназар, Есім мен Тәуке т.б. хандар Дешті Қыпшақтың қуатты әміршілері болды. Алайда тағдырдың талабымен қазақ елі дербестігінен айырылып, қазақ жері Ресей империясының құрамына енді.

Тәуелсіздікті қайтадан қалпына келтіремін деген «Алаш» зиялышаралының демократиялық идеялары сәтсіздікке ұшырады.

1930 жылдан бастап тоталитарлық жүйе халықтың тілі мен өмір салтына, тарихы мен мәдениетіне орасан зор зиянын тигізді. Бірақ 16 миллион халқы бар көпұлтты Қазақстан мемлекеті 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін қайта жариялады. Осыдан кейін Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде дами бастады. Еліміздің жаңа Конституциясының жобасы дайындалды. Облыстардың, қалалардың және аудандардың басқару органдарына реформалар жүргізілді.

Озінің тәуелсіздігін алған Қазақстан Республикасын дүниежүзінің ондаған елі таныды. Біздің елді алғашқылардың бірі болып Түркия, сол сияқты АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания және т.б. ірі-ірі мемлекеттер мойындағы.

(02. mp3)

Адам әрекеті нәтижесінде табиғи кешендердің өзгеруі

Адамның шаруашылық әрекеті – табигаттың өзгеруіне әсер ететін ерекше фактор. Адам еңбек пен ақыл-ойдың арқасында қоршаған ортаға бейімделуімен қатар, оны өзгертуеді. Сондықтан табигатты өзгерту барысында адамзат оның кейінгі зардалтарын да ескеруі қажет. Мысалы, жауын-шашын мөлшерін, топырақ ылғалдығын ескермesten, топырақ-қа минералды тыңайтқыштар енгізу ол заттардың шайылып, өзендер мен бөгендердің ластануын туғызады. Ал ірі бөгендер салуда аумақтың табигат ерекшеліктерін ескермеу мезгілсіз

батпақтануға, топырақ, өсімдік жамылғысы мен сол жердің микроклиматының өзгеруіне әкеп соғады. Мұның бәрі қаншама енбек пен шикізатты зия кетірумен бірге, қоршаған ортаның жағдайын нашарлатады. Сол сияқты адам әрекетінен болған, тез шешуді қажет ететін мәселелер күннен күнге көбеюде...

(03. mp3)

Ғаламдық шикізат дағдарысы

Адам баласында кездесетін маңызды да күрделі мәселелердің бірі – табиғат ресурстарының шектеулілігі. Адам баласы шаруашылық қызметтерін жүзеге асыру үшін табиғи ресурстарды жиі пайдаланады, нәтижесінде мекен ету ортасының сапасы төмендейді. Барлық ресурстың жалпыға ортақ қасиеті бар: олар сирек кездеседі немесе саны шектеулі. Ал қоғамның қажеттілігі шексіз, толық қанағаттандырылмайды.

Шаруашылық жүйелердің қалыптасуының маңызды көрсеткіші – табиғат сыйымдылығы. Табиғат сыйымдылығы шикізат материалы мен дайын өнімді біріктіріп барлық тізбектегі табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігіне тәуелді. Егер XIX ғасырда шаруашылықты өңірдегі табиғи-ресурстың негізде өндөлген жер, орман, басқа да көндер құраса, XX ғасырдың басында көмір мен темір көндерін өндіру алдыңғы орынға көтерілді.

XX ғасырда минералдық-шикізат базасы маңызды өзгеріске ұшырады. Ол табиғи ресурстар түрлерін пайдалану көлемімен және түрлерінің артуымен, пайдалы қазбалардың жаңа руда кен орындарын игеруімен сипатталады.

(04. mp3)

Миграция мәселелері бойынша халықаралық үйим

Еуропадағы босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек көрсету мақсатында 1951 жылы Женева қаласында көші-қон мәселесі бойынша Үкіметаралық комитет құрылды. 1980 жылы оның қызметі Еуропа аумағынан көнешіп, миграция мәселелері бойынша Халықаралық үйим (МХҰ) деп аталды. Қазіргі кезде МХҰ-ына 101 мемлекет

мүше, 30 мемлекет бақылаушы дәрежесінде. МХҰ-ның бюджеті мүше мемлекеттердің жыл сайынғы жарналарынан және қоғамдық үйымдардың ерікті және аймақтық жарналардан құралады. МХҰ қызметінің негізгі бағыттары: елдердің ерекше мұқтаждықтарын ескере отырып, халықтың реттелген көші-қонын қамтамасыз ету; заңсыз көші-қонды болдырмау; мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуы мақсатында білікті адамдар ресурсын қайта бөлу; мәжбүрлі қоныс аударушыларды үйымдастыран түрде көшіру; үкіметтерді және үкіметтік емес үйымдарды тәжірибе және ақпарат алмасу мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету. МХҰ Тағы Шығыстағы мигранттардың өз еліне қайтарылуына, көшіп кеткен ирактық күрдтердің қайтып оралуына, бұрынғы Югославиядан көшіп кеткен отбасылардың қайта табысуы мен қоныс аударуына, көрші елдерден 1,2 млн халықтың Руандаға қайтып оралуына, 190 мың босниялық босқындардың және 150 мың Косово тұрғындарының еліне қайта оралуына өз септігін тигізді. Жалпы, МХҰ өз қызметі аясында шамамен 11 млн мигрантқа көмек көрсеткен.

(05. mp3)

Қазақстан Республикасындағы миграциялық саясаттың кейбір мәселелері

Демографиялық процестердің ішінде халықтың миграциясы маңызды орын алады. Қазақстан Республикасы Үкіметтінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі 1346-қаулысымен мақұлданған миграциялық саясатының тұжырымдамасында: «Миграция процестері мемлекеттік қауіпсіздікке, қоғамдық келісімге, елдегі экономикалық және демографиялық ахуалға әсер етеді; миграциялық саясат Қазақстанның мемлекеттік сыртқы және ішкі саясатының құрамдас белгі болып табылады; миграция саясатының субъектілері орталық және жергілікті атқарушы органдар болып табылады», – делінген.

Қазақстан Республикасының миграциялық саясатының тұжырымдамасы бір мезгілде сыртқы және ішкі миграцияны реттеуге арналған. Мұндай саясат мемлекеттің белгілі бір аймақтағы мигранттар қозғалысының ағымы мен құрамына ықпал ете отырып, халықтың саны мен құрамын сақтап

қалуга немесе өзгертуге бағытталады. Оның басты мақсаты – экономиканың және халықтың тиімді дамуын қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындарды дұрыс орналастыру, оның сапалық құрамын жақсарту, аймақтардың бірдей дамуын қамту, өмір жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық алшақтықты теңестіру.

(Ә.Нұрымов)

(06. mp3)

Әлемді өзгерткен адамдар

Дүниені өзгертіп жатқандар – ақылды адамдар. Соңғы уақытта данышпандарды интеллектілік коэффициенттерге байланысты анықтайтын амалдар пайда болды. Мұның қашалықты дұрыстығын немесе бұрыстығын ешкім дөп басып айта алmas.

Соңғы деректерге назар аударсақ, адамдардың 50%-іне жуығының IQ деңгейі төмен. Демек, жер шары тұрғындары ақыл-ой деңгейі жағынан іріктелген. Жаңалық ашып, адамзаттың дамуы жолында тер төгіп жүргендег аз ғана белікті құрайды.

Ең танымал ақылды адамдар:

Стивен Хокинг. Ол физика теориясын зерттеп, тіпті ғаламшар заңдылықтарын ашуға да септігін тигізген. Сонымен қатар ол – 7 бестселлер мен 14 марапаттың иесі.

Ким Унг-Йонг – Кореядан шыққан вундеркинд. «Гиннестің рекордтар кітабына» енген. Екі жасында екі тілді еркін мендеріп, төрт жасында математикадан қызын есептерді шешкен. Сегіз жасында АҚШ-қа НАСА-да жұмыс істеуге шақырылған.

Пол Аллен – Майкрософт компаниясының қосалқы құрылтайшысы. Ақылын ақшаға айналдырып, 14,2 миллиард доллар байлыққа ие болған.

Сэр Эндрю Уайлс – британдық математик. 1995 жылы Ферманың ұлы теориясын ашып, әлемдегі ең қызын есепті шешті. Математика мен ғылымда әлемдік маңызға ие 15 марапаттың иесі атанған.

Америкалық Кристофер Хирата 14 жасында Калифорнияның технология университетіне түсіп, 16 жасында

НАСА-да Марсты игеру жұмыстарына атсалысқан. 22 жасында астрофизика саласы бойынша ғылым докторы атанған.

Теренс Тао екі жасында математика негіздерін игере бастаған. Тоғыз жасында университет деңгейінде математика курсына барған. 20 жасында Принстон университетінде доктор дәрежесін алған. 24 жасында профессор деңгейінде Лос-Анджелестегі Калифорния университетінде дәріс беріп, 250 ғылыми жұмысын жария еткен.

(07. mp3)

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ

Ғылыми-техникалық революциялардың тарихы қызық-ақ. Бірінші ғылыми-техникалық революцияға Англияда ашылған екі техникалық жаңалық негіз болса, екінші ғылыми-техникалық революцияға негіз болған ғылыми жаңалықтар мол еді және тек Англияда ғана емес, көптеген елде орын алып, талай елдің арасында бөсекелестік туындағы. Дамыған елдердің әскери құштері өзге елдерге өктемдік жүргізіп, олардың табиғи байлықтарын өз пайдасына жаратады. Адамзат қол жеткізген ұлы ғылыми жаңалықтар тек ізгі ниет жолында ғана емес, зұлымдық мақсаттарда да қолданыс табуды орын алды.

1895 жылы Германиядағы Вюрцбург университетінде көрнекті физик неміс Вильгельм Конрад Рентген табиғаты беймөлім сөүле ашты, оны X-сөүле деп атады. Бұл сөүле Ресейде, Қазақстанда т.б. елдерде рентген сөүлесі, ал Еуропа елдерінде X-сөүле болып аталады. Осы жаңалығы үшін 1901 жылы Рентген бірінші болып Нобель сыйлығын алды. Рентген сөүлесі арқылы бүйімды қаз-қалпында сақтап, оның ішкі кристалдық құрылымын зерттеу металтану және қатты денелер физикасы ғылымдарында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Арнайы рентген аппараттары жасалды, оларды өндіретін кәсіпорындар құрылды.

Қазақстан да осы заманауи жаңалықтан шет қалған жоқ. Бүгінгі күнде Ақтөбе қаласында рентген аппараттарын өндіретін зауыт жұмыс істеуде, оның өнімдеріне шетелдерден сұраныс жоғары.

(08. mp3)

Қазақстандағы туризм түрлері

1993 жылы Қазақстан Дүниежүзі туристік үйымының мүшелігіне енді. Елімізде туризмнің дамуы үшін барлық қажетті, мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар бар. Қазақстанда қандай туризм түрлері бар екенин білесіз бе? Бізде туризмнің бірнеше түрі қарқынды дамып келеді. Соларға тоқталып көрейік.

Этнотуризм – Қазақстандағы елдің бай тарихы мен қазақ халқының мәдени ерекшелігіне қызығатын адамдарды тардатын туризмнің бір түрі. Қазақстанның қай аймағында болсын, жолаушылар қазақ этносына тән салт-дәстүрмен, шығармашылық ерекшеліктерімен танысып, елдің мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін зерттей алады.

Қазақстанда тау туризмі үшін барлық жағдай жасалған деуге болады. Қазақстан бойынша турлар белсенді демалысты, жабайы табиғатпен кездесулерді, қарлы тау шындарына шығуды, сондай-ақ жол-жөнекей жұмбаққа толы үңгірлер мен көгілдір терең сулы көлдердің жағаларын зерттеулерді қосады.

Емдік-сауықтыру туризмі Қазақстанның барлық аумағына таралған, сондықтан сіз елдің қай жерінде болсаңыз да, емделу мен демалысты қатар қолдана аласыз. Еліміз заманауи шипажайларымен танымал. Емдік курорттар түрлі ауруларға ем болатын минералды су, бұғы мүйізімен емдеу, емдік климат және т.б. түрлі емдеу қызметтерін ұсынады.

(09. mp3)

Қарқаралы үлттық саябағы

Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Сақ қорғандары, Талхиз қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отыrap, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық т.б. көне қалалардың орнына туристердің қызығушылығы мол. Археологиялық-тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың

маңызы зор. Қола дәуір ескерткіштеріне жартастағы петро-глифтерді атауға болады. Оларға әйгілі бірегей ғибадатханалар: Аңырақай тауының Таңбалы сайындағы, Қөксу өзеніндегі Ешкіөлмес ғибадатханасы, сондай-ақ Шолақ, Кіндіктас, Баянжүрек тауларындағы тастағы суреттер жатады. Б.з.б. VI–III ғасырлардан қалған сақ қорғандары, Бесшатыр қорымындағы жерлеу камерасы және сақ әскері киімін киген «Алтын адам», 2001–2002 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Бергі ел (Берел) қорғанында табылған «Сақ патшайымы» археологиялық туристік нысандарға жатады. Ортағасырлық Түркістан, Отырад, Тұrbай, Құлан, Мерке, Талхиз, Жаркент т.б. елді мекендер қазіргі туристік нысандар болып табылады.

(10. mp3)

Алтынемел тау жоталары

Табиғи-рекреациялық нысандарға Солтүстік Қазақстан аймағындағы Қекшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау, Шығыс Қазақстан аумағындағы Зайсан, Марқақөл, қазақстандық Алтай, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Батыс, Солтүстік Тянь-Шань, Алтынемел таулары, Жетісу алабы, Батыс Қазақстандағы Устірт, Мұғалжар, Қаспий ойысы, Жайық өңірі, Орталық Қазақстандағы Қарқаралы, Қызыларай, Бектауста, Ұлытау т.б. табиғи нысандар жатады. Сонымен бірге Алматы облысындағы ұлттық саябақтар мен қорықтардың туризмді дамытуда маңызы зор. Оларға Іле Алатауы ұлттық саябағы, Түрген-Шамалған өзендері аралығындағы шатқалдар, Түрген, Есік, Талғар, Алматы, Қаскелең, Шамалған елді мекендері жатады. Алтынемел, Қекшетау, Бурабай ұлттық саябақтарында туризмді дамыту мемлекет тарапынан қолдау тауып, дамып келеді. Қазақстан аумағындағы 9 мемлекеттік қорықта да ғылыми-экологиялық туризмді дамыту-дың алғы шарттары қалыптасқан.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 10–11-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2010.
5. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Алматы, 2001.
6. Исаев С. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2007.
7. Ерғалиев Қ. Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы. Оқу құралы. 2-басылым. – Павлодар: ПМПИ баспасы, 2014.
8. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984.
9. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.
10. Ермекова Т., Оданова С. Кестелі грамматика. – Алматы, 2015.
11. Отарбекова Ж., Нұржанова Б., Байтымбетова П. Нормативті қазақ тілі. – Алматы, 2015.
12. Тұрсынова Г., Шүлгенбаева Ү., Рыскелдиева Г., Итемирова А. Қазақ тілі. Оқулық. (Экология, су ресурсы, құрылым-сөзлелер салаларындағы мамандықтарға арналған). – Алматы: ҚазҰТУ, 2013.
13. Қазақтың би-шешендері. Жинақ. Құрастыргандар: Төреқұлов Н., Қазбеков М. – Алматы: Жалын, 1993.
14. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2011.
15. Шешендей шыырлары. Жинақ. – Алматы: Қайнар, 1993.
16. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989.
17. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965.
18. Адамбаев Б. Шешендей өнер. – Алматы: Ана тілі, 2014.
19. Негимов С. Қазақ шешендей өнерінің негіздері. – Алматы: Білім, 2003.
20. Қыдыршаев А. Шешендейктану: теориясы және практикасы. Орал, 2012.

Электронды қорлар

- | | |
|------------------|-------------------|
| 1. abai.kz | 7. infourok.ru |
| 2. massaget.kz | 8. wikipedia.org |
| 3. kitap.kz | 9. alashainasy.kz |
| 4. adilet.zan.kz | 10. 7kun.kz |
| 5. boz.kz | 11. egemen.kz |
| 6. today.kz | 12. ttnotes.com |

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
I БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН БҰГІНГІ ӘЛЕМДЕ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОТКЕҢІ МЕН КЕЛЕШЕГІ. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	5
§1. Қазақ хандығының негізін қалаушылар	6
§2. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»	10
§3. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс	14
§4. Ел іші – өнер кеніші	18
§5. Тәуелсіз Қазақстанның спорт тарландары	22
§6. «ЭКСПО-2017» көрмесі – ел тарихындағы ірі оқиға	26
§7. Фасырдың ұлы туындысы	30
I бөлімді қорытындылауға арналған тест тапсырмалары	33
II БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯ: ЯДРОЛЫҚ ЖӘНЕ МУНАЙ Өндірістері.	
ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	35
§1. Әлемдік экология мәселелері	36
§2. Арал теңізінің экологиясы	39
§3. Семей полигонының зардабы	43
§4. Таза болса табиғат, аман болар адамзат	47
§5. Атом өнеркәсібі	51
§6. Мунай өнеркәсібі және коршаган орта	55
§7. Өнеркәсіп қалдықтарының табиғат апатын тудыруы	58
II бөлімді қорытындылауға арналған тест тапсырмалары	61
III БӨЛІМ. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ: МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК МИГРАЦИЯ.	
ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	63
§1. Халықтың миграция мәселесі	64
§2. Әлем және Қазақстандағы миграция	68
§3. Зияткерлік миграция	71
§4. Ишкі миграция	75
III бөлімді қорытындылауға арналған тест тапсырмалары	79
IV БӨЛІМ. ӘЛЕМДІ ӘЗГЕРТКЕН ӨНЕРТАБЫСТАР. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	81
§1. Дүниежүзіне әйгілі өнертabyстар	82
§2. Қазақстанның өнертabyстар	86
§3. Әлемді әзгерткен өнертапқыш балалар	90
§4. Өнертabyстар тарихы	94
§5. ЭКСПО – өнертabyстар алаңы	98
IV бөлімді қорытындылауға арналған тест тапсырмалары	103
V БӨЛІМ. ТУРИЗМ: ЭКОТУРИЗМ. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР	105
§1. Туризм	106
§2. Туризмнің түрлері	110
§3. Қазақстандағы туризм	113
§4. Экологиялық туризм	117
§5. ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра нысандары	121
§6. Қазақстанның інжү-маржаны – Бурабай	125
§7. Жер жаңнатау – Жетісу	129
V бөлімді қорытындылауға арналған тест тапсырмалары	133
Тындалым материалдары	135
Пайдаланылған әдебиеттер	142



Электрондық нұсқа



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктең алудың болады

Оқулық басылым

Тыныштық Нұрдәuletқызы Ермекова

Клара Әлібекқызы Бертілеуова

Рая Нұрқызы Мұнасаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының
жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық

Бас редакторы К.Қараева / Редакторы Н.Абдижапарова

Техникалық редакторы В.Бондарев / Қаркемдеуші редакторы Е.Мельникова
Мұқабаның дизайны В.Бондарев / Беттегендер Т.Жумагулова, Т.Омарова, Н.Нержанова

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин қ/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 10.07.19 берілді. Басуға 10.06.20 қол қойылды. Пішімі 70x100^{1/16}.

Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «ММ Мектеptik». Офсеттік басылыш.

Шартты баспа табағы 11,61. Таралымы 41000 дана.

Артикул 811-001-002к-20